

Тексерді

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Первомай ауылының ЖОББМ » КММ

Мектепалды О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 02 -05 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбиесі «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы

Апта дәйексөздері- «Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09	Сейсенбі 02.09	Сәрсенбі 03.09	Бейсенбі 04.09	Жұма 05.09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
		<b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Достық көмек»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы	<b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Досынды тауып ал»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.	<b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Мақтау сөздер айту»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.	<b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.

		арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.			
<b>Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру</b>		Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелену іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>		<b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ</b> Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады	<b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Айдапсал.</b> Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып, ал екінші топ үйдің ішінде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша, сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иез есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек. Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады. Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, т.б. өнер көрсетеді	<b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек.</b> Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	<b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу соқ</b> Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады. Бір ойыншы белбеуді алып, екіншісін қууға тиіс. Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде, артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады. Егер қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе, оның орнын келесі ойыншы басады
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Таңғы жаттығу кешені № 1</b>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b></p>		<p>Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: Заттардың (шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.</p>	<p>Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.</p>	<p>Әңгімелесу :"Менің ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.</p>	<p>Дидактикалық ойын "Атын атап бер" Мақсаты:түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.</p>
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
		<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс <b>Міндеті:</b> Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дыбыстарды ажыратады. <b>Түсінеді:</b> дыбыстардың әртүрлі болатынын. <b>Қолданады:</b> тындайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тындауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қонырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шүу-шү-у» деп атты жүргізу үшін</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс пен сөз <b>Міндеті:</b> - Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады. <b>Түсінеді:</b> өлең мазмұнын, дыбыстарды айтатынымызды және еститінімізді. <b>Қолданады:</b> т абиғи және жасанды дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен) – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: ққол, өзззен, үүй, касссқыр, дооомбыра, құуұмыра, қаннит, батыбыр, арррба, баллға, баллла, шаррр, дөңгелллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөшшшке, шанышшшқы, түлллік, көззз, қоңңнырау, құлллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөз <b>Міндеті:</b> -Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> ыммен берілген тапсырманы орындайды, ұзын және қысқа сөздерді қолдарымен өлшейді, сөз айту арқылы стаканға қаламдар салуды, жаңа дыбысқа сөз ойлап айтады. <b>Түсінеді:</b> сөздің қаншалықты қажеттілігін. <b>Қолданады:</b> ұзақ және қысқа сөз ойлап айтады. – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тақтада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Бәрі де бар бақшада <b>Міндеті:</b> Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады; <b>Түсінеді:</b> "б" "п" дыбыстарының ұқсастығын; <b>Қолданады:</b> әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады. Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды. – Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау. Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер. – Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен танысамыз. Өлең ұнады ма?Авторы кім? – Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз? – Балабақшада сендерді кім қарсы алады? – Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды?</p>

		айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!»), «Шүү!»), «Іңгәә!»)	көррре, керррік, шыббын, аррра, баллла, жағға, тағға, құсс, тұззз, бііз, бәтеңңке, гүлл, баллл, сабббын, көззілдірік. (Ойынға барлық бала қатысады). Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (мәә) Сияр мөңірейді:(мууу) Жылқы кісінейді:(йоо) Түйе боздайды:(баа) Ешкі бакырады: (мәкк)	көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады. «Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен). Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: аалма(а), тттиін(т), кққасқыр(к), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), кқкыс(к), аалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), кққияр(к), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), кққолшатыр(к), бббақа(б), ииит(и), жжжарық(ж) <	
--	--	---	--	--	--

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

Табиғи ресурстарға ұқыпты қарау — бұл біздің баламыздың болашағына деген қамқорлығымыздың белгісі. Балаларымызды үнемшіл болуға тәрбиелеп, оларды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға үйрету арқылы біз жарқын әрі тұрақты болашақ қалыптастыруға өз үлесімізді қосамыз.  
**Табиғат — біздің үйіміз! Үнемдеуді үйренейік, табиғатты қорғайық!**



## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

		<b>Математика негіздері</b> Кеңістікте бағдарлау <b>Міндеті:</b> - сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b>	<b>Математика негіздері</b> Қағаз бетінде бағдарлау <b>Міндеті:</b> - балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде	<b>Математика негіздері</b> Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау <b>Міндеті :</b> -балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді:	<b>Қоршаған әлеммен танысыру</b> Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері. <b>Міндеті:</b> - - Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру <b>Күтілетін нәтижелер:</b>
--	--	---	---	--	---

		<p><b>меңгереді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;</p> <p><b>түсінеді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын;</p> <p><b>қолданады:</b> белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.</p> <p>«Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда</p>	<p>орналасуын анықтау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>меңгереді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;</p> <p><b>түсінеді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын;</p> <p><b>қолданады:</b> белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.</p> <p>Топтық жұмыс. Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды</p> <p>1-тапсырма. Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?</p> <p>2-тапсырма. Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың</p>	<p>жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;</p> <p><b>түсінеді:</b> заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын;</p> <p><b>қолданады:</b> белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.</p> <p>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды</p> <p>Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.</p> <p>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады</p>	<p><b>меңгереді:</b> Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілерін</p> <p><b>түсінеді:</b> Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы түсінеді</p> <p><b>қолданады:</b> Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алады, пікірін айта алалады.</p> <p>Қолданылатын көрнекі құралдар: үлестірмелі материал, интербелсенді тақта, жұлдызшалар, жаз, күз мезгілдерінің ауа райы құбылыстарын бейнелейтін карточкалар, күзгі, жазғы өсімдіктер, қағаздан қиылған гүлдер, жапырақтар, ермексаз, зырылдауық, пластик жәндіктер.</p> <p>Жұмбақ : Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді. Жұмбақ не туралы? – Жыл мезгілдері туралы. Педагог «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. Жаз және күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы бейнебаян көрсетіледі: Күннің күркіреуі, найзағай, нөсер, күннің ыстықтығы, жел соғуы, күннің суытып, жапырақтардың ұшуы, жел соғуы. Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты</p>
--	--	--	---	--	--

		барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.	суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында		өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы.
--	--	---	---	--	---



**Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Серпер» күйі**  
**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын арттыру,**

--	--	--

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

		<p><b>Қазақ тілі</b> Ата-әже <b>Міндеті:-</b> Тілдік дамытушы орта. -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> менгереді: Ата-әже жайында әңгіме тыңдап, ойланып, сөйлеп</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Мектептегі алғашқы күн <b>Міндеті :</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады; <b>Түсінеді:</b> "б" "п" дыбыстарының ұқсастығын; <b>Қолданады:</b> әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Білімнің – бұлағың <b>Міндеті:</b> - Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; <b>Түсінеді:</b> өлең мазмұнын түсінеді; <b>Қолданады:</b> мақалдың мағынасын айтады Білімнің – бұлағың Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күнінмен Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам,</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Ағаш бұтақтары <b>Міндеті:-</b> Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру -Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау -- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша</p>
--	--	--	---	--	--

		<p>үйренді;  <b>түсінеді:</b> Ұлттық киімдердің түрлерін білді  <b>қолданады:</b> Айтқан әңгімені мұқият тыңдауды</p> <p>1. Танысу, әңгімелесу, сөйлеу, тыңдау дағдысын дамыту, ұлттық киімдерді таныстыру; Ата мен әже баланың әкесінің әкесі мен анасы. Ал, баланың анасының әкесі мен анасы балаға нағашы ата-әже болады. Ата мен әжелер немерелеріне өте мейірімді және қамқор. Жүздері үнемі жылы, немерелерін ойнатып, кеңес айтып, қонаққа барса немерелеріне деп кәмпит, тәтті тағамдарын әкеледі.</p> <p>талардың ұлттық киімі:  Саптама етік, байпақ, тері шалбар, жеиде, шапан, бөрік, тымақ,  Әжелердің ұлттық киімі:  Кимешек, шәлі, қамзол, көйлек, бешпет, т.б киімдер.</p> <p>2. Кітапшамен жұмыс, қолына қаламды дұрыс ұстатып үйрету, оңға, солға сызықшалар салдыру  Дидактикалық ойын «Бұл не?». Мына кітапшада қандай киімдер бейнеленген?</p>	<p>Ба-ба-ба – бала.  Бо-бо-бо – бота  Бө-бө-бө – бөрік.  Табыл – дабыл.  Бақа – бақбақ  «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:  Па-па-па – парта.  Жа-па-лақ – жал-пақ.  Па-рақ – жа-пы-рақ.  балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады.  Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру  Клуб, штаб, араб, куб;  Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.</p>	<p>Сен берген біліммен  Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар.  Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды  Мақалды жаттап ал.  Білекті бірді жығады,  Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін кітапты көп оқу керектігін түсінеді</p>	<p>жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану  Мақсаты: -балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету  -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарын мүсіндеу  -- жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету  - табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындайбілуге үйрету  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>жасайды:</b> педагог нұсқауымен қағаз бетіне терек бұталарының суретін салады  ,княды,мүсіндейді,құрастырады сурет салуға қажетті құралдармен таза, ұқыпты жұмыс жасайды;  <b>түсінеді:</b> ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болатынын түсінеді, терек бұталары жайлы түсініктері кеңейеді;  <b>қолданады:</b> қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты болашақта қолдана алады</p> <p>Балалармен топтық жұмыс</p>
--	--	---	--	--	--



Кітаппен жұмыс "Мен үлкен адам боламын..."

**Қауіпсіздік сабағы : «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»**

**Мақсаты:** тәрбиеленушілерге төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет болған жағдайда дұрыс пайдалануды үйрету

**Сюжеттік-рольдік ойын:**

Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру.



**Пайдалы сілтемелер:**

<https://orken-instituty.kz/ru/tefony-goryachih-linij>  
<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/csp-material/poleznye-materialy-csp>  
[https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOeIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao71WQuIA-hK\\_6ODD&index=12](https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOeIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao71WQuIA-hK_6ODD&index=12)

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Музыка**  
 Білімнің – бұлағың  
**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.



**Дене тәрбиесі**  
 Спортзал  
**Міндеті:** Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** «Іне-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты

**Дене тәрбиесі**  
 Спортзалда ойнаймыз  
**Міндеті:** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді, «Өз-өзіңе кел» психологиялық-

**Музыка**  
 Білімнің – бұлағың  
**Міндеті:** Ән айту дағдыларын қалыптастыру  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.  
**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын.  
**Қолданады:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды

		<p><b>Түсінеді:</b> қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын.</p> <p><b>Қолданады:</b> музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу бии» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.</p> <p><b>Түсінеді:</b> спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.</p> <p><b>Қолданады:</b> баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын «Мұқият бол» ойын жаттығуы.</p> <p>1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</p> <p>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p>қозғалыс жаттығуын;</p> <p><b>Түсінеді:</b> тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын;</p> <p><b>Қолданады:</b> 1,5 минутқа дейін орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын).</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</p> <p>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу бии» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				

Серуен		<p>Картотека №2 Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Жеке жұмыс: Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Мысық сүтке тойды Көзін қысып қойды Әндетіп бір баяу Дейді мияу, мияу, мияу. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық», «Кім тез жетеді?» Мақсаты: Шапшандыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереу бұға қалады. Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №3 Мектеп ауласындағы құстарды бақылау Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атау және қимыл-қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа, үлкендердің көмегімен құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Мақсаты: құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» (жүгіру) Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау. Жеке жұмыс Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай, Жер бауырлап зырлай Шырқап биік, күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды.» Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №4 Күз мезгілінде желді бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу. «Желді күн» (Ж. Смаков) «Ту-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» Қимылды ойындар: «Күн мен түн» (жүгіру) Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту. Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қикымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орынды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша</p>
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс		<p>Болғанбек Ұлағат Мұхамеджанұлы заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.</p>	<p>Алтай Айзере Қайратқызы қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету</p>	<p>Амирқызы Гүлайымға «Құмырсқа» Ертегіні таныстыра отырып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Қанат Назерке Бақытжанқызы шығармашылық саласы бойынша топтасып ой-қиялдарымен ермексаздан жануарлар мүсіндеуді үйрету</p>

<p><b>Балалардың іс-әрекеті ( ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*</b></p>		<p>«Сұрақ – жауап» Мақсаты: қойылған сұрақтарға нақтылып жауап бере алады. Өз ойын ашық айта алады.</p>	<p>«Секіргіштер» Мақсаты: жеңіл секіру дағдыларын жетілдіру</p>	<p>«Ғажайып қобдиша» Мақсаты: Ойын барысында балалар зерек болу керектігін ұғады. Суреттерден артық суретті табады.. Бір-бірін тыңдай алады.</p>	<p>«Таспаны кім тез орайды?» Мақсаты: қол қимылдарын шапшаңдықпен жасай алады.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>		<p><b>Өнегелі 15 минут</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b></p> 	<p><b>Өнегелі 15 минут</b></p> 

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** «Первомай ауылының ЖОББМ» КММ

**Мектепалды О «а» сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 11-апта 08 - 12 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбиесі «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы  
Апта дәйексөздері- «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.09	Сейсенбі 09.09	Сәрсенбі 10.09	Бейсенбі 11.09	Жұма 12.09
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</p>				
	<p><b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Құпия заттар»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі кобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.</p>	<p><b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Дос болайық бәріміз»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді: - орындыққа көтерілу және түсу; - үстелдің астынан өту; - «көлді» айналып өту; - «ну орман» арқылы өту; - «жабайы жануарлардан» жасырыну. Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек</p>	<p><b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Адал достар»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.</p>	<p><b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Кемемен қыдыруға барамыз»</b> <i>Мақсаты:</i> балаларды ойындағы рөлдерді бөлісу кезінде жанжалдан аулақ болуға баулу. Балалар «кеме» құрастырып, қыдыруға дайындалуда. Ең белсенді бала (көшбасшы) – «капитан», біреуі – «матрос» болып тағайындалды. «Жолаушылар» кемеге отырып жатыр. Ал, кім кеменің жүргізушісі болады? Бұл рөлге екі бала таласып, олардың араларында жанжал туындады. Бұл даулы мәселе қалай шешіледі: біреуі штурвалды алып қояды немесе жүргізуші болудан бас тартып, оны досына береді.</p>  <p><b>Балаларға арналған үлгі сұрақтар:</b> - Суреттен не көріп тұрсындар? - Балалар кімдерді бейнелеп жатыр? - Балалардың арасында неге жанжал</p>	<p><b>Адалдық әліппесі</b> <b>«Мейірімділік туралы ойлайық»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») тандалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады. Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.</p>

				туындады? - Балалар жанжалды тоқтату үшін не істеу керек? <i>Сюжетті дамыту:</i> «Капитан» санамақтың көмегімен кемені кім жүргізетінін анықтайды; б) «Матрос» дауласып жатқандардың біріне жаңа рөл – «кеме аспазы» болуды ұсынады.	
<b>Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелену іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау <b>Мақсаты:</b> рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу « <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Түйілген орамал</b> » ойыны Адал азамат « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Орамал тастамақ</b> » ойыны Адал азамат « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Сақина салу</b> » ойыны Адал азамат « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Хан талапай</b> » ойыны Адал азамат « <b>Бір тұтас тәрбие жоспары</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Соқыр теке</b> » ойыны Адал азамат « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Таңғы жаттығу кешені № 2</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b>	Мнемосхемамен «Көліктер» К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.	«Көңілдімін» Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін, айналамын бырн-бырн, Өрқашан көңілдімін сырн-сырн	«Зу-зу етіп көшеде» Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.	«Көлік жүйрік шықты алға» Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.	«Бип-бип-бип дейді» Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<b>Сөйлеуді дамыту</b> Мектептегі алғашқы күн <b>Міндеті:</b> Фонематикалық	<b>Сауат ашу негіздері</b> Сөз. Сөздің мағынасы <b>Міндеті</b> -Балаларды сөздерді	<b>Сауат ашу негіздері</b> Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	<b>Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстар <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстардың	<b>Көркем әдебиет</b> Ас атасы – нан <b>Міндеті:</b> Күзгі еңбек туралы

<p>естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттыулар жасау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады;</p> <p><b>Түсінеді:</b> "б" "п" дыбыстарының ұқсастығын;</p> <p><b>Қолданады:</b> әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ -балалардың тілін жаңылтпаш қайталау арқылы жаттықтырады: 1 .Төбіншек ат – шегіншек. Шегіншек ат – төбіншек</p>	<p>дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> сөздерді атайды, мағынасын түсінеді.</p> <p><b>Түсінеді:</b> сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді.</p> <p><b>Қолданады:</b> дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: Хатқалта, №1 жұмыс дәптері.</p> <p>Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ) Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)</p> <p>Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естерінде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бұлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты ай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз</p>	<p><b>Міндеті:</b> -балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.</p> <p><b>Түсінеді:</b> сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін біледі.</p> <p><b>Қолданады:</b> берілген дыбысқа сөз ойлап айтады. Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: мазмұнды суреттер.</p> <p>Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай алмаймыз. Мысалы, мдоп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы.</p> <p>Педагог балаларға «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады). Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт, ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын</p>	<p>бірізділігін белгілеуге үйрету</p> <p>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: айна, мазмұнды суреттер, қызыл фишкалар.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> дауысты дыбыстарды ажыратады.</p> <p><b>Түсінеді:</b> дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз айтылатынын,</p> <p><b>Қолданады:</b> дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді.</p> <p>Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ұ, у, ы, і, е, и, у, э. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету. – Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің</p>	<p>түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>нанның дастарқанға келу жолын сызба бойынша әңгімелеуге арналған тапсырмаларды <b>орындайды/ жасайды;</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• бидайдың тұқым кезінен бастап, нанға айналу кезеңдерін, дәнді дақылдар туралы <b>түсінеді;</b></li> <li>• үлкендердің еңбегін құрметтеу, нанды қастерлеу қажеттігі туралы білімдерін күнделікті өмірде <b>қолданады.</b></li> </ul> <p><b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> егіс даласының суреті, нан түрлерінің суреттері, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар.</p> <p><b>Сөздік жұмысы:</b> дән.</p> <p>– Қазір жылдың қай мезгілі? – Бүгін ауа райы қандай? Күн ашық па, бұлтты ма? – Адамдар күзде нені жинайды? – Егінді, бидайды күз мезгілінде жинайды. Бидайдың ұнынан нан дайындайды. – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Ас атасы – нан» әңгімесін оқимыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Балалармен бірге қайталап оқу. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталау. Сөздік жұмысы: дән – астықты дақыл Сұрақ-жауап: – Әңгімеде не туралы айтылған? – Әжесі мен</p>
---	---	---	---	---

		<p>белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тік төртбұрышпен белгілейміз. .</p> <div style="border: 1px solid black; width: 100px; height: 15px; margin: 10px auto;"></div> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, төрелке т.б.</p>	<p>т.б. 1-тапсырма «Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір бірінен алшақ ұстайды. Мысалға айтылатын сөздер: көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.</p>	<p>сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.</p>	<p>Науан қайда келді? – Науан бидайды көргенде неге таңғалды? – Әжесі бидай туралы Науанға не айтты? Нан қандай дәннен дайындалады? – Нанның қандай түрлерін білесің?</p>
--	--	---	---	---	---

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты:** балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

Сюжетті-рөлді ойын:

**Тақырыбы:** «Экологтар.Бағбандар»

*Мақсаты:* Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.

*Жағдаят:* Объектыны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау

Экологиялық паспорттарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу

Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру,

суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу.

өсімдіктерді бейнелеу.



**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p>қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді</p> <p><b>Түсінеді:</b> Отбасы мүшелері жайлы түсініктерін, ата-әже, әке-ана, аға-әпке, іні-қарындас сөздерін білді</p> <p><b>Қолданады:</b> Жеті атасын үйінде ата-анасының көмегімен оларды жаттап алды</p> <p>Ал балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Кім мықты, кім ширақ екен анықтайық.</p> <p><b>1.2. ЖҰМБАҚ</b></p> <p>Маған да, саған да, Жақын, туыс адамдар. Бәрі де өз жұртын, Айтқындар, олар, кім? - <b>Отбасы.</b></p> <p><b>1.3.</b> — Дұрыс айтасындар, балалар! Бізге ең жақын, ең қымбат жандар отбасында тұрады. Ата, әже, әке, ана, аға, іні, бауыр, әпке, сіңлі, қарындас – отбасы болып есептелетінін сендер білесіңдер. Олар бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды және қамқорлық жасап жүреді. Отбасы тақырыбында білімдерінді кеңейту мақсатында бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбын «Іні-қарындас» деп атап отырмыз. Іні мен қарындас отбасы мүшесі. Қане балалар сендер санамақ айта аласындар ма? Отбасы туралы санамақты айтып көрейікші.</p> <p>Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек — анам, Орған терек – ағам Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз?</p>	<p>«немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді</p> <p><b>Түсінеді:</b> Отбасы мүшелері жайлы түсініктерін, ата-әже, әке-ана, аға-әпке, іні-қарындас сөздерін білді</p> <p><b>Қолданады:</b> Жеті атасын үйінде ата-анасының көмегімен оларды жаттап алды</p> <p>- Іні, қарындастарың болса, есімін атап, кішігірім сипаттап берейік, балалар! Өзіңнен кішкентай ініне немесе қарындасыңа қандай қамқорлық жасайсындар балалар?</p>  <p>Сол сияқты, кітапшада көрсетілген суретке қарап бірге әңгімелесейік.</p> <p>- Мынау кім? - Мынау - қыз</p> <p>Қыз - ана, әпке, қарындас, сіңлі. <i>«Гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі»</i>-дей отырып, қарындас деген қастерлі екен, өзі-бауыр, өзі-отан, өзі-тілек, өзі-көз екенін ұмытпауымыз қажет.</p> <p>- Қанекеи, балалар мына суреттегі енді ұл бала жайында әңгімелеп беріндерші (әр бала өз түсінігін айтады).</p> <p>- Сендерге мен көмектесейін, тоқталып өтейін.</p> <p>Ұл бала - қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының</p>	<p><b>Түсінеді:</b> күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын;</p> <p><b>Қолданады:</b> өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады</p> <p>Күз бояуы (жаттау) Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам.</p>	<p><b>құралдар:</b> күз туралы суреттер, жеміс түрлері, муляждар, слайд, үлестірмелі материалдар</p> <p>Аспай піскен</p> <p>Қайнамай түскен.</p> <p>Ол не? – Жемістің қандай түрлерін білесіңдер? (Жеміс) – Жемістер қайда өседі? Алманың, өріктің дәмі қандай? – Сен қай жеміс түрінің дәмін білесің? – Бүгін ақын Рза Қунақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).</p> <p>Сөздік жұмысы: нартай – піскен қызыл өріктің түсі уылжыған – әбден піскен жеміс</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлеңде қандай жеміс туралы айтылған? – Алманың, өріктің түсі, дәмі қандай? Пішіні неге ұқсайды? – Саған қандай жеміс ұнайды? – Неліктен жемістерді жақсы көресің? – Алма қатты ма, жұмсақ па? Түсі қандай болады? – Ал өрік қандай, үлкен бе, кіші ме, түсі қандай? – Осы жемістерді күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген мақал бар. Еңбектің арқасында мол өнім, жақсылық та, қуаныш та, байлық та – бәрі болады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дәмін тат» (баланың ойлау қабілетін дамыту).</p> <p>Шарты: ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала қандай жемістің дәмі екенін айтады.</p>	<p>жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>жасайды:</b> жаңбырдың түрлері және оны қағаз бетінде түсіру ерекшеліктерін игере отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады;</p> <p><b>түсінеді:</b> табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі;</p> <p><b>қолданады:</b> қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды</p> <p><b>Топтық жұмыстар</b></p>
--	--	---	---	---

	<p>Бір үйде біз бесеуіміз. Әр бала өз отбасында нешеуі екенін айтып, жарысады.</p> <p>3.4. Кітапшадағы 8, 9 беттермен жұмыс жасайды.</p> <p>І-ні, Қа-рын-дас сөздерін буындап, і, қ дыбыстарының орнын ажыратады.</p> <p>- Боялмаған жерлерді бояйды</p>	<p>ерекшелігі, жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде.</p> <p>Отбасындағы ер баланың өз орны бар</p> <p>Енді Жеті атаға қысқаша тоқталайық.</p> <p>Өз ұрпағына жеті атасын үйрету – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі.</p> <p>Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы және т.б. жеті атасының есімдерін жаттап өседі. Осылай тараған ұрпақтар бір атаның балалары болып саналады.</p> <p>Бір баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Бір атадан тараған туыстар бір-бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластықта болады.</p> <p>«Жеті ата» - бір кісіден тараған аталас қауым:</p> <p>Баладан басталған жағы жеті атасына дейін барады.</p> <p>Әкеден басталған жағы төмен туажатына дейін барады</p> <p>Жеті ата ----- Жеті ұрпақ</p> <p>1. Бала ----- 1. Әке</p> <p>2. Әке ----- 2. Бала</p> <p>3. Ата ----- 3. Немере</p> <p>4. Арғы ата ----- 4. Шөбере</p> <p>5. Тек ата ----- 5. Шөпшек</p> <p>6. Түп ата ----- 6. Немене</p>			
--	--	---	--	--	--

7. Жеті ата (Баба) -----  
--- 7. Туажат

### Қауіпсіздік сабағы : «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СКРИПТЕРІ»

**Мақсаты:** балаларды төтенше қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету

-Қоңырау скриптерінің негізгі элементтерін көрсету (1, 2, 3-қосымша):  
Сәлемдесу және өзін сабырлы (байсалды) таныстыру.  
▪ Мекенжай мен оқиға орнын көрсету. ▪ Жағдайды сипаттау (не болғанын, қандай қауіп бар екенін, зардап шеккендер бар ма, жоқ па және т.б.).  
▪ Оператордың сұрақтарына жауап беру.  
Оператордың нұсқауларын орындау.  
Қоңырауға дейін және қоңыраудан кейінгі тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін талқылау: ▪ Оқиға орнында болу (егер бұл қауіпсіз болса). Оператор айтпайынша, телефон тұтқасын қоймау. ▪ Оператордың нұсқауларын орындау және мүмкін болса, көмек көрсету. Бекітуге арналған тапсырмалар: Әртүрлі жағдайлар үшін қоңырау скриптерін құрастыру.  
Мысалы: үйдегі өрт. Жарақат немесе ауру. Газ иісінің шығуы. Ұрлық немесе шабуыл.

#### Төтенше қызметтерге қоңырау шалудың маңыздылығын түсіндіру: «Есте сақта!»

Өрт күзеті	101
Полиция	102
Жедел жәрдем	103
Төтенше газ қызметі	104,112
Біріңғай құтқару қызметі	112
«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.	111
- «111» нөмірі – 24/7 байланыста.	
- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды.	
- «111» нөмірі – тәулік бойы ПД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.	

Пайдалы сілтемелер: <https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-lij>  
<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp>  
[https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK\\_6ODD&index=1](https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=1)



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Дене тәрбиесі</b> Дене қабілеттерін дамыту <b>Міндеті:</b> 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі</p>	<p><b>Музыка</b> Біздің аспаптар <b>Міндеті:</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. <b>Түсінеді:</b> регистр деген не екенін. <b>Қолданады:</b> ырғақты,</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Біз әртүрліміз <b>Міндеті:</b> - Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу . <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен жүруді,</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> Менің сүйікті жануарларым <b>Міндеті:</b> оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді, әртүрлі бағытта және әртүрлі шапшаңдықпен жүгіруді, бір орнында тұрып айналып секіруді. <b>Түсінеді:</b> әртүрлі бағыт және</p>	<p><b>Музыка</b> Біздің аспаптар <b>Міндеті:</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. <b>Түсінеді:</b> регистр деген не екенін. <b>Қолданады:</b> ырғақты, мәнгерлі кимылдарды орындайды Өн</p>
---	---	--	--	--

<p>қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> орындайды: құлақ қалқанын уқалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына қатармен жүру.  <b>Түсінеді:</b> залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді.  <b>Қолданады:</b> баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Асық алу».</b> Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.  Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5 рет)  «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр).  Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады.  Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады.  «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.  Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен,</p>	<p>мәнерлі қимылдарды орындайды.</p> <p>Ән айту:  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Марш» (В. Дешевов) Билер:  «Шабандоздар биі»  (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)  Музыкалық аспапта ойнау:  <b>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</b></p>	<p>гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүруді.  <b>Түсінеді:</b> саусақтарымен допты қалай ширақ домалату және гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып қалай еңбектеу керектігін.  <b>Қолданады:</b> жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын.  Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біратас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет</p>	<p>қырқынмен қолды адамдарымен үйлестіре қозғап жүгірудің, гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеудің маңызын.  <b>Қолданады:</b> музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын</p> <p>Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру</p>	<p>айту:  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Марш» (В. Дешевов) Билер:  «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)  Музыкалық аспапта ойнау:  <b>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</b></p>
---	---	--	--	--

	артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p>Картотека №14</p> <p>Тұманды күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Тұман кезінде маңайындағы үйлердің көрінбеуін неліктен тұманған себептерін айтып түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу.</p> <p>Көл жағалай көктемде Көлбеңдейді көк перде (тұман)</p> <p>Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды қорапшаға салу.</p> <p>Мақсаты: ұқыптылыққа мұқияттылыққа үйрету.</p> <p>Қимылды ойын: “Ұшты-ұшты”</p> <p>Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Көркем сөз:</p> <p>Күзім –ау, күзім –ау</p> <p>Мінезін бұзық ау</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №15</p> <p>Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балаларға жапырақтар желмен ұшып жүргені туралы білім беру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу.</p> <p>Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (жапырақ)</p> <p>Еңбек: Ұшып жүрген себетке жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу.</p> <p>Қимылды ойын: “Тез жина</p> <p>Мақсаты: Еңбек сүйгіштілікке баулу.</p> <p>Көркем сөз:</p> <p>Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков «Жау, жаңбыр»</p> <p>Жаңбыр , жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №16</p> <p>Жәндіктерді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады.</p> <p>Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.</p> <p>Қимылды ойын: «Автомобильдер»</p> <p>Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рөлдер бар. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша әр түрлі түсті таяқшалармен балалар өзін жүргізуші ретінде санап, өз дабылы бойынша қимылдайды</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №17</p> <p>Ауа- райын бақылау</p> <p>Мақсаты: Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Тақпақ жаттау</p> <p>Қарашы, күз келді, күз келді</p> <p>Сары алтын жауыпты іздері</p> <p>Еңбек: Жапырақтармен кішкентай бұталарды жинастыру.</p> <p>Мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: допты домалату.</p> <p>Мақсаты: Қол –бұлшық еттерін домалату.</p> <p>Дербес іс-әрекеттер.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Картотека №18</p> <p>Аула маңындағы шалшық судың мұздап тұрғанын бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілінде сулардың неліктен қатып тұрғанын түсіндіріп беру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу.</p> <p>Жылт-жылт еткен Жырадан өткен (су)</p> <p>Еңбек: Әдемі жапырақтарды жинап тәрбиешіге беру.</p> <p>Мақсаты: әдемілікке баулу.</p> <p>Қимылды ойын: “Ит пен мысық”</p> <p>.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> балалардың қалауы бойынша</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Амангелді Аслан Бауыржанұлы</b> өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады</p>	<p><b>Бахытжан Мырза</b> Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?</p>	<p><b>Қанат Назерке Бақытжанқызы</b> Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану</p>	<p><b>Амангелді Ұлжан Айтбекқызы</b> Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?</p>	<p><b>Ханабек Айсана Нұрланқызы</b> түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>
<b>Балалардың іс-әрекеті ( ойын,танымды</b>	<p>«Жаңғақтармен ойын » Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның</p>	<p>Саусактарға арналған гимнастикалық жаттығулар: Қысқыштармен ойналатын ойын Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты</p>	<p>Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту</p>	<p>Тілді жаттықтыратын тақпақ Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз!</p>	<p><b>Ойын: «Айдаһардың құйрығы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы</p>

<p><b>қ,коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,енбек,қимыл,бейнелесу,дербес және басқалары)*</b></p>	<p>арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.</p>	<p>қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.</p>	<p>Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар:</p>	<p>Апа, апа бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе? Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұя Иә, иә, иә!</p>	<p>жақсарады</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тексерді

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Первомай ауылының ЖОББМ»КММ

Мектепалды 0 «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта 29- қыркүйек-03-қазан 2025-2026 оқу жылы

**Қыркүйек-Құндылық:** Тәуелсіздік және отаншылдық **Апта дәйексөзі:** «Тәуелсіз елдің ертеңі – білімді ұрпақ қолында»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09.25	Сейсенбі 30.09.25	Сәрсенбі 01.10.25	Бейсенбі 02.10.25.	Жұма 03.10.25.
Балаларды қабылдау	<b>«Көңіл-күйің қандай?»</b> <b>Мақсаты:</b> Баланы күннің басында жақсы көңіл күйге бөлеу <b>Барысы:</b> Тәрбиеші смайликтер (күліп тұрған, мұңайған, таңқалған) көрсетеді. Балалар өз көңіл-күйіне сай смайлик таңдап, неге солай сезініп тұрғанын қысқаша айтады. <b>(Адал азамат) Күй күмбірі:</b> «Қос алқа» күйі. Мақсаты: Қазақ халқының өнеріне деген сүйіспеншілік ояту Балалар, бұл әуен — күй деп аталады. – Қазір сіздер тындап отырған күй — «Қос алқа» деп аталады. – Бұл күй қазақ халқының күйі Бұл күйдің атауы «қос алқа» деген әшекейден шыққан. Қазақтың қыз-келіншектері алқаны сәндік бұйым ретінде таққан, ал мұндағы «қос» сөзі екі қатар әшекейлі алқаға меңзейді.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	1. Баланың тәрбиесі туралы Баланы сүйіспеншілікпен, мейіріммен тәрбиелеу – оның өзін-өзі бағалауын арттырады. Баламен сөйлескенде жылы үн, жай сөз қолданыңыз. Жақсы қылықтарын мадақтап, үлгі болуға тырысыңыз. 2. Үйде оқу дағдысын қалыптастыру Баламен бірге кітап оқуға уақыт бөліңіз. Өріптер мен сандарды ойын арқылы қайталаңыз. Баланың жасаған суреті, мүсіні, құрастырған затын мақтап, қабырғаға іліп қойыңыз. 3. Денсаулық пен тәртіп Балаға дұрыс күн тәртібін қалыптастырыңыз: ұйқы, тамақ, ойын, оқу уақыты. Таңертеңгілік жаттығуға дағдыландырыңыз. Көкөніс пен жемісті жиі пайдаланыңыз, тәттіні шектеңіз.				

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады. <b>(Адал әліппесі)</b></p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Куыр-куыр, куырмаш» – қимылды, ырғақты, ептілікті дамытады. <b>Үстел үсті ойыны:</b> «Құрастыр да ата» – суретті пазлды құрастырып, атауын айту.</p>	<p><b>«Паровоз»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету. <b>(Адал әліппесі)</b></p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Аңшылар мен қояндар» – бір бөлігі қоян, екіншісі аңшы рөлін ойнайды. <b>Үстел үсті ойыны:</b> «Суретті аяқта» – жарты суретті жалғасты</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Кім жылдам?» – жүгіріп барып, белгіленген затты әкелу. <b>Үстел үсті ойыны:</b> «Жұпты тап» – бірдей суреттерді табу.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу, шашырап жүгіру, бір саппен жүру. II. Жалпы даму жаттығулары 1. Б.қ. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып, 3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 4-б.қ келу. 4-5 рет 2. Б.қ. қолымыз алдымызда, 1-оң жаққа бұрылу, 2-б.қ келу, 3-сол жаққа бұрылу, 4-б.қ келу. 4-5 рет. 3. Б.қ орамалды қолымызға ұстап, аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу.</p>				

	<p>4.Б.қ. аяғымыз қосамыз,екі қолға орамалды ұстап алға созу, 1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет 5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет III. Тыныс алу жаттығулары Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</b></p>	<p><b><u>Қ.Р аңұранын айту</u></b> Шаттық шеңбері Балалар қол ұстасып, бір-біріне жылы сөздер айтады: «Қайырлы таң, досым!», «Күннің қуанышқа толы болсын!». Қысқа сергіту қимылы: «Күнге қол созайық, гүлге иіле қарайық».</p>	<p>Психологиялық дайындық «Тыныштық сәті»: балалар көздерін жұмып, тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды (орман, құстардың сайрауы, өзеннің сылдыры). Сұрақ: «Сен бүгін не көргің келеді? Қандай ойынды жақсы ойнағың келеді?»</p>	<p>Жұмбақпен бастау Сабақ тақырыбына сай жұмбақ айту (мысалы, математика болса – сан туралы, тіл дамытуда – күз туралы). Балалар жауабын табады да, жаңа сабаққа қызығушылығы оянады.</p>	<p>Әнмен дайындық Қысқа әндету: «Қайырлы таң, күн нұры! Қайырлы таң, достарым!» (қарапайым әуенмен). Әннен кейін балалар бір-біріне күлімдеп қарайды, қол шапалақтайды.</p>	<p>Ойын арқылы дайындық «Сикырлы қапшық» ойыны: қапшық ішінен бір затты алып, сипап, не екенін табады. Тәрбиеші: «Бүгінгі сабақ та осы сияқты қызыққа толы болады» деп бағыт береді.</p>
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b> <b><u>Отбасының күзгі еңбегі</u></b> <b>Міндеті:</b> Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту <b>1.«Кім не істейді?»</b> Мақсаты: Отбасы мүшелерінің күзгі еңбегін ажыратып айтуға үйрету. Ойын барысы:</p>	<p><b><u>1.Сауат ашу негіздері</u></b> Дауыссыз дыбыстар <b>Міндеті:</b> Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау Салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; <b>1. «Қай дыбыстан басталады?»</b> Мақсаты: Балалар дауыссыз дыбысты ажыратып, сөздің басындағы дыбысты дұрыс табуға үйренеді. Барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (бал, кітап, дорба, алма).</p>	<p><b><u>1 Математика негіздері</u></b> 6 саны және цифры <b>Міндеті:</b> 6 цифрымен таныстыру 1.«Алтыны тап!» Мақсаты: 6 цифрын көзбен танып, есте сақтау. Барысы: Тәрбиеші балаларға сандар жазылған карточкаларды көрсетеді (1–6). «6» санын көрген бала қолын көтеріп, қатты дауыстап айтады: «Алты!» Қалған балалар қол соғып қуаттайды.</p>	<p><b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b> Күзгі жапырақтар <b>Міндеті</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу <b>1.«Күзгі жапырақтар»</b> өлеңін мәнерлеп оқу <b>2.Өлең мазмұны бойынша</b> сұрақтар қою <b>3. «Жапырақ туралы әңгіме»</b> Мақсат: байланыстырып сөйлеу, ой қорыту Барысы: Балаларға суретті</p>	<p><b><u>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b> Ең жақын адамдар <b>Міндеті:</b> Туыстық байланыстарды түсіну(өз жұрты,атасы мен әжесі,жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу <b>1. «Ең жақын адамым»</b> Мақсаты: балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын анық айтуға үйрету Барысы:Балаларға сұрақ қойылады: – «Саған ең жақын кім?» (Әке, ана, ата, әже, аға, әпке, іні,</p>

<p>Мұғалім суреттерді көрсетеді: әке – бақша қазады, ана – тосап қайнатады, бала – жапырақ жинайды.</p> <p><b>2. «Күзгі себет»</b> Мақсаты: Күзгі жемістер мен көкөністерді атауға, сипаттауға үйрету. Ойын барысы: Үстелге алма, алмұрт, сәбіз, картоп суреттері немесе ойыншықтары қойылады. Балалар кезекпен себетке салып, сипаттап айтады: «Бұл – қызыл алма, ол тәтті».</p> <p><b>3. «Кім жылдам?»</b> Мақсаты: Жаңа сөздерді қолданып сөйлем құруға жаттықтыру. Ойын барысы: Мұғалім сөздер айтады: жапырақ, бақ, алма, күрек. Балалар тез сөйлем құрайды: «Әкем күрекпен бақша қазады», «Мен жапырақ жинадым».</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар отбасының күзгі еңбегін түсінеді, ажыратады. Жаңа сөздерді меңгереді, сөздік қоры</p>	<p>Балалар тек дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді атайды. Мысалы: кітап – к, дорба – д.</p> <p><b>2. «Дыбысты тыңда»</b> Мақсаты: Дауыссыз дыбыстың сөз ішіндегі орнын ажыратуға дағдыландыру. Барысы: Тәрбиеші бір дауыссыз дыбысты айтады (мысалы: с). Балалар сол дыбыс естілетін сөздерді атайды (сүт, сана, самал).</p> <p><b>3.«Дыбысты тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Есту қабілеттерін дамыту Барысы:Мұғалім белгілі бір дыбысты айтады (т). Балалар суреттер арасынан сол дыбысы бар сөзді табады (мысалы, түйе, тас, тәтті).</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>Дауыссыз дыбыстардың орнын анықтайды</p> <p><b>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Оттың пайдасы мен зияны</p> <p><b>Міндеті:</b> Ненің «дұрыс»немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p>	<p><b>2. «Алты дос»</b> Мақсаты: 6-ға дейін дұрыс санай білу, топтасуды үйрену Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші: «6 дос бірге жүреді!» дейді. Балалар тез-тез топтасып, әр топта 6 баладан болуы керек.Кім артық немесе кем болса, ойыннан шығады.</p> <p><b>3.«6-ға дейін сана»</b> Мақсаты: 6-ға дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Барысы: Балалар бірге қол соғады: бір, екі, үш, төрт, бес, алты! Кейін аяқпен топылдатады, секіреді, қолдарын көтереді. Әр әрекет 6 рет қайталанатын.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар 6 саны мен цифрын таниды, бір-бірінен ажыратады.</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Дауыссыз дыбыстар</p> <p><b>Міндеті:</b> Сөздегі буындардың санын анықтау;Сөйлем сөздерден тұратынын білу</p>	<p>жапырақтар немесе табиғи жапырақтар беріледі. Тәрбиеші бастайды: «Күзде ағаштан жапырақтар түседі...». Әр бала сөйлем қосып, әңгіме жалғастырады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Қарапайым диалог жүргізе алады; Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b> 6 саны және цифры</p> <p><b>Міндеті:</b> Көрнекілік арқылы 6 санының пайда болуымен таныстыру.</p> <p><b>1.Сикырлы заттар»</b> Мақсаты: Сан мен заттың сәйкестігін түсіну. Барысы: Тәрбиеші әр балаға алтыдан зат таратады (6 кубик, 6 таяқша, 6 асық). «Сана! Қанша болды?» деп сұрайды. Балалар: «Алты!» деп жауап береді.</p> <p><b>2. «Кім жылдам?»</b> Мақсаты: Сандық таңбаны тез табуға үйрену. Барысы: Еденге 1-ден 6-ға дейінгі сандар жазылған карточкалар қойылады. Тәрбиеші санды атайды (4, 6).Балалар тез жүгіріп барып, сол цифрдың үстіне тұрады.</p>	<p>қарындас). Әр бала өз ойын толық сөйлеммен айтады: «Маған ең жақын адам – анам. Ол мені жақсы көреді».</p> <p><b>2.«Отбасы суреті»</b> Мақсаты: туыстық атауларды дұрыс қолдануға үйрету. Барысы: Тақтаға отбасы мүшелерінің суреттері ілінеді. Балалар суретке қарап, «Бұл – әкем, бұл – анам, бұл – ағам...» деп айтып шығады. Тәрбиеші сұрайды: «Әке саған кім болады? Әже ше?»</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар ең жақын адамдарын атай алады;</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Дауыссыз дыбыстар</p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p>1.«Сәйкестендір» Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түске,дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызылға жеткіз</p> <p>Суреттегі заттарды қатыстырып сөйлем</p>
--	--	---	--	--

<p>байиды.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Мен 5-ке дейін санаймын</p> <p><b>Міндеті:</b> "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p><b>1 «Сана, ата»</b> Мақсаты: 1–5 дейін тура санауды үйрету. Барысы: Үстелге ойыншықтар қойылады (доп, қуыршақ, қонжық). Мұғалім: «Неше қуыршақ тұр?» – деп сұрайды. Балалар заттарды санап, жауап береді: «Үш қуыршақ».</p> <p><b>2 «Сандар пойызы»</b> Мақсаты: Санды сан мөлшерімен сәйкестендіру. Барысы: Қағаз вагондарға 1–5 сандар жазылады.</p> <p>Балалар әр вагонға сәйкесше заттарды қояды: 1 алма, 2 гүл, 3 қарындаш, т.б</p> <p><b>3. «Санды тап»</b> Мақсаты: 1–5 сандарды тану, көрсету. Барысы:</p>	<p><b>1 «Пайдалы ма, зиянды ма?»</b> Барысы: Тәрбиеші суреттерді немесе карточкаларды көрсетеді: шам, пеш, қазан, орман өрті, сіріңке, самауырын. Балалар екіге бөліп атайды: пайдалы от – шам, пеш, қазан; зиянды от – орман өрті, өрт, сіріңкемен ойнау.</p> <p><b>2 «Иә немесе жоқ»</b> Барысы: Тәрбиеші сөйлемдер айтады: «От тамақты пісіруге көмектеседі» – иә. «Отпен ойнауға болады» – жоқ. «От үйді жылытады» – иә. «Отқа жақындау қауіпсіз» – жоқ.</p> <p><b>3. «Қауіпсіздік ережесін жалғастыр»</b> Барысы: Тәрбиеші сөйлем бастайды, балалар жалғастырады: «Сіріңкені ... (ойнауға болмайды)» «Өрт шықса ... (үлкендерге айту керек)» «Отқа ... (жақындауға болмайды)»</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе</p>	<p><b>1. «Дыбысты есті де ата»</b> Барысы: Тәрбиеші бір дауыссыз дыбысты айтады (м, т, с, к). Балалар сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады (м – мектеп, т – тау).</p> <p><b>2. «Сөзді буында»</b> Дауыссыз дыбыстан басталатын буындарды құрату Мыс: Ба-ла, та-ға, саа-қа, ша-на</p> <p><b>3. «Сөйлем құра»</b> Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге сөйлем құрату Мыс: Балалар мектепке келді. Жапырақтар сарғайды т.б</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Дауыссыз дыбыстардан басталатын буын, сөз, сөйлем құрау дағдылары қалыптастады</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> Менің ойыншықтарым</p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі</p>	<p><b>3. «Алты жапырақ»</b> Мақсаты: 6 санын түрлі жағдайда қолдануға үйрету</p> <p>Барысы: Үстел үстіне жапырақтардың суреттері қойылады. Балалар тек 6 жапырақты таңдап, оларды санап көрсетеді. Кейін тапсырма күрделенеді: «6 жапырақ әкел, бірақ біреуін қызыл түсті қыл».</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> 6 санына сәйкес заттарды санай алады</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b> Өрік</p> <p><b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу</p> <p>1. «Өрік» өлеңін оқу <i>Жұмсақ әрі ол түкті, Қызғылт сары әр түсті. Жесең дәмі тәп-тәтті, Шырыныда ол дәмді. Ағашта өседі, Күз келсе піседі. Алақаныңдай ғана, Қарашы, балақай мында. (авторы: Хызырхан Рыздық).</i></p> <p>Педагог өріктің суретін көрсетеді. Балалар қуанып бәрі «ӨРІК» деп жауап береді.</p>	<p>құрау</p> <p>2. Тыңда, орында Өлең жолдарына сай қимыл қозғалысты қайталау</p> <p>3. Штрих. Қолдарын жазуға икемдеу, үзік сызтарды бастырып жазу дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады</p> <p><b>3. Шығармашылық</b> <b>Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</b> Көкөністер</p> <p><b>Сурет салу</b> Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, қляксография, жіппен және т. б.) қолдану.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу</p> <p><b>Жапсыру:</b> Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше</p>
--	--	--	---	--

<p>Балаларға 1–5 сандары жазылған карточка таратылады.</p> <p>Мұғалім санды атайды, бала сол санды көтереді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар цифрларды ажыратады.</p> <p>Санды атаумен сәйкестендіреді.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> Қауын</p> <p><b>Міндеті:</b> Қазақ халқының мәдениеті егін шаруашылығына баулу және тұрмыстық заттар дән, тұқым, суару, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа сөздерімен толықтыру</p> <p><b>Суретпен жұмыс:</b> 1.Қауынның суретін көрсетіп, не екенін сұрау, пішініне, түсіне назар аударту. 2.Қауын сөзі неше дыбыстан тұратынын анықтау 3.Кетпен, тырма, су құйғыш не үшін пайдаланатын сұрау 4.Мақалдардың мағынасын түсіндіру Арпа, бидай —ас екен, Алтын, күміс —тас екен.</p>	<p>«жаман» екенін түсінеді</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b> Бір аптада</p> <p><b>Міндеті:</b> Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну</p> <p>1."Бір аптада» өлеңімен таныстыру</p> <p>2.Апта күндерін жаттату</p> <p>3-: «Жоғалған күнді тап»</p> <p>Барысы:Мұғалім апта күндерін атайды, бірақ біреуін тастап кетеді: Дүйсенбі, Сейсенбі, ..., Бейсенбі.Балалар «Жоғалған күн – Сәрсенбі!» деп жауап береді.</p> <p>5-ойын: «Қай күннен кейін?»</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: «Сәрсенбіден кейін қай күн келеді?»«Жұмадан</p>	<p>мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p><b>1.«Менің ойыншықтарым»</b> өлеңін мәнерлеп оқып беру</p> <p><b>1 «Қай ойыншық жоғалды?»</b>Барысы: Үстелге бірнеше ойыншық қойылады (қуыршақ, доп, машина, аю).Балалар ойыншықтарды қарап алады.Тәрбиеші біреуін жасырады.Балалар: «Қандай ойыншық жоқ?» деп табады.</p> <p><b>2.«Артық ойыншықты тап»</b> Барысы:Тәрбиеші 3–4 ойыншықты көрсетеді: доп, қуыршақ, қасық, аю.Балалар ойыншыққа жатпайтын затты табады (қасық).</p> <p><b>3 «Ойыншық дүкені»</b> Барысы:Балаларға</p>	<p><b>2.</b>Жеміске түсінік беру.</p> <p><b>3.</b>Өрік сөзі неше дыбыстан тұратынын анықтау (4-дыбыс)</p> <p>4.Өрік сөзіндегі дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажырату: Ө,І –дыбыстары дауысты,Р,К-дыбыстары -дауыссыз</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>4.Музыка</b> <b>Күзгі серуен</b> <b>Міндеті:</b> Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>1.Балалар шеңберге тұрады.</b> Тәрбиеші: «Бүгін біз күзгі серуенге музыка арқылы барамыз. Қандай ай күзде болады? Күзде табиғатта не өзгереді?» деп әңгіме жүргізеді.</p> <p><b>2. Ән үйрену</b> «Сары жапырақтар» (немесе балаларға арналған қарапайым күз туралы ән). Әнді тыңдау → қайталап айту → қимылмен бейнелеу (қолдарын жайып жапырақтың түсуін көрсету).</p> <p><b>3. Музыка тыңдау</b> А. Жұбановтың «Күз» әуенін немесе жеңіл</p>	<p>пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p><b>Кұрастыру</b> Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p>1. Сурет салу Балаларға қарындаштар, бояулар беріледі.Тақырып: «Менің сүйікті көкөнісім». Әр бала өз қалауынша көкөністі бейнелейді (сәбіз, қызанақ, қияр, картоп).</p> <p>2. Мүсіндеу Пластиннен көкөністер жасайды. Балалар топпен бірігіп «көкөністер себетін» құрастырады.</p> <p>3. Құрастыру Түрлі түсті қағаз, геометриялық пішіндер немесе конструктор арқылы көкөніс бейнесін жасау (мысалы: қияр – ұзын тік төртбұрыш, сәбіз – үшбұрыш, үстіне жасыл жапырақ).</p> <p>4. Жапсыру Дайын қиылған</p>
--	---	---	---	--

<p>Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер. Егін ексең тыңға, шықтым дей бер шыңға. 4. Егін ексең мол ек, толтырар қанар қабынды. Арық қазсаң кең қаз, қандырар бақша бағынды. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Егін шаруашылығы туралы мәлімет алады <b>4. Дене тәрбиесі</b> Сапқа тұру <b>Міндеті:</b> Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <b>1. «Кім жылдам сапқа тұрады?»</b> Барысы: Мұғалімнің белгісі бойынша балалар жан-жақта жүреді. «Сапқа тұр!» дегенде тез бір қатарға тұрады. <b>2. «Жол бастаушы»</b> Барысы: Бір бала саптың алдында тұрады.</p>	<p>кейін қай күн?» <b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар апта күндерінің ретін меңгереді. <b>4. Музыка</b> <u>Күзгі серуен</u> <b>Міндеті:</b> Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. <b>1.</b> Балаларды шеңберге тұрғызып, көңілді әуен қосылады. «Күз келді, достарым!» әнімен жылы амандасу. <b>2.</b> Ән үйрену – «Сары жапырақтар» (балаларға жеңіл, қайталанатын шумағы бар ән таңдалады). Тәрбиеші әуенін баяу орындап береді. Балалар қайталап үйренеді, қол қимылымен жапырақтың түскенін көрсетеді. <b>3.</b> Әуен тыңдау – «Күзгі вальс» Балалар тыңдайды. «Бұл әуен сендерге нені елестетті?» деп сұрақ қойылады. (Жапырақ, жел, серуен). <b>4</b> Қимылды ойын – «Күзгі жапырақтар». Балалар әуенге сай зал ішінде еркін қозғалады.</p>	<p>әртүрлі ойыншықтар қойылады. Бір бала сатушы, қалғандары сатып алушы болады. Балалар: «Маған қуыршақ беріңізші» деп сыпайы түрде сұрайды. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Сөздік қоры, сөйлеу тілі дамиды. <b>4. Дене тәрбиесі</b> Сапқа тұру <b>Міндеті:</b> Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <b>1 «Қай қатар тез?»</b> Барысы: Балалар еркін жүреді. Белгі берілгенде тәрбиеші айтады: «Екі қатарға тұр!» немесе «Үш қатарға тұр!». Балалар тез орындарын табуы керек. Қай қатар жылдам әрі түзу тұрса, солар жеңімпаз атанады.</p>	<p>классикалық әуен тыңдату. Балалар әуенді тыңдап, қандай көңіл-күй сезінгенін айтады («баяу», «жұмсақ», «құлазыған», «жайдары»). <b>4. Музыкалық-ырғақты қимылдар</b> Балалар жапырақ ұстап, әуенге сай жеңіл қимылдар жасайды: Желмен бірге тербелу; Жапырақ секілді жерге түсу; Жапырақтарды қайта жинап себетке салу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Музыканы тыңдап, көңіл-күйін ажыратады</p>	<p>пішіндерді жапсырып, көкөністерден «Бақша көрінісін» жасау. Әр бала өз жұмысын қысқаша таныстырады: «Мен қызанақ жапсырдым, ол дөңгелек, қызыл». <b>Күтілетін нәтиже:</b> Өз жұмысын таныстырып, қарапайым сөйлем құрай алады <b>4. Дене тәрбиесі</b> Сапқа тұру <b>Міндеті:</b> Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <b>1. «Қатарды өзгерт»</b> Барысы: Балалар алдымен екі қатарға тұрады. Тәрбиеші пәрмен береді: «Үш қатарға тұр!». Балалар жылдам қайта сап құрайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>2. «Қай қатар тыныш?»</b> Барысы:</p>
--	--	--	--	--

	<p>Ол әртүрлі қимылдар жасайды (қол көтеру, секіру, алақан соғу). Қалғандары қайталайды. Кейін жетекші ауыстырылады.</p> <p><b>3. «Солға, оңға бұрыл!»</b> Барысы: Мұғалім бұйрық береді: «Солға бұрыл!», «Оңға бұрыл!», «Артқа бұрыл!».</p> <p>Балалар қимылды дұрыс орындауы керек.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Тәртіпке, ұйымшылдыққа үйренеді</p>	<p>Әннің жылдам бөлігіне – жапырақтай ұшады, Әннің баяу бөлігіне – жерге жайлап «қонады».</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар күз мезгілін әуен арқылы бейнелей алады. Әнді қарапайым қимылмен орындайды.</p>	<p><b>2. «Қатарға қонақ шақыр»</b> Барысы: Балалар екі қатарға тұрады. Тәрбиеші бір баланы «қонақ» деп тандап алады. Белгі берілгенде қонақ кез келген қатарға қосылады. Қай қатар жылдам араласып, қонақты тұзу саппен қабылдаса – солар жеңеді.</p> <p><b>3.«Қатарды өзгерт»</b> Барысы: Балалар алдымен екі қатарға тұрады. Тәрбиеші пәрмен береді: «Үш қатарға тұр!».</p> <p>Балалар жылдам қайта сап құрайды. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Екі, үш қатарға дұрыс және тез тұруды үйренеді;</p>		<p>Балалар үш қатарға бөлінеді. Тәрбиеші әр қатарды жеке тексереді: қайсысы түзу, тыныш, әрі дұрыс тұрды. Ең ұқыпты қатар жеңімпаз болады.</p> <p><b>3.«Қатарды толықтыр»</b> Барысы:Тәрбиеші балаларды екі қатарға тұрғызады. Кейбір балаларды әдейі қатардан шығарып қояды. Белгі берілгенде сол балалар өз қатарын тауып, орнына барып тұруы керек.Дұрыс және тез орындағандар мадақталады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Қимыл-қозғалыс ептілігі артады;Тәртіпке, ұйымшылдыққа, бір-бірімен санасуға дағдыланады.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p><b>Тәрбиешінің ескертуі:</b> «Балалар, енді серуенге шығамыз. Барлығымыз тәртіппен киінеміз.» Киіну алдында <b>дәретханаға</b> бару ұсынылады.</p> <p><b>Киіну тәртібі:</b> Балалар тәрбиешінің көмегімен келесі реттілікпен киінеді:</p> <p><b>Киіну кезінде:</b> Өз киімін өзі табуға, киінуге үйрету Бір-біріне көмектесуге баулу Есік алдында тәрбиеші <b>тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін</b> еске салады:</p>				

	<p>Жүгірмеу Бір-бірін итермеу Тәрбиешіден алыстамау <b>Ескерту:</b> Ауа райына сай киінуге назар аударылады Егер ауа райы желді, салқын болса – жылы киім мен бас киім міндетті Серуен кезінде қауіпсіздік ережелері басты назарда болады</p>				
Серуен	<p><b>№21</b> <b>Тақырып:</b> Қазан айындағы күзгі жапырақтар <b>Балалардың дербес әрекеті:</b> Балалар далада ағаштардағы жапырақтардың түсін және пішінін бақылайды. Жапырақтарды жинап, оларды түріне, түсіне қарай сұрыптайды, қолдарымен сипап, салыстырады. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Жапырақпен жарыс»</b> Балалар топқа бөлініп, белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, жерге шашылған жапырақтарды жинап қайтадан бастапқы орынға әкеледі. Жапырақтарды тез жинау және шапшаң жүгіру шапшаңдық пен ептілікті дамытады. <b>Бақылау-зерттеу:</b> Ағаштардағы жапырақтардың түсін</p>	<p><b>№22</b> <b>Тақырып:</b> Қазан айындағы жел мен ауа <b>Балалардың дербес әрекеті:</b> Балалар далада желдің қозғалысын сезінеді, жел соғатын бағытты аңғарады, желдің ағаштарға және жапырақтарға қалай әсер ететінін талдайды. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Желге қарсы жүгіру»</b> Балалар бір-бірінен арақашықтық сақтап, желге қарсы жүгіреді. Тәрбиеші желдің күші туралы айтып, балалар оған сәйкес қарсылыққа қарсы жүгіру арқылы күш пен төзімділікті дамытады. <b>Бақылау-зерттеу:</b> Желдің ағаштарға, жапырақтарға қалай әсер ететінін, жапырақтардың қалай ұшып, жерге түсетінін бірге бақылайды. <b>Еңбек:</b> Желдің ұшырып әкелген</p>	<p><b>№23</b> <b>Тақырып:</b> Қазан айындағы құстарды бақылау <b>Балалардың дербес әрекеті:</b> Балалар далада ұшып жүрген немесе жерге түскен құстарды байқап, олардың түрлерін талқылайды. Құстардың дауыстарын тыңдайды <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Құс және мысық»</b> Бір бала «мысық» болады, қалғандары – «құс». Құстар даланың белгіленген жерінде қыдырып жүреді. «Мысық» оларды ұстамақ болады, ал құстар қашып, қауіпсіз орынға тығылады <b>Бақылау-зерттеу:</b> Құстардың қалай ұшатынын, қанаттарын қалай жабатынын және олардың мінез-құлқын бақылайды. <b>Еңбек:</b> Құстарға арналған жем салатын орынға жем</p>	<p><b>№24</b> <b>Тақырып:</b> Қазан айындағы жаңбыр мен ылғал <b>Балалардың дербес әрекеті:</b> Балалар жаңбырдың тыныс алуына қалай әсер ететінін, топырақтың дымқыл болуын сезінеді, жаңбырдан кейінгі өзгерістерді бақылайды. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Жаңбыр тамшылары»</b> Балалар далада жаңбыр тамшылары секілді етіп аяқтарын бірінен соң бірі жерге тигізіп жүреді, кейде жүгіріп, жаңбырдың күшеюін бейнелейді. <b>Бақылау-зерттеу:</b> Жаңбырдан кейінгі топырақтың, жапырақтардың, ағаштардың қалай өзгергенін бақылайды. <b>Еңбек:</b> Жаңбырдан кейін даладағы шаң-тозаңдарды сыпырып жинау, қажет жерлерді</p>	<p><b>№25</b> <b>Тақырып:</b> Қазан айындағы дала гүлдері мен өсімдіктері <b>Балалардың дербес әрекеті:</b> Балалар даладағы күзгі гүлдер мен өсімдіктерді байқап, олардың түсі мен пішінін зерттейді, гүлдердің қандай күйде екенін анықтайды. <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Гүл жинау жарысы»</b> Балалар белгіленген аймақтан күзгі гүлдерді жинап, ең әдемі гүл шоқтарын құрады. Бұл ойын жылдамдық пен жинақылықты дамытады. <b>Бақылау-зерттеу:</b> Даладағы өсімдіктердің күзгі кезеңдегі өзгерістерін бақылап, олардың қандай бөлшектерінің құрғап немесе түсіп қалғанын айтады. <b>Еңбек:</b> Жинаған гүлдерді</p>

	салыстырады, қайсысы қоңыр, қайсысы сарғылт, қызыл екенін талқылайды. Неліктен жапырақтар осылай өзгереді деген сұрақтар қойылады. <b>Еңбек:</b> Жиналған жапырақтарды бір орынға жинап, қоршау жасап, қоршау ішіне күзгі табиғат көрінісін жасауға көмектеседі.	бұтақтарын жинау, оны белгіленген орынға қою, дала тазалығын қамтамасыз ету.	салып, құстарды тамақтандыруға көмектеседі.	тазалау.	арнайы орынға қою, гүл шоқтарын жасау, топпен гүлдерді суару
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Топқа кіру:</b>  <b>Кіреберісте аяқ киімін сүртіп кіру</b> ескертіледі (егер лас болса).  <b>Шешіну және тазалық сақтау:</b>  Балалар сырт киімдерін тәртіппен шеше бастайды:  <b>бас киім, куртка, аяқ киім</b>  Киімдерін белгіленген орынға қояды (ілгішке іледі немесе себетке салады)  <b>Тәрбиеші балаларға көмектеседі</b>, бірақ өз бетінше шешінуге ынталандырады.  <b>Қол жуу:</b>  Балалар дәретханаға немесе жуыну бөлмесіне барып қолдарын жуады:  Сабындап жуу  Қолдарын сүрту (орамал немесе қағаз сүлгімен)  <b>Тазалық сақтау ережелері</b> қайталанады: «Қолымызды жуу — денсаулық кепілі!»</p>				
<b>Жеке жұмыс</b>	<b>Математикалық дағды</b> <b>Мақсаты:</b> Баланы 1–5 дейін тура санауға үйрету. <b>Жұмыс түрі:</b> Жеке әңгімелесу, санау. <b>Құрал:</b> Сандық карточкалар, 5 асық. <b>Тапсырма:</b> Асықты санап, сәйкес сандық карточканы қою	<b>Коммуникативтік дағды</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың сөздік қорын байыту, сөйлем құрату. <b>Жұмыс түрі:</b> Сурет бойынша тіл дамыту. <b>Құрал:</b> «Күзгі бақ» суреті. <b>Тапсырма:</b> Суретке қарап 2–3 сөйлем құрату.	<b>Шығармашылық дағды</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың ұсақ моторикасын, шығармашылық қабілетін дамыту. <b>Жұмыс түрі:</b> Мүсіндеу. <b>Құрал:</b> Пластилин, тақтайша. <b>Тапсырма:</b> Пластилиннен алма мүсіндеу.	<b>Артикуляциялық жаттығу</b> <b>Мақсаты:</b> Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. <b>Жұмыс түрі:</b> Артикуляциялық жаттығулар. <b>Құрал:</b> Айна, суретті карточкалар («м», «с», «т») дыбыстары бар сөздер). <b>Тапсырма:</b> Суреттерді атай отырып, дыбысты дұрыс айту.	<b>Физикалық дағды</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың қимыл-қозғалысын, ептілігін дамыту. <b>Жұмыс түрі:</b> Қимылды ойын. <b>Құрал:</b> Доп. <b>Тапсырма:</b> Допты 3 рет қатарынан жерге соғып, қағып алу.

<p><b>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</b></p>	<p><b>Ұтқырлық ойыны: «Қуып жет»</b>          Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, жылдамдығын дамыту.          Барысы: Балалар шеңберге тұрады, тәрбиеші бір баланы қуады. Қуып жетсе, рөл ауысады.</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны: «Құрастыр да ата» (пазл)</b>          Мақсаты: Құрастыру арқылы ойлау қабілетін жетілдіру.          Барысы: Балаларға бөлшектенген суреттер беріледі. Олар суретті құрастырып, не екенін айтады.</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны: «Геометриялық пішіндер»</b>          Мақсаты: Пішіндерді ажырату, салыстыру.          Барысы: Балаларға әртүрлі пішін карточкалары беріледі. Тәрбиеші «дөңгелекті тап», «үшбұрышты көрсет» дейді.</p>	<p><b>Бейнелеу әрекеті:</b>          Лего/кубиктен үй құрастыру          Мақсаты: Құрастыру дағдысын, қиялын дамыту.          Барысы: Балалар кубиктерден немесе лего бөлшектерінен шағын үй құрастырады.</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны: «Түстерді тап»</b>          Мақсаты: Негізгі түстерді ажырату.          Барысы: Тәрбиеші түрлі-түсті карточкаларды көрсетеді. Балалар сәйкес түсті тауып айтады.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>1. Баланың тәрбиесі туралы          Баланы сүйіспеншілікпен, мейіріммен тәрбиелеу – оның өзін-өзі бағалауын арттырады.          Баламен сөйлескенде жылы үн, жай сөз қолданыңыз.          Жақсы қылықтарын мадақтап, үлгі болуға тырысыңыз.</p> <p>2. Үйде оқу дағдысын қалыптастыру          Баламен бірге кітап оқуға уақыт бөліңіз.          Әріптер мен сандарды ойын арқылы қайталаңыз.          Баланың жасаған суреті, мүсіні, құрастырған затын мақтап, қабырғаға іліп қойыңыз.</p> <p>3. Денсаулық пен тәртіп          Балаға дұрыс күн тәртібін қалыптастырыңыз: ұйқы, тамақ, ойын, оқу уақыты.          Таңертеңгілік жаттығуға дағдыландырыңыз.          Көкөніс пен жемісті жиі пайдаланыңыз, тәттіні шектеңіз.</p>				



Тексерді ✓

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы****Білім беру ұйымы:** «Первомай ауылының ЖОББМ»КММ**Мектепалды «0 А» сыныбы****Балалардың жасы:** 5 жас**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2-апта 06-10 қазан 2025-2026 оқу жылы**Қыркүйек-Құндылық:** Тәуелсіздік және отаншылдық **Апта дәйексөзі:** «Туған жердің топырағы да ыстық, елі де қасиетті.»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.10.25	Сейсенбі 07.10.25	Сәрсенбі 08.10.25	Бейсенбі 09.10.25	Жұма 10.10.25
<b>Балаларды қабылдау</b>	«Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) <b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b> Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі «Қосалқа»</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен педагогтың күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b> Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>Адалдық әліпшесі</b> «Достық көмек» мақсаты:балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.</p>	<p><b>Ерте кәсіптік бағдар беру «Менің арманым»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың өз болашақ мамандығын армандап айтуына жағдай жасау, сөйлеу мәдениетін дамыту. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Қағаз, түрлі түсті қарындаштар, мамандық суреттері. <b>Ойын барысы:</b> Балаларға әртүрлі мамандық суреттері көрсетіледі (дәрігер, мұғалім, полицей, жүргізуші т.б.). «Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақ қойылады. Балалар қалаған мамандығын қағазға суреттеп салады. Әр бала суретін көрсетіп, «Мен дәрігер болғым келеді, өйткені адамдарға көмектесемін» деп түсіндіреді.</p>	<p><b>Құқықтық сауаттылық «Мен және менің құқығым»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз құқықтарын тануға және оны дұрыс қолдануға баулу. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Балалардың құқығын көрсететін суреттер (ойнау, оқу, демалу, тамақтану). <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші суреттерді көрсетіп: «Бұл қандай құқық?» деп сұрайды. Балалар: «Бұл – ойнауға құқым бар», «Бұл – оқуға құқым бар» деп жауап береді. Кейін әр бала өзіне маңызды бір құқығын атап айтады.</p>	<p><b>Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Теңге алу» (жеңілдетілген нұсқа)</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұлттық ойындарға қызықтыру, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Арнайы белгіленген орынға қойылған «теңге» (қағаз немесе пластмасса дөңгелектер). <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші ортаға «теңгені» қояды. Балалар кезекпен белгіленген жерден жүгіріп келіп, еңкейіп «теңгені» алады. Жеңімпаздар анықталады</p>	<p><b>Қаржылық сауаттылық«Отбасылық бюджет»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ақшаны дұрыс жұмсауға, үнемшілдікке тәрбиелеу. <b>Құрал-жабдықтар:</b> Ойыншық ақша, суреттер (азық-түлік, киім, ойыншық, кітап). <b>Ойын барысы:</b> Балаларға «отбасыға қажетті заттарды сатып алу» тапсырмасы беріледі. Әр балаға белгілі мөлшерде ойыншық ақша беріледі. Балалар өз ақшасына қажетті заттарды таңдап алады. Кейін бірге талқылайды: «Сен не сатып алдың? Неге осыны таңдадың?»</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу, шашырап жүгіру,бір саппен жүру. II. Жалпы даму жаттығулары 1. Б.қ. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып,3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз , 4-б.қ келу. 4-5рет 2. Б.қ.қолымыз алдымызда,1-оң жаққа бұрылу, 2-б.қ келу, 3-сол жаққа бұрылу, 4-б.қ келу. 4-5 рет. 3.Б.қ орамалды қолымызға ұстап,аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу. 4.Б.қ. аяғымыз қосамыз,екі қолға орамалды ұстап алға созу,</p>				

	<p>1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет  5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет  III. Тыныс алу жаттығулары  Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу.  «Сағат»-тырс-тырс</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</b></p>	<p><b><u>Қ.Р әнұранын айту</u></b>  «Менің отбасым»  «Отбасым – алтын қазынам» тақырыбында әңгіме.  Суреттер арқылы «Кім қайда?» ойыны.</p>	<p>«Жыл мезгілдері»  «Жыл мезгілдері» тақырыбында әңгіме.  Карточка арқылы «Қай мезгіл?» ойыны.</p>	<p>«Көліктер әлемі»  «Көліктер» суреттерін көрсету, әңгімелеу.  Дидактикалық ойын:  «Бұл қандай көлік?»</p>	<p>«Туған жерім – алтын бесігім»  Қазақстан картасымен таныстыру.  Ұлттық ою-өрнектерді бояу.</p>	<p>«Денсаулық – зор байлық»  Суреттер арқылы «Дұрыс пен бұрыс» әдеттерін ажырату.</p>
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b>  Шаштараз  <b>Міндеті:</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.  1.Жұмбақтар:  Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың.Бұл не? (Сабын)  Шомылған баланы Аймалап алады.  Сүртеді қолын да, Сүртеді жонын да. Бұл не? (Сүлгі)  2. «Шаштараз»өлеңін оқып беру  3. Қимылды ойын «Тарақ пен шаш»  Мақсаты: Қимыл-қозғалыс белсенділігін</p>	<p><b><u>1.Сауат ашу негіздері</u></b>  Біз нені үйрендік, нені білдік?  <b>Міндеті:</b> Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету  <b>1. «Қай дыбысты естідің?»</b>  Мақсаты: Дыбысты естіп, ажырату.  Барысы: Тәрбиеші сөздерді айтады: алма, ара, ат, бақа.  Балалар естіген алғашқы дыбысты атайды: а, а, а, б.  <b>2. «Дыбысты ұста»</b>  Мақсаты: Дауысты мен дауыссыз дыбысты тыңдау арқылы ажырату.  Барысы: Тәрбиеші әртүрлі сөздерді атайды.  Егер сөз дауыстыдан басталса – балалар қолдарын көтереді, Дауыссыздан басталса –</p>	<p><b><u>1 Математика негіздері</u></b>  7 саны және цифры  <b>Міндеті:</b> Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен таныстыру  1. «Жеті қадам» қимылды ойыны  Барысы: Балалар сыныпта қатарға тұрады.  Тәрбиеші: «7 қадам алға жүр!» дейді.  Балалар бірге санап, 7 қадам жасайды.  Қайтып келіп, тағы басқа бағытта 7 рет секіреді, 7 рет шапалақтайды.  2. «Жеті гүл»  Құралдар: 7 гүлдің суреті.  Барысы: Балаларға гүл суреттері көрсетіледі.  Тәрбиеші: «Бұл қанша</p>	<p><b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b>  Ең тәтті нәрсе  <b>Міндеті:</b> Байланыстырып сөйлеу  Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,  әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу  <b>1."Ең тәтті нәрсе»</b>  ертегісін оқып беру  <b>2. Ертегі кейіпкерлері</b>  кімдер екенін,ертегі мазмұнын сұрау  3.Балалардың өздерінен ең тәтті не нәрсе екенін сұрау,жауаптары бойынша қызығушылық танытып,ойларын жеткізуге дағдыландыру  4.Балалардың пікірі</p>	<p><b><u>1.Сауат ашу негіздері</u></b>  Буын  <b>Міндеті:</b> Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау  <b>1. «Сөзді буынға бөл»</b>  Мақсаты: Сөзді дұрыс буынға бөлу.  Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (ал-ма, қа-рыс, ба-ла).  Балалар қол соғып немесе шапалақтап буынға бөледі.  <b>2. «Қанша буын?»</b>  Мақсаты: Сөздегі буын санын табу.  Құралдар: Суреттер (алма, мысық, қоян, мектеп).  Барысы: Балалар суретті таңдайды.  Атаған сөзін буынға</p>

<p>дамыту. Ойын барысы: Балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші «Тарақ!» дегенде балалар қолымен тарақтайды, «Шаш!» дегенде шаштарын ұстайды, «Шаштараз!» дегенде бір-біріне қарап қимылдайды <b>Күтілетін нәтиже:</b> Тұрмыстық кәсіп түрімен танысады, сөздің қорлары қалыптасады <b>2. Математика негіздері</b> 7 саны және цифры <b>Міндеті:</b> 7 цифрымен таныстыру <b>1. «Цифрды тап»</b> Мақсаты: 7 цифрын басқа сандардан ажырату. Құралдар: 1–9 сандары жазылған карточкалар. Ойын барысы: Карточкалар араластырылып қойылады. Балалар ішінен «7» цифрын тауып көрсетеді. <b>2. «Жеті гүл» ойыны</b> Мақсаты: 7 санының құрамын меңгерту. Құралдар: 7 күлтесі бар</p>	<p>алақандарын соғады. <b>3. «Қайда жасырынып қалды?»</b> Мақсаты: Сөз ішіндегі дыбыстың орнын табу. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады: бал, алма, ара. Балалар белгілі дыбыс қай жерде тұрғанын айтады: а – басында, ортасында, соңында. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Дыбыстардың дауысты, дауыссыз түрлерін ажыратады <b>2. Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Өсімдіктердің көбеюі <b>Міндеті:</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. <b>1. «Өсімдікті құрастыр»</b> Мақсаты: Өсімдік бөліктерін ажырата білу. Құралдар: Өсімдік бөліктерінің қиынды суреттері (тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс). Барысы: Балалар бөліктерден өсімдікті құрастырып, қай бөлігінен жаңа өсімдік шығатынын айтады. <b>2. «Өс, өсімдік!»</b> <b>қимылды ойыны</b></p>	<p>гүл?» – дейді. Балалар дауыстап санайды, соңғысын ерекше атап: «Бұл жетінші гүл!» дейді. 3. «Жеті үйрек» Құралдар: Су бетінде жүзген 7 үйректің суреті. Барысы: Тәрбиеші суретті көрсетеді. 1 үйрек кетіп қалса, қанша қалады? Балалар есеп шығарып айтады: <math>7 - 1 = 6</math>. Басқа нұсқалар да беріледі (<math>7 - 2</math>, <math>7 - 3</math>...) <b>Күтілетін нәтиже:</b> 7 санының пайда болуын түсінеді <b>2. Сауат ашу негіздері</b> <b>Дыбыстар әлемі</b> Міндеті: Үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау <b>1. «Артық дыбысты тап»</b> Мақсаты: Дыбыстарды салыстыра білу. Барысы: Тәрбиеші дыбыстарды тізбектеп айтады: б, б, б, п. Балалар артық дыбысты табады: п. <b>2. «Дыбыстан сөз құра»</b></p>	<p>бойынша тәтті нәрсенің суретін салғызу <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>2. Математика негіздері</b> 8 саны және цифры <b>Міндеті:</b> 8 цифрымен таныстыру <b>1. «8-ге дейін сана»</b> Мақсаты: Санау дағдысын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Бірінші бала «1» дейді, екіншісі «2», осылай жалғасады. 8 санына жеткенде бала қолын жоғары көтеріп, «Сегіз!» деп айтады. <b>2. «Сегіз затты ата»</b> Мақсаты: Сөздік қорын байыту, санау. Балаларға тапсырма беріледі: – 8 жануар ата – 8 ойыншық ата – 8 жеміс ата <b>3. «Кімнің қолында 8?»</b> Мақсаты: Зейінді дамыту. 1–9 сандар жазылған карточкалар үлестіріледі. «Кімнің қолында 8 саны бар?» дегенде бала орнынан тұрып, санын көрсетеді <b>Күтілетін нәтиже:</b> 8 санының пайда болуын түсінеді <b>3. Қазақ тілі</b> Бүлдірген</p>	<p>бөліп, санын атайды: алма – 2 буын, мек-теп – 2 буын. <b>3. «Буындардан сөз құрастыр»</b> Мақсаты: Буындарды қосып сөз жасау. Құралдар: Буындар жазылған карточкалар (ба, ла, ан, на, шы т.б.). Барысы: Балалар екі буынды қосып сөз құрайды: бала, ана, на-ша. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Буын туралы ұғым қалыптасады <b>2. Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады? <b>Міндеті:</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. <b>1. «Неден жасалған?»</b> Мақсаты: Балалардың ойлауын, байқағыштығын дамыту. Тәрбиеші суреттер немесе нақты заттар</p>
--	--	---	--	--

<p>гүл. Ойын барысы: Балалар әр күлтеге бір-бірден дөңгелек қояды. Соңында бәрі бірге санайды: «1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 – жеті гүл күлтесі».</p> <p><b>3. «Кім тез 7 зат табады?»</b> Мақсаты: 7 затты ажыратып, санау дағдысын бекіту.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға сынып ішінде 7 затты (ойыншық, қарындаш, кітап, т.б.) табу тапсырмасы беріледі.</p> <p>Тапқан бала заттарды санап көрсетеді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> 7 цифрын ажырата алады</p> <p><b><u>3.Қазақ тілі</u></b> Қарбыз</p> <p><b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p><b>1.Жұмбақ</b> Жасыл ала,дөңгелең Бақшада жатыр дөңгелеп</p> <p><b>2.«Дәмді қарбыз»</b> Мақсаты: Сын есімдерді қолдану.</p> <p>Құралдар: Қарбыз суреті.</p> <p>Ойын барысы:</p>	<p>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс арқылы өсімдік өсуін бейнелеу.</p> <p>Барысы: Балалар тұқым сияқты бүгіледі.</p> <p>Тәрбиеші: «Күн шықты, жаңбыр жауды» дегенде балалар қолдарын жайып, баяу өсе бастайды.</p> <p>Соңында гүл сияқты «ашылады».</p> <p><b>3.Бөлмедегі гүлдерді</b> суғару,шаңын сүрту,түбін қопсыту сияқты жұмыстар жасату</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдылары қалыптасады</p> <p><b><u>3.Көркем әдебиет</u></b> Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа</p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p><b>1.Жұмбақ</b> Екі басы,жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай.Ол не? (Құмырсқа)</p> <p><b>2.Әңгімені оқып</b> беру,мазмұнын ашуға балаларға сұрақтар қою</p>	<p>Мақсаты: Дыбыстарды сөз ішінде қолдануға үйрету.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші белгілі дыбыс береді: м.</p> <p>Балалар сол дыбыстан басталатын сөздер айтады: мама, мысық, машина.</p> <p><b>3. Дыбыстық талдау жаса»</b> Мақсаты:3-4 дыбыстан тұратын сөздерге талдау жасайды</p> <p>Барысы: доп, алма, ана, қап сөздеріне дыбыстық талдау жасайды</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Сөздерге дыбыстық талдау жасап үйренеді</p> <p><b><u>3.Көркем әдебиет</u></b> Шаруа мен аю</p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p>1.Ертегіні мәнерлеп</p>	<p><b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p><b>1.Шағын өлең жаттату:</b> Тәп-тәтті қырдағы бүлдірген, Таңдайға балдай боп жағатын.</p> <p>Бүлдірген тереміз бір-бірден, Біреуі ауызды табатын.</p> <p><b>2.Жаңылтпаш:</b> Бүлдіргенді бүлдірген, Бүлдірмей тердім бүлдірген.</p> <p><b>3.Бүлдіргеннің суретін салып бояу</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b>жалытпаш айту дағдылары қалыптасады</p> <p><b>4.Музыка</b> «Күз–жомарт»</p> <p><b>Міндеті:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту</p> <p><b>Ән айту</b> <b>Ән:</b> «Күз жомарт» (балаларға жеңіл, шат көңілді ән)</p> <p>Алдымен тәрбиеші орындайды.</p> <p>Балаларға буынға бөліп үйретеді.</p> <p>Әнді орындағанда балалар қимыл жасайды: – «Жапырақтар ұшты» –</p>	<p>көрсетеді: орындық, үстел, киім, кесе, доп.</p> <p>Балалар жауап береді: – Орындық – ағаштан. – Кесе – әйнектен. – Киім – матадан. – Қасық – металдан.</p> <p><b>2. «Артық затты тап»</b> Мақсаты: Топтастыруға үйрету.</p> <p>3 ағаштан жасалған зат (орындық, үстел, есік) және 1 темір зат (қасық) көрсетіледі.</p> <p>Балалар артық затты табады.</p> <p><b>3. «Не сынғыш? Не сынбайды?»</b> Мақсаты: Материалдардың қасиеттерін түсіну.</p> <p>Балаларға суреттер көрсетіледі: әйнек стакан, темір қасық, пластмасса доп, ағаш таяқ.</p> <p>Сұрақ: «Қайсысы сынғыш? Қайсысы сынбайды?»</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын біледі</p> <p><b><u>3. Шығармашылық</u></b> <b><u>Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</u></b> Жидектер</p>
--	---	--	--	---

	<p>Тәрбиеші: «Қарбыз қандай?» – деп сұрайды. Балалар жауап береді: Тәтті, қызыл, үлкен, домалақ.</p> <p><b>3.Шағын өлең:</b> Теңбіл-теңбіл қарбызды, Тентек Серік жарғызды. Сонан соң оны жеді, Жеді де, былай деді: – Сүйегі болмаса, еті Неткен тәтті еді</p> <p><b>4. «Қарбызды боя»</b> Мақсаты: Түстерді ажырату, сөйлеуін дамыту. Құралдар: Қарбыздың ақ-қара суреті. Ойын барысы: Балалар қарбыздың сыртын жасыл, ішін қызыл түске бояйды.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>4.Дене тәрбиесі</b> Жаттығулар <b>Міндеті:</b> Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.Түзу бағытта адымдап жүру.Жұбымен шеңбер бойымен жүру</p> <p><b>1. «Қимылды қайтала»</b> Мақсаты:</p>	<p><b>3.Дидактикалық ойын:«Суреттер сөйлейді»</b> Тақтаға дақылдардың суреттері ілінеді.Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Қай суреттің жоқ екенін табады.</p> <p><b>Мақал жаттау</b> Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>Әңгіме мазмұнын түсінеді</p> <p><b>4.Музыка</b> «Күз–жомарт»</p> <p><b>Міндеті:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту</p> <p><b>1. «Әуенді таны»</b> Мақсаты: Музыканы есту қабілетін дамыту. Тәрбиеші таныс әндерден қысқа әуен ойнайды. Балалар қай ән екенін табады (мысалы, «Біз өмірдің гүліміз», «Әрқашан күн сөнбесін»).</p> <p><b>2. «Аспапты тап»</b> Мақсаты: Музыкалық аспаптардың үнін ажырату. Тәрбиеші әртүрлі аспапты дыбыс шығарады (барабан, сылдырмақ, үшбұрыш). Балалар қай аспап екенін табады.</p>	<p>оқып беру</p> <p>2.Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру</p> <p>3.Ертегіні рөлдерге бөліп саханалату</p> <p>4. «Аюға берме!» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдықпен қимыл дағдысын дамыту. Балаларға «шаруа» мен «аю» рөлдері беріледі. «Жер асты жемісі» дегенде балалар отырып қолдарын төмен көрсетеді. «Жер үсті жемісі» дегенде қолдарын жоғары көтереді. Аю шатасып қимылды қайталаса – ойыннан шығады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Ертегі мазмұнын түсінеді,рөлдерге бөліп ойнайды</p> <p><b>4.Дене тәрбиесі</b> Жаттығулар <b>Міндеті:</b> Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен</p>	<p>қолдарын жайып төмен түсіреді. – «Жеміс-жидек толды» – қолдарын себетке жинағандай қимыл жасайды.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>«Жеңіл би»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрыпсеріппежасап,шеңбердіңортасынажиналып,қолдарыншапалақтайдыда, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>жеңіл ән айту дағдылары қалыптасады</p>	<p><b>Сурет салу.</b> Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу</p> <p><b>Жапсыру:</b> Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p><b>Құрастыру</b> Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Сурет салу Балалар гуашь немесе фломастермен түрлі түсті жидектер (бүлдірген, қарақат, таңқурай) салады. Шаршы немесе дөңгелек түрінде штамп әдісімен де</p>
--	---	--	--	---	--

<p>Жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету. Барысы: Тәрбиеші бір қимылды көрсетеді (қолды көтеру, еңкею, секіру). Балалар дәл сол қимылды қайталайды. «Кім дұрыс жасады?» деп тексеріледі. <b>2. «Жаттығуды тап»</b> Мақсаты: Сөзді естіп, сәйкес қимылды орындау. Барысы: Тәрбиеші айтады: «Қолды соз!», «Тізені бүк!», «Секір!» Балалар тез орындауы керек. Жаңа қимылдар қосылып, ойын күрделене түседі. <b>3. «Қимылдарды шатастырма»</b> Мақсаты: Зейінін дамыту. Барысы: Тәрбиеші «Қолды көтер!» деп айтып, бірақ өзі басқа қимылды көрсетеді. Балалар сөзге қарап орындауы тиіс. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Таныс дене жаттығуларын жасайды</p>	<p><b>Ән айту</b> <b>Ән: «Күз жомарт»</b> (балаларға жеңіл, шат көңілді ән) Алдымен тәрбиеші орындайды. Балаларға буынға бөліп үйретеді.  Әнді орындағанда балалар қимыл жасайды: – «Жапырақтар ұшты» – қолдарын жайып төмен түсіреді. – «Жеміс-жидек толды» – қолдарын себетке жинағандай қимыл жасайды. <b>Күтілетін нәтиже:</b> ән айту дағдылары қалыптасады</p>	<p>үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру <b>1. «Жаттығу пойызы»</b> Мақсаты: Ұжымдық қимыл-қозғалысқа үйрету. Барысы: Балалар бір-бірінің артынан тұрып, «пойыз» болады. Әр аялдамада бір жаттығу жасайды (қолды созу, еңкею, секіру). «Пойыз» келесі аялдамаға қозғалады. <b>2. «Кім тез орындайды?»</b> Мақсаты: Шапшаңдықты дамыту. Барысы: Тәрбиеші жаттығуды атайды. Балалар оны тез және дұрыс орындап шығуы тиіс. Ең жылдам орындаған бала мақтау алады. Күтілетін нәтиже: Таныс дене жаттығуларын</p>			<p>бейнелеуге болады (мақта таяқшасымен бояу батыртып). Мүсіндеу Балалар пластилиннен кішкентай дөңгелек шар жасап, жидектерді мүсіндейді. Әр түрлі түсті (қызыл – бүлдірген, қара – қарақат, көк – көкжидек). Құрастыру қағаздан жидек пішіндерін қиып, жіпке тізіп «жидек бұтағын» құрастырады. Жапсыру Әртүрлі түсті дөңгелек пішіндер (қызыл, қара, көк) қиып, себеттің ішіне жапсырады. Қосымша жасыл жапырақтар жапсырып әсемдеуге болады. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жидектердің түсін, пішінін ажыратады; Ұсақ моторикасы дамиды; Шығармашылық қабілеті артады. <b>4. Дене тәрбиесі</b> Жүгіру <b>Міндеті:</b> Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут</p>
--	--	---	--	--	---

					<p>тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20метр) жүгіру</p> <p><b>1. «Жылдам – баяу – орташа»</b> Мақсаты: Әртүрлі қарқынмен жүгіруге үйрету. Тәрбиеші ысқырық немесе барабан дыбысын қолданады. 1 соққы – баяу жүгіру, 2 соққы – орташа, 3 соққы – жылдам жүгіру. Балалар дыбысқа сәйкес жылдамдықты өзгертіп жүгіреді (1,5–2 минут тоқтамай).</p> <p><b>2. «Кедергілерден өт»</b> Мақсаты: Шапшаңдық пен икемділікті дамыту. Жолға кедергілер қойылады (секіргіш, конус, таяқшалар). Балалар баяу, орташа, жылдам қарқынмен жүгіру арқылы кедергілерден өтеді.</p> <p><b>3. «Жүгіру мен жүру»</b> Мақсаты: Жүру мен жүгіруді алмастыру. Балалар алаңды айнала жүгіреді.</p>
--	--	--	--	--	---

				<p>Белгі берілгенде жүрумен ауыстырады. 100–120 метр арақашықтық бойы осылай жалғасады.</p> <p>Мақсаты: Жылдамдыққа жүгіруді жетілдіру.</p> <p>Белгіленген қашықтық (20 м) сызылады. Балалар сызықтан сызыққа дейін жарысады. 2–3 рет қайталанады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Жылдамдыққа жүгіру дағдылары қалыптасады.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b></p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>			

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Қоңыр күзді бақылау, салыстыру  <b>Мақсаты:</b> Қоңыр күзді, алғашқы күзбен салыстыру, табиғат ерекшеліктерін ажырату.</p> <p><b>Балалардың дербес әрекеті:</b>  Балалар күзгі табиғатты аралап, ағаштардың жапырақтарының түсін байқай отырып, өзгерістерді сөйлесіп талдайды.  <b>2.Қимылды ойын:</b>  «Үрпек төбет»,  «Жасырынбақ»  «Үрпек төбет»: Балалар жүгіру мен тепе-теңдікті дамытатын ойын ойнайды.  «Жасырынбақ»: Балалар белгіленген жерде жасырынып, бірін-бірі іздейді.  <b>Бақылау-зерттеу:</b>  Балалар жапырақтардың түсінің өзгеруін, ағаштардың жапырақсыз қалуын салыстырады, күздің суық екендігін түсінеді.  <b>Еңбек:</b>  Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеріп, еңбекке баулу</p>	<p><b>Бақылау:</b> Құмдағы іздерді бақылау  <b>Мақсаты:</b> Құмдағы іздердің қайсысы кімнің екенін ажыратуға үйрету.  <b>Балалардың дербес әрекеті:</b>  Балалар құмдағы әртүрлі іздерді мұқият зерттеп, салыстырады, өздерінің іздерін анықтайды.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Іздермен жарыс»  Балалар белгіленген іздерді іздеп, жылдам табу жарысын өткізеді. Бұл ойын зейін мен жылдамдықты дамытады.  <b>Бақылау-зерттеу:</b>  Балалар іздердің пішіні мен өлшемін салыстырып, олардың қай жануарға немесе адамға тиесілі екенін талқылайды.  <b>Еңбек:</b>  Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеріп, жұмыс істейді.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жерге түскен жапырақтарды бақылау  <b>Мақсаты:</b>  Жапырақтардың жерге түсу себептері мен түс ерекшеліктерін түсіндіру.  <b>Балалардың дербес әрекеті:</b>  Балалар жапырақтарды жинап, олардың түсін, пішінін және күйін зерттейді.  <b>Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек»</b>  Балалар ойын барысында жылдамдық пен зейінін дамытып, бір-бірін іздеп жүгіреді.  <b>Бақылау-зерттеу:</b>  Балалар жапырақтардың құрғап, түсі өзгергенін және неге түскенін талқылайды.  <b>Еңбек:</b>  Құмсалғыштың ішіндегі жапырақтарды жинап, тазалайды</p>	<p><b>Бақылау:</b> Құстардың қысқа дайындалуы  <b>Мақсаты:</b> Құстардың қысқа қалай дайындалатынын, жем іздеу әрекеттерін бақылау.</p> <p><b>Балалардың дербес әрекеті:</b>  Балалар балабақша ауласындағы құстарды қарап, олардың қалай жем іздейтінін, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын байқайды.  <b>Қимылды ойын: «Құс ұшуы»</b>  Балалар құстар секілді қолдарын қағып, топ болып ұшу қозғалыстарын қайталайды, топпен үйлесімді қозғалысты дамытады.  <b>Бақылау-зерттеу:</b>  Балалар құстардың жем іздеу және азық жинау әрекеттерін бақылайды, олардың қысқа қалай дайындалатынын түсіндіреді.  <b>Еңбек:</b>  Мектепа ауласындағы құстарға жем салып, қоректенуге көмектесу.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күзгі ауа райының өзгеруі  <b>Мақсаты:</b> Күннің суықтап, желдің күшеюін бақылау, ауа райының өзгерісін сезіну.</p> <p><b>Балалардың дербес әрекеті:</b>  Балалар далада отырып, желдің күшін сезініп, өзара әңгімелеседі. Ағаш жапырақтарының желмен қалай тербелетінін бақылайды.  <b>Қимылды ойын: «Жел соғып тұр»</b>  Балалар желдің күшін сезінгендей қолдарын желпіп, жапырақтар секілді желмен ұшып жүргенін көрсетеді.  <b>Бақылау-зерттеу:</b>  Ағаштардың жапырақтарының желмен қалай ұшып, түскенін мұқият қарап, ауа райының өзгерісін талдайды.  <b>Еңбек:</b>  Шашылған жапырақтарды жинап, бір жерге топтастыру.</p>
----------------------	--	---	--	---	--

<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).				
<b>Жеке жұмыс</b>	..... ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру	..... құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу	..... салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету	..... әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету	..... заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу
<b>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</b>	Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру. ( <b>зерттеу іс-әрекеті</b> ) Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. ( <b>Шығармашылық іс-әрекет</b> ), ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> )	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. ( <b>зерттеу іс-әрекеті</b> ) Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар ( <b>Шығармашылық іс-әрекет</b> ),	Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. ( <b>енбек іс-әрекеті</b> ) Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> )	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> ) Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. ( <b>Қарым-қатынас іс-әрекеті</b> )	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге қарап, күзгі табиғатты бейнелеу. ( <b>Бейнелеу іс-әрекеті</b> ) Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру ( <b>Шығармашылық, танымдық іс-әрекет</b> )
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b>				



## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Первомай ауылының ЖОББМ»КММ

Мектепалды 0 «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта 09 -13 қазан 2025-2026 оқу жылы

Құндылық – Тәуелсіздік және отаншылдық **Апта дәйексөзі:** «Отанды сүю – отбасынан басталады!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.10.25	Сейсенбі 14. 10.25	Сәрсенбі 15.10.25	Бейсенбі 16.10.25	Жұма 17.10.25
Балаларды қабылдау	<p>Балаларды қарсы алу «Көңіл күй доминосы» ойыны: бала көңіл күйін бет әлпетімен көрсетеді, тәрбиеші немесе басқа бала қайталайды. Әр баланы жеке қарсы алып, жылы сөздермен еркелету. Эмоциялық күйін бақылау. <b>«Жезкиік» күйін таңертең тыңдату. Мақсаттары:</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың ішкі жан дүниесін тыныштандыру, эмоциялық жайлылық орнату. Ұлттық музыкаға қызығушылығын ояту. <b>Қолдану жолы:</b> Музыка төмен дыбыспен, тыныш фон ретінде ойнауы керек — бұл баланың психикасына жағымды әсер етеді, әрі мазаламайды. Күй ойнап тұрған кезде тәрбиеші кейбір балалардан: -«Қандай көңіл-күй сыйлайды бұл күй?» -«Қай жануарды елестеттің?» — деген сынды ашық сұрақтар арқылы балалардың елестету қабілетін де дамыта алады <b>Тәрбиелік мәні:</b> «Жезкиік» күйі — табиғатпен үндестік, еркіндік, тазалық пен сұлулықтың бейнесі. Балалар күйді тыңдай отырып, ішкі тыныштықты, ұлттық рухты, музыканың сұлулығын сезіне бастайды.</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<p><b>Ата-аналарға кеңес:</b> <b>Тақырып:</b> Таңғы қабылдау кезінде баланың эмоциялық жай-күйіне көңіл бөліңіз <b>Мақсаты:</b> Баланың бір күнін жақсы көңіл-күймен бастауына жағдай жасау <b>Кеңес мазмұны:</b> Құрметті ата-аналар! Балаңызды мектепке әкелген кезде жылы шыраймен қоштасуға тырысыңыз. Мысалы, құшақтап, жылы сөз айтып шығарып салыңыз. Таңғы көңіл-күй – баланың бүкіл күніне әсер етеді. Сондай-ақ, кешке баладан: «Бүгінгі күнің қалай өтті?» – деп сұрауды ұмытпаңыз. Бұл – сіздің балаңызға деген қызығушылығыңызды көрсетеді және балада сенімділік пен қауіпсіздік сезімін тудырады</p>				

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p>Қимылдық ойын: «Кім тез?»          Мақсаты: Балалардың жылдамдық, ептілік және реакция жылдамдығын дамыту.          Барысы: Балалар шеңберге тұрады.          Тәрбиеші белгі бергенде бәрі белгілі бір қозғалысты (мысалы, 3 рет секіру, 2 рет айналу) орындайды. Қай бала тез және дұрыс орындайды – сол жеңімпаз болады.</p>	<p>2. Ұлттық ойын: «Сақина тастау»          Мақсаты: Дәстүрлі ұлттық ойын арқылы байқампаздық пен зейінді дамыту.          Барысы: Балалар шеңберге отырады. Бір бала сақинаны қолында ұстап, алақандарын жаба отырып, айналып жүреді. Сақинаны біреудің қолына тастайды. Сол бала орнынан тұрып, қуып жетуге тырысады.</p>	<p>3. Сюжетті-рөлдік ойын: «Дәрігер»          Мақсаты: Балалардың рөлдік қиялын, тіл байлығын және адамгершілік қасиеттерін дамыту.          Барысы: Бір бала дәрігер, қалғандары – науқастар немесе ата-аналар рөлінде болады. Балалар «емхана» ойынын ойнайды: дәрігер кеңес береді, «укол» салады, кенестер жазады.</p>	<p>4. Үстел үсті-баспа ойыны: «Лото»          Мақсаты: Балалардың назарын, есте сақтауын және сәйкестендіру дағдыларын дамыту.          Барысы: Балаларға лото тақталары және суреттер немесе сандар бар карточкалар беріледі. Сәйкес суреттерді өз тақтасына қойып отырады. Қай бала бірінші толтырса – сол жеңеді.</p>	<p>5. Бейнелеу іс-әрекеті: «Саусақпен сурет салу»          Мақсаты: Саусақ моторикасын, түстерді ажырату және шығармашылық қабілетін дамыту.          Барысы: Балалар саусақтарын бояуға батырып, қағаз бетіне сурет салады (мысалы, ағаш, гүл, күн т.б.).</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>I. Бір саппен жүру. Денені тік ұстау. Дабыл бойынша балалар кері айналып әрі қарай жүреді. Тізесін жоғары көтеріп жүру, жүгіру. Үш сапка бөлініп тұру.          II. Жалпы даму жаттығулары          1. Б.к. Тіке тұру, жалауша алда, 1 – жалаушаны жоғары көтереміз, 2 – жалаушаны екі жанымызға түсіреміз, 3 – төменге түсіру, 4 – б.к келу. 5 – 6 рет          2. Б.к. Аяқ алшақ, оң қолымыз жоғары, сол қолымыз төменде 1-2 алға, 3-4 артқа қозғаймыз, сол қолымызды көтеріп, оң қолды төмен түсіріп қайталаймыз 5 – 6 рет          3. Б.к. жалаушаны алға ұстап, 1 – тізе бүгіп отыру-тұру.          4. Б.к. еденге отыру, 1 – жалаушаны жоғары көтеріп, 2 – еңкейіп төмен түсіру, 3 – жалаушаны жоғары көтеріп, төмен түсіру. 5 – брет.          5. Шалқамыздан жатып, жалаушаны рул етіп велосипед тебеміз          III. Тыныс алу жаттығуы          Саппен жай жүру, тыныс алу жолдарына жаттығу          «Насос» с – с – с</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)</b></p>	<p><u>Әнұран орындау</u>          1. Зейінді шоғырландыру ойыны: «Тыңда және жаса!»          Мақсаты: Баланың зейінін, тыңдау және орындау дағдысын дамыту.          Барысы: Тәрбиеші түрлі нұсқаулар</p>	<p>2. Артикуляциялық ойын: «Айна алдындағы жаттығу»          Мақсаты: Тіл бұлшықеттерін жаттықтыру, дұрыс дыбыстауға дайындау.          Қажет құрал: Айна (жеке немесе ортақ)          Барысы (әр жаттығу 5–7</p>	<p>3. Психологиялық дайындық: «Күн сәулесі»          Мақсаты: Баланың эмоционалды күйін тұрақтандыру, көңіл-күйін көтеру.          Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші айтады:</p>	<p>4. Дыбыстық ойын: «Не естідің?»          Мақсаты: Тыңдау және дыбысты ажырату қабілетін дамыту.          Барысы: Тәрбиеші көзін жұмған балаларға әртүрлі дыбыстар шығарады: қоңырау, шапалақ,</p>	<p>5. Қимылды-артикуляциялық жаттығу: «Кішкентай айна»          Мақсаты: Зейінді және сөйлеу мүшелерін дамыту.          Барысы: Балалар тәрбиешіге қарап,</p>




	<p>– Қолыңды көтер!  – Екі рет шапалақта!  – Алақаныңмен бетінді жаб!  – Бір аяқпен тұр!  Балалар тек «Тыңда!» деген сөзден кейін ғана орындайды. Қалған кезде қозғалыс жасамауы керек.</p>	<p>«Ат шаптырады» – тілді таңдайға тигізіп «цок-цок» ету  «Сағат» – тілді оңға-солға жылжыту  «Тәтті тосап» – тілді шығарып, ерінді жалау  «Кесе» – тілді төмен түсіріп, аузын ашық ұстап тұру  «Жанбыр» – тілмен таңдайды жылдам ұру</p>	<p><i>тұр! Қолымызды жоғары созып, күннің жылуын ұстайық! (қимыл жасайды)</i>  <i>Сол жылуды жүрегімізге апарып басайық... (қолды жүрекке қою)</i>  <i>Күлімдейік, біз бәріміз доспыз!»</i></p>	<p>қасықтың тықылы.  Балалар: «Қандай дыбыс естідің?» деп жауап береді. Дұрыс жауап – 1 жұлдызша</p>	<p>артикуляциясын айнадағыдай дәл қайталайды (мысалы, ерінді шығару, тіл шығару, бетті қисайту).</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<p><b>1.Тіл дамыту</b>  Әжесін кім жақсы көреді  <b>Міндеті:</b> Байланыстырып сөйлеу  Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу  <b>Тәрбиеші түсіндіруі :</b>  – Балалар, сендер әжелерінді жақсы көресіңдер ме?  – Әже бізге не үйретеді? (Жақсылыққа, қамқорлыққа, еңбекке үйретеді.)  – Әже немересін қалай еркелетеді?  – Әжеміз бізге тәтті</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздер</b>  Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз  <b>Міндеті:</b> Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  – <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  – Балалар, бүгін біз сөзді буынға бөліп, оны сызба түрінде көрсетуді үйренеміз.  – Алдымен «буын» деген не екенін еске түсірейік.  <b>Түсіндіру:</b>  – Сөз айтылғанда, біз дауысты дыбыстарды естиміз.  – Әр дауысты дыбыс – бір буын құрайды.  <b>Мысалы:</b>  ба-ла – екі буын.</p>	<p><b>1 Математика негіздері</b>  9 саны және цифры  <b>Міндеті:</b> 9 цифрымен таныстыру  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  – Балалар, өткен сабақта біз қай санмен таныстық? (8)  – Дұрыс! Ал бүгін біз жаңа санмен танысамыз. Ол – 9 саны.  <b>Тәрбиеші заттарды көрсетеді:</b>  – Мына үстелде 9 алма бар. Қане, бірге санайық:  <b>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.</b>  – Егер бір алманы алсақ, неше қалады? (8)  – Ал біреуін қосқанда, неше болады? (9)  <b>Түсіндіру:</b>  – Демек, 9 саны – 8-ден кейін, 10-нан бұрын келеді.  – 9 саны 8-ге 1-ді қосқанда пайда болады:  <b>8 + 1 = 9</b>  – Ал 9-дан 1-ді алсақ, 8 қалады:</p>	<p><b>1.Тіл дамыту</b>  Үлгілі бала  <b>Міндеті</b> Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.  Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  – Балалар, «үлгілі бала» деген кім деп ойлайсыңдар?  (Балалардың жауаптары тыңдалады: «жақсы оқитын», «ұқыпты», «сәлемдесетін» т.б.)  – Дұрыс айтасыңдар.  Үлгілі бала – үлкенді сыйлайды, кішіні құрметтейді, өтірік айтпайды, тәртіпті болады.  – Ол мектепке, балабақшаға уақытында келеді, тапсырмасын орындайды, достарына</p>	<p><b>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</b>  Көшедегі қауіпсіздік  <b>Міндеті:</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  Балалар, біз күн сайын көшеге шығамыз: мектепке келеміз, дүкенге барамыз, ата-анамызбен серуендейміз.  Көшеде жаяу адамдар, көліктер, велосипедтер жүреді.  Сондықтан көшеде</p>

тағамдар пісіреді, ертегі айтып береді.  
 – Біз де әжемізге көмектесеміз, жақсы сөз айтамыз.  
 – Қазір «Әжесін кім жақсы көреді?» әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.  
**1. «Әже не істеп жатыр?»**  
**Мақсаты:** Балалардың сөйлеу тілін дамыту, кимылдарды сипаттап айтуға үйрету.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші суреттер көрсетеді (әже қамыр илеп жатыр, әже жіп иіріп отыр, әже немересін сипап отыр).  
 Балалар:  
 – Әже қамыр илеп жатыр.  
 – Әже жіп иіріп отыр.  
 – Әже немересін жақсы көріп отыр  
**«Жақсы сөз айт!»**  
**Мақсаты:** Балаларды мейірімді сөз айтуға, жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.  
**Барысы:**  
 Балалар допты бір-біріне лақтырып, «Әжеме айтамын...» деп жақсы сөз айтады:  
 – «Әжеме рахмет!»  
 – «Әжеме гүл берем!»  
 – «Әжем мейірімді!»  
**Күтілетін нәтиже:** сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап

**ал-ма** – екі буын.  
**мы-сық** – екі буын.  
**күн** – бір буын.  
 – Демек, сөздің буын саны – онда қанша дауысты дыбыс бар екеніне байланысты.  
**Сызба түрінде көрсету:**  
**Тәрбиеші тақтада көрсетеді:**  
 Сөз  
 Буынға бөлу  
 Сызбасы  
 Алма ал-ма ○—○  
 балаба-ла ○—○  
 гүл гүл ○  
 қоян қо-ян ○—○  
 кітап кі-тап ○—○  
**Дидактикалық ойындар:**  
**1. «Буынға бөл де, сыз!»**  
**Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу және сызба жасау дағдысын қалыптастыру.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші сурет көрсетеді (алма, қоян, гүл, кітап).  
 Балалар сөзді атайды, буынға бөледі, тақтаға сызбасын салады.  
 Мысалы:  
 – «Ал-ма» – ○—○  
 – «Гүл» – ○  
**2. «Қанша буын бар?»**  
**Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды ажырата

**9 – 1 = 8**  
**Цифрды таныстыру:**  
 – Бұл – **9 цифры**.  
 – Ол дөнгелек және сызықтан тұрады.  
 – 9 цифрын жазу үшін алдымен кішкене дөнгелек, одан кейін төменге түскен сызық сызамыз.  
**Дидактикалық ойындар:**  
**1. «Сана да ата»**  
**Мақсаты:** 9 санына дейінгі заттарды санауға үйрету.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (алма, гүл, доп).  
 Балалар санайды:  
 – «1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.»  
 – «Барлығы – 9 гүл.»  
**2. «Көршісін тап!»**  
**Мақсаты:** 9 санының көршілерін анықтау.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші сұрайды:  
 – 9-дың алдындағы сан қандай? (8)  
 – 9-дың кейінгі саны қандай? (10)  
 Балалар сан қатары бойынша көрсетіп айтады.  
 Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау  
**Күтілетін нәтиже:** 9 цифрымен танысады  
**2. Сауат ашу негіздері**  
 Буынға бөлейік  
**Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету  
**Тәрбиешінің түсіндіруі:**

көмектеседі.  
 – Үлгілі баланың жүзінен күлкі кетпейді, сөзі сыпайы, киімі таза болады.  
 Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме оқып беремін.  
 – Балалар, Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз ойыңмен жалғастырыңдар. Әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Оқиға қалай аяқталуы мүмкін?  
 – Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің?  
**1. «Жақсы – жаман»**  
**Мақсаты:** Жақсы және жаман қылықтарды ажырата білуге үйрету.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (баланың қокыс тастауы, гүлге су құюы, ұрып жатқаны т.б.)  
 Балалар айтады:  
 – Бұл жақсы қылық.  
 – Бұл жаман қылық.  
 Ойын соңында жақсы қылық жасаған бала бейнесін мадақтайды.  
**2. «Мен үлгілі баламын»**  
**Мақсаты:** Баланың өзін-өзі дұрыс бағалауын дамыту.  
**Барысы:**

әркім қауіпсіздік ережесін сақтау керек.  
 Көшеде бізге бағдаршам көмектеседі.  
 Ол үш түстен тұрады:  
 **Қызыл** – тоқта!  
 **Сары** – дайындал!  
 **Жасыл** – жүруге болады!  
 Тәрбиеші үлкен сурет немесе макет арқылы бағдаршамды, жолды, жаяу жүргінші жолын көрсетіп, әр түстің мағынасын түсіндіреді.  
 Сондай-ақ, тәрбиеші сұрақтар қояды:  
 Бағдаршамның түсін кім біледі?  
 Қай кезде жүреміз, қай кезде тоқтаймыз?  
 Жолдан қалай өтеміз?  
 Балалар жауап береді, тәрбиеші дұрыс жауапты нақтылап, әр

береді

## **2. Математика негіздері**

8 саны және цифры

**Міндеті:** Көрнекілік

арқылы 8 санының пайда болуымен таныстыру

**Тәрбиешінің түсіндіруі:**

– **Тәрбиешінің түсіндіруі:**  
– Балалар, бүгін біз жаңа санмен танысамыз. Ол — **8 саны.**

– Қане, бәріміз бірге 1-ден 8-ге дейін санайық:

**1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8.**

– 7-ден кейін қандай сан келеді? (8)

– Дұрыс, 8 саны – жетіден кейін келеді, ал 9 санынан бұрын тұрады.

**Цифрды көрсету:**

– Бұл – **8 цифры.** Ол екі шеңберден тұрады: үсті кіші, асты үлкен.

– 8 цифрын жазғанда байқа, ол «қарындаштың ізімен айналған жылан» сияқты.

**1 «Сана да ата»**

**Мақсаты:** 8 санына дейінгі заттарды санауға үйрету.

**Барысы:**

Тәрбиеші түрлі суреттер (алма, гүл, ойыншық) көрсетеді.

Балалар санайды:

– «Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз!»

– «Барлығы – 8 алма.»

**2. «Сандарды ретімен**

білу.

**Барысы:**

Тәрбиеші сөздер

айтады: «Ана», «Бала», «Күн», «Құс», «Алма».

Балалар қол соғып немесе шапалақтап

буын санын көрсетеді.

Мысалы:

– «Ана» – екі шапалақ



– «Күн» – бір шапалақ



**3. «Буынды тап!»**

**Мақсаты:** Сөзден берілген буынды табу.

**Барысы:**

Тәрбиеші айтады:

– Қай сөзде «ма» буыны бар? (алма, мама)

– Қай сөзде «ба» буыны бар? (бала, бауырсақ)

Балалар қол көтеріп, дұрыс сөзді атайды.

Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау

**Күтілетін нәтиже:** Сөзді буынға бөліп үйренеді

**2. Қоршаған әлеммен таныстыру**

Менің мекен жайым

**Міндеті:** Үй-жайларда, балабақша ауласында,

жақын мандағы шағын

Балалар, бүгін біз сөздерді буынға бөліп үйренеміз.

Буын — бұл сөздің дыбыстар тобы, яғни бір дауысты дыбысы бар бөлшек.

Мысалы:

**Ана** — 2 буыннан тұрады (А-на)

**Бала** — 2 буыннан тұрады (Ба-ла)

**Қарбыз** — 2 буыннан тұрады (Қар-быз)

**Алма** — 2 буыннан тұрады (Ал-ма)

**Мектеп** — 2 буыннан тұрады (Мек-теп)

Тәрбиеші буындарды қол шапалақтап, сөйлемей, ырғақпен айту арқылы түсіндіреді.

Мысалы:

«А-на» — екі рет шапалақтаймыз.

«Балапан» — үш рет шапалақтаймыз (Ба-ла-пан).

**Дидактикалық ойындар:**

**1. «Қанша буын бар?»**

**Мақсаты:** Сөздің буын санын анықтау.

**Ойын барысы:**

Тәрбиеші суреттер көрсетеді (мысалы, алма, қоян, қарға, мектеп).

Балалар сөзді атайды және шапалақ арқылы буынға бөледі.

Кім дұрыс және тез айтады, сол жеңімпаз.

**2. «Буындарды тап!»**

Балалар кезекпен айтады:

– Мен үлгілі баламын, өйткені...

(мысалы: «Мен бөлмемді жинаймын», «Мен үлкендерге көмектесемін», «Мен амандасамын»)

**3. «Кім не істейді?»**

**Мақсаты:** Еңбекке баулу және тәртіптілікке үйрету.

**Барысы:**

Тәрбиеші айтады:

– Үлгілі бала не істейді?

Балалар жауап береді:

– Үлгілі бала үстелін жинайды.

– Үлгілі бала

достарына көмектеседі.

– Үлгілі бала сабырлы болады.

**Күтілетін нәтиже:**

сөздерді мағынасына сәйкес қолданады

**2. Математика негіздері**

9 саны және цифры

**Міндеті:** Көрнекілік

арқылы 9 санының пайда болуымен таныстыру

**Тәрбиешінің түсіндіруі:**

– Балалар, өткен сабақта біз қандай санмен

таныстық? (9)

– 9 саны неден кейін, ненің алдында келеді? (8-

ережені іс жүзінде көрсетеді.

**Мысалы:** "Жолдан өтпес бұрын екі жаққа қараймыз: алдымен солға, кейін оңға!"

**Дидактикалық ойындар:**

**1. «Бағдаршам не дейді?»**

**Мақсаты:** Бағдаршам түстерін дұрыс ажыратуға үйрету.

**Барысы:**

Тәрбиеші бағдаршам суретін көрсетеді.

Түстерді ауыстырып көрсеткен сайын

балалар қимылмен жауап береді:

Қызыл жанса –

тоқтайды (қолын созып тоқтайды)

Сары жанса –

дайындалады (қолын беліне қояды)

Жасыл жанса – жүреді (жүру қозғалысын жасайды)

**2 «Кім дұрыс айтады?»**

**Мақсаты:** Балалардың сөйлеу тілін дамыту,

қауіпсіздік ережесін бекіту.

**Барысы:**

Тәрбиеші сұрақ қояды:

Жолдан қалай өтеміз?

Бағдаршам не үшін

<p><b>қой»</b>  <b>Мақсаты:</b> 1-ден 8-ге дейінгі сандарды дұрыс ретімен орналастыру.  <b>Барысы:</b>  Балаларға аралас сандар беріледі (2, 5, 1, 8, 3 т.б.)  Балалар ретімен орналастырады:  <b>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8.</b>  Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау  <b>Күтілетін нәтиже</b>  8 саны мен цифрын біледі  <b>3.Қазақ тілі</b>  Еліме саяхат  <b>Міндеті:</b> Тілдік дамытушы орта.  Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының аң аулаудақажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  Балалар, бүгін біз «Еліме саяхат» атты қызықты сабақ өтеміз.  – Саяхатқа шыққыларың келе ме?  (Балалардың жауабы: «Иә!»)</p>	<p>ауданда еркін бағдарлай білу.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b>  Балалар, әрқайсымыздың өз <b>үйіміз бар.</b> Біз сол үйде <b>ата-анамызбен, бауырларымызбен</b> тұрамыз.  Біздің үйіміз белгілі бір <b>көше мен елді мекенде</b> орналасады.  Міне, осының бәрін бірге «<b>мекенжай</b>» деп атаймыз.  <b>Мысалы:</b>  Менің мекенжайым:  Қала — Алматы қаласы  Көше — Достық көшесі  Үй — №10 үй  Пәтер — №5  Тәрбиеші тактадан немесе сурет арқылы <b>қала, ауыл, көше, үй</b> суреттерін көрсетеді.  Балалардан сұрайды:  Сен қай көшеде тұрасың?  Үйің қандай? (бір қабатты, көп қабатты)  Үйіңнің жанында не бар? (ағаш, дүкен, мектеп, балабақша т.б.)  Тәрбиеші балалардың жауаптарын мақтап,</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Сөзді құрайтын буындарды сәйкестендіру.  <b>Көрнекілік:</b> Карточкаларда жазылған буындар: (ба, ла, ма, на, ме, ке, теп, пан, тық т.б.)  <b>Ойын барысы:</b>  Балалар буындардан сөз құрайды:  Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындайды  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Сөздерді буынға бөлуді меңгереді  <b>3.Көркем әдебиет</b>  Түлкі мен қоян  <b>Міндеті:</b> Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Балалар, бүгін біз өте қызықты «<b>Түлкі мен қоян</b>» ертегісін тыңдаймыз.  Бұл ертегіде <b>айлакер түлкі мен момын қоянның</b> бастан кешкен оқиғасы баяндалады.  <b>Ертегінің қысқаша мазмұны:</b>  Бір күні түлкі мен қоян үй салыпты.  Қоян өзіне <b>ағаштан жылы үй</b> тұрғызады, ал түлкі <b>мұздан үй</b> жасайды.  Күн жылынып, <b>түлкінің мұз үйі еріп кетеді</b>, сонда ол қоянның үйіне келіп:  – Үйіңнен шық! – деп қуып</p>	<p>ден кейін, 10-ның алдында.)  – Қане, бәріміз бірге 1-ден 9-ға дейін санайық!  <b>Балалар:</b>  1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9!  – Дұрыс! Ал енді 9 цифрын есімізге түсірейік.  – 9 цифрының үсті дөңгелек, асты сызық түрінде жазылады.  <b>Тәрбиеші:</b>  – менде 9 шар бар.  Біреуін алып тастасам, неше қалады? (8)  – Біреуін қосып қойсам, неше болады?  <b>1. «Сандарды орнына қой»</b>  <b>Мақсаты:</b> 1-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен орналастыру.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші аралас цифр карточкаларын таратады. Балалар оларды дұрыс ретімен орналастырады:  <b>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.</b>  <b>2. «9 санының көршілері»</b>  <b>Мақсаты:</b> 9 санының көршілерін бекіту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші сұрақ қояды:  – 9-дың алдында кім тұр? (8)  – Кейін ше? (10)  Балалар сан қатары арқылы көрсетеді.</p>	<p>керек?  Қай түсте жүруге болмайды?  Балалар жауап береді, дұрыс жауап айтқан балаларға жұлдызша немесе стикер беріледі.  <b>3. «Қауіпсіз және қауіпті»</b>  <b>Мақсаты:</b> Дұрыс және қате әрекеттерді ажырату.  <b>Көрнекілік:</b> Суреттер (балалар жолда ойнап жүрген, жолдан дұрыс өтетін, бағдаршам алдында тоқтаған т.б.)  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші суреттерді көрсетеді.  Балалар айтады «Бұл дұрыс» немесе «Бұл қауіпті».  Мысалы:  – Балалар жаяу жүргінші жолымен өтсе → дұрыс  – Балалар жолда доп ойнаса → қауіпті  <b>Күтілетін нәтиже:</b> жол ережесін сақтаудың маңызын түсінеді  <b>Сауат ашу негіздері</b>  Ойнай отырып оқимыз  <b>Міндеті</b> Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Балалар, бүгін біз</p>
---	---	--	--	---

– Біз өз Отанымыз —  
**Қазақстан** елімен саяхат жасаймыз.  
 – Қазақстан — біздің туған жеріміз, сүйікті еліміз.  
 – Біздің елде көптеген әдемі қалалар бар:  
**Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Қарағанды және т.б.**  
 – Ал елордамыз қай қала? (Балалар: «Астана!»)  
 – Дұрыс, Астана — еліміздің жүрегі.  
**Тәрбиеші картадан көрсетеді:**  
 – Міне, бұл – біздің еліміздің картасы.  
 – Көрдіндер ме, Қазақстан өте үлкен, әдемі ел.  
 – Біз елімізді жақсы көруіміз керек, өйткені ол біздің үйіміз, Отанымыз.  
**«Менің Отаным»**  
**Мақсаты:** Балалардың тілдік қорын байыту, Отан туралы сөздерді бекіту.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші доп лақтырып сұрақ қояды, кімге түссе сол жауап береді:  
 – Сенің елің қай ел?  
 – Елорда қай қала?  
 – Қазақстанның туы

әрқайсысының өз мекенін атай алуына көмектеседі.  
**1. «Менің үйім қайда орналасқан?»**  
**Мақсаты:** Балаларды өз мекен-жайын атауға және бағытты түсінуге үйрету.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші балаларға түрлі суреттер көрсетеді (қала, ауыл, көше, үй, мектеп).  
 Балалар өз үйлерінің суретіне ұқсас суретті таңдайды және былай дейді:  
 «Мен ауылда тұрамын»,  
 «Менің үйім биік үй»,  
 «Біздің көше таза және кен».  
**2. «Жол ережесін есінде сақта»**  
**Мақсаты:** Мекен-жайға бару жолында қауіпсіздік ережелерін үйрету.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:  
 Үйден мектепке қалай келесіңдер?  
 Жолдан қалай өтесіңдер?

жібереді.  
 Қоян орманға қашып, ренжіп жүреді.  
 Кейін оған ит, аю, бұқа көмекке келеді, бірақ түлкіден қорқып, ешқайсысы көмектесе алмайды.  
 Соңында кішкентай этеш келіп, қоянды қорғап, түлкіні қуып шығады.  
 Қоян өз үйіне қайта оралады.  
**Тәрбиеші қорытындылайды:**  
 – Міне, балалар, түлкі айлакер, бірақ өтірік пен зұлымдық жеңіске жетпейді.  
 Ал батыл, әділ, мейірімді жан – әрқашан жеңімпаз болады!  
**Тәрбиешінің түсіндіруі (сұрақ-жауап арқылы):**  
 Ертегіде кімдер бар?  
 Түлкі қандай?  
 Қоян не істеді?  
 Қоянға кім көмектесті?  
 Сендерге ертегі ұнады ма?  
 Тәрбиеші балалардың жауаптарын толықтырып, мінез-құлықтарды салыстырады:  
 Түлкі – айлакер, жаман әрекет жасады.  
 Қоян – момын, адал, бірақ қорқақ.  
 Этеш – батыл, достықты бағалай білетін жан.  
**Дидактикалық ойындар:**

Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау  
**Күтілетін нәтиже:** 9 ға дейін санайды, 9 цифрын таниды  
**3. Қазақ тілі**  
 Күз  
**Міндеті** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.  
 Балалар, жылдың неше мезгілі бар?  
 (Балалар: «Төрт мезгіл!»)  
 – Дұрыс айтасыңдар!  
 Олар: қыс, көктем, жаз және күз.  
 – Ал бүгін біз күз мезгілімен танысамыз.  
**Тәрбиеші сурет көрсетеді:**  
 – Мына суретке қарандаршы. Табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр?  
 (Балалар: «Жапырақтар сарғайған», «Жаңбыр жауады», «Күстар жылы жаққа ұшады».)  
 – Дұрыс! Күзде күн салқындап, жел соғады.

сөздерді буынға бөліп үйренеміз.  
 Буын — бұл сөздің дыбыстар тобы, яғни бір дауысты дыбысы бар бөлшек.  
 Мысалы:  
 Ана — 2 буыннан тұрады (А-на)  
 Бала — 2 буыннан тұрады (Ба-ла)  
 Қарбыз — 2 буыннан тұрады (Қар-быз)  
 Алма — 2 буыннан тұрады (Ал-ма)  
 Мектеп — 2 буыннан тұрады (Мек-теп)  
 Тәрбиеші буындарды қол шапалақтап, сөйлемей, ырғақпен айту арқылы түсіндіреді.  
 Мысалы:  
 «А-на» — екі рет шапалақтаймыз.  
 «Балапан» — үш рет шапалақтаймыз (Ба-ла-пан).  
**«Буындар әлеміне саяхат»**  
**Мақсаты:** Буыннан сөз құрау қабілетін жетілдіру.  
**Барысы:**  
 Тәрбиеші әр балаға түрлі буын жазылған шарик немесе карточка береді.  
 Балалар жұптасып, өз буындарынан мағыналы

<p>қандай түсті?</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты туралы біледі</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b> Жүгіру</p> <p><b>Міндеті</b> Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100–120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> – Балалар, бүгін біз «Жүгіру» жаттығуын орындаймыз. Жүгіру – денемізді шымыр, аяқтарымызды мықты етеді. Бірақ жүгірудің де түрлері бар:</p> <p><b>Баяу қарқынмен жүгіру</b> – дем алып, тыныс алу үшін.</p> <p><b>Орташа қарқынмен жүгіру</b> – төзімділікті арттыру үшін.</p> <p><b>Жылдам жүгіру</b> – күш пен ептілікті дамыту үшін.</p> <p>– Жүгіру кезінде неге назар аудару керек? Арқаны тік ұстау; Алға қарау; Қолды</p>	<p>Балалар жауап береді, тәрбиеші суретпен толықтырып түсіндіреді:</p> <p>«Жолдан тек жаяу жүргінші өткелінен өтеміз», «Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда жүреміз»</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> өз тұратын мекен -жайы туралы түсінік қалыптасады</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> Отан</p> <p><b>Міндеті.</b> Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b> -Біздің Отанымыз қалай аталады? -Біз қай елде тұрамыз? -Біздің ұлтымыз қалай аталады? -Біз қай тілде сөйлейміз? Біздің туған еліміз, Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасыңнан басталады. Сен алысқа кетсең, үйінді сағынасың. Туған</p>	<p><b>1. «Кім не істеді?»</b> <b>Мақсаты:</b> Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекетін есте сақтау.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші айтады: – Кім мұздан үй салды? – Кім ағаштан үй салды? – Кім түлкіні қуды?</p> <p>Балалар жауап береді: Түлкі – мұздан үй салды. Қоян – ағаштан үй салды. Өтеш – түлкіні қуды.</p> <p><b>2. «Ертегі кейіпкерлері»</b> <b>Мақсаты:</b> Кейіпкерлерді ажырату, мінездерін сипаттау.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші суреттер (түлкі, қоян, аю, ит, өтеш) таратады. Балалар суретке қарап, айтады: «Бұл түлкі – айлакер», «Бұл қоян – момын», «Бұл өтеш – батыл»</p> <p><b>3. «Кім көмектесті?»</b> <b>Мақсаты:</b> Жақсылық пен достықты түсіндіру.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші кейіпкерлердің атын атап, балалар «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді: – Ит көмектесті ме? (жоқ) – Аю көмектесті ме? (жоқ) – Өтеш көмектесті ме? (иә!)</p> <p><b>4. «Ертегіні сахналау»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың сөйлеу және</p>	<p>– Ағаштардың жапырақтары сарғайып, түседі.</p> <p>– Адамдар егін жинайды, бақшадан көкөніс, жеміс тереді.</p> <p>– Күз айларын кім айтады? (Балалар: <b>қыркүйек, қазан, қараша.</b>)</p> <p>– Жарайсындар! Күз – береке, молшылық мезгілі.</p> <p><b>«Ауа райын тап!»</b> <b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліндегі ауа райын ажырата білу.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (күн, жаңбыр, қар, жел).</p> <p>– Қай сурет күзге тән? Балалар жауап береді: – «Жаңбырлы», «Желді», «Бұлтты».</p> <p><b>«Күзгі сөздер»</b> <b>Мақсаты:</b> Күз туралы сөздік қорды бекіту.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші доп лақтырады, бала күзге қатысты бір сөз айтады: – Жапырақ, жаңбыр, жел, егін, алма, күз, суық т.б.</p> <p><b>4. Музыка</b></p>	<p>сөз құрастырады. Мысалы: «ал» және «ма» — «алма».</p> <p><b>4. «Кім тез бөледі?»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөзді тез және дұрыс буынға бөлуге үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші сөз айтады, балалар жарысып буынға бөледі Қарбыз – Қар-быз Терезе – Те-ре-зе Құмырсқа – Құ-мырс-қа Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Буыннан сөз құрай алады, сөздерді буынға бөле алады</p> <p><b>3. Шығармашылық Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</b> Су көліктері</p> <p><b>Сурет салу</b> <b>Міндеті:</b> Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> <b>Міндеті.</b> Оларға тән ерекшеліктерді беру, колдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым</p>
---	---	---	---	---

дұрыс сермеу; Бір-біріне соғылмау; Белгі бойынша бастау және тоқтату.

**Дайындық бөлімі (жылыну):**  
(2–3 минут)

Қолды жоғары-төмен сермеу;  
Иықты айналдыру;  
Белге айналмалы қозғалыс жасау;  
Тізені, табанды қыздыру;  
Жеңіл жүріс → баяу жүгіру.

**Тәрбиешінің сөзі:**  
– Денеміз қызды, енді кедергілерден өтеміз!

**1-тапсырма:**  
**«Кедергілерден өту арқылы жүгіру»**

**Максаты:** Ептілік пен үйлесімділік дамыту.

**Барысы:**  
Балалар кезекпен:  
Шеңбердің ішінен секіріп өтеді;  
Таяқшадан аттайды;  
Төсеніштен жүгірумен өтеді.  
Барлығы 1,5–2 минут тоқтамай орындайды.

**Тәрбиешінің нұсқауы:**  
– Бірде баяу, бірде жылдам жүгіріңдер.  
– Кедергіден өтсең, тепеңдікті сақта!

**2-тапсырма: «Жүгіру мен жүруді алмастыру»**

**Максаты:** Төзімділік пен тыныс алу ырғағын

жердің топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерін есіңе түседі. Туған жерсіз адамның күні жоқ. Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы, қалалары – біздің мақтанышымыз. 25 қазан – Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн!

Бүгін ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңімен танысамыз.

М.Мақатаев «Отан» өлеңін оқып беру

Мен оның түнін сүйем,  
күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау,  
гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның күдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған

Жаным менің,  
Кеудемді жарып шық та,

шығармашылық қабілетін дамыту.

**Барысы:**  
Балалар түлкі, қоян, этеш рөлдерін бөлісіп алады. Тәрбиеші жеңіл костюм немесе маска береді. Балалар қысқа диалогтар арқылы ертегіні сахналайды.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегінің мазмұнын түсінеді, рөлдерге бөліп сахналайды

**4. Дене шынықтыру:**  
Ұлттық қимылды ойындарды

**Міндеті:** Бiнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.

Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Тәрбиешінің түсіндіруі:**  
Балалар, біздің халқымыз ежелден ойынға бай. Қазақ халқы ұлттық ойындар арқылы балаларды батылдыққа, ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа үйреткен. Бүгін біз осындай қызықты ұлттық ойындарды ойнап көреміз. Ойын кезінде бір-бірімізге

«Күзгі жаңбыр»

**Міндеті** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу

**Күтілетін нәтиже:** Күз мезгілінің ерекшелігін біледі

**Тәрбиешінің түсіндіруі:**  
Балалар, күз мезгілінде күн салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі, көбінесе жаңбыр жауады.

Бүгін біз күзгі жаңбырдың әуенін тыңдап, оның ырғақтарын қимыл арқылы көрсетеміз.

Музыкада жаңбыр кейде баяу тамшылап, кейде қатты жауып тұрғандай әсер береді. Сендер соны қимылдарыңмен, қолдарыңмен, дене қимылыңмен бейнелейсіңдер.

**1. «Бұлттар мен күн»**

**Максаты:** Музыкаға сай қозғалыс жасауға үйрету.

пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу

**Жапсыру:**  
**Міндеті:** Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.

**Құрастыру:**  
**Міндеті:** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру

**1. Тәрбиешінің түсіндіруі:**  
Балалар, бүгін біз теңізде жүзіп жүрген кемелер мен қайықтарды сурет саламыз. Кеме судың бетімен жүреді, оның корпусы, трубасы, желкені, терезелері болады. Алдымен көк түспен су мен аспанды саламыз, сосын кеме пішінін сызамыз.

Қаласандар, айналасына

<p>дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар 100–120 метр арақашықтықты жүгірумен және жүрумен алмастыра өтеді.</p> <p>Мысалы: 20 м – жүгіру → 10 м – жүру → 20 м – жүгіру → 10 м – жүру.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> – Тыныс алындар, дем шығаруды ұмытпандар. – Баяу жүгіріп, кейін жылдамдық қосындар.</p> <p><b>3-тапсырма: «20 метрге дейін жылдамдыққа жүгіру»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жылдамдықпен күшті дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар белгіленген сызықтан бастап ысқырық белгісімен 20 метрге дейін жарыса жүгіреді.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> – Кім бірінші жетеді? – Бірақ қауіпсіздікті сақтаймыз, итерісу болмайды!</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жүгіреді.</p>	<p>Бозторғайы бол оның шырылдаған! Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем Қазақстан Республикасы, көрікті жерлері туралы кітаптар көрсету</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Өлеңнің бір-екі шумағын жаттайды, кітаптардағы суреттерді тақырыппен байланыстырады</p> <p><b>4. Музыка</b> «Күзгі жаңбыр» <b>Міндеті:</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b> Балалар, күз мезгілінде күн салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі, көбінесе жаңбыр жауады. Бүгін біз күзгі жаңбырдың әуенін тындап, оның ырғақтарын қимыл арқылы көрсетеміз.</p>	<p><b>сыйластық танытамыз, ережені сақтаймыз, және адал ойын көрсетеміз.</b></p> <p><b>1 «Асық ату» (жеңілдетілген нұсқасы)</b> <b>Мақсаты:</b> Көз мөлшерін, қол дәлдігін дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар шеңберге отырып, кезекпен асық атады. Кім дәл тигізсе — сол жеңімпаз. Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін түсіндіреді:</p> <p>«Асықты тек белгіленген жерден атамыз.»</p> <p><b>2. «Арқан тарту»</b> <b>Мақсаты:</b> Күш пен бірлікті дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі бойынша арқанды екі жаққа тартады. Қай топ қарсыласты өз жағына тартып әкелсе — сол жеңеді. Бұл ойын бірлікті, күшті, батыл болуды үйретеді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады</p>	<p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі: бір топ – «бұлттар», екіншісі – «күн».</p> <p>Музыка баяу болса — бұлттар жүзіп өтеді. Музыка көңілді болса — күн шығып, балалар қолдарын жайып, секіреді.</p> <p><b>2. Дыбыс тындау ойыны «Тамшының үні»</b> <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбысты ажырата білу.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші әртүрлі аспаптан немесе таяқшамен үстелге соғып, дыбыстар шығарады. Балалар «бұл қандай жаңбыр?» деп табуы керек: баяу дыбыс — «жай жаңбыр», қатты дыбыс — «нөсер жаңбыр».</p> <p><b>3. «Жаңбыр биі»</b> <b>Мақсаты:</b> Би арқылы табиғат құбылысын сезінуге үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Музыка ырғағымен</p>	<p>толқын мен күн де қосуға болады.</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> Балалар гуашь немесе түрлі-түсті қарындашпен сурет салады; Кемелерді өз қиялымен безендіреді.</p> <p><b>2. Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Қайықтың пішіні ұзынша, екі ұшы үшкір келеді. Біз пластилиннен қайық жасап, үстіне кішкентай желкен орнатамыз. Алдымен қайықтың денесін домалақтап, кейін ұзынша созамыз. Ортасын саусақпен басып, ішін шұңқыр қыламыз. Қаласандар, үстіне кішкентай адам, жалау, немесе ескі таяқ қосуға болады.</p> <p><b>3. Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Кемені тік төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер сияқты пішіндерден жасауға болады. Мысалы: корпусы — тік төртбұрыш, желкені — үшбұрыш, терезесі — кішкентай шеңбер.</p>
---	--	--	--	---

Музыкада жанбыр кейде баяу тамшылап, кейде қатты жауып тұрғандай әсер береді. Сендер соны қимылдарыңмен, қолдарыңмен, дене қимылыңмен бейнелейсіңдер.

**Музыкалық тыңдау:** П.

*Чайковскийдің «Жаңбыр» әуені* (немесе басқа жеңіл, баяу жауын әуені).

**Тәрбиеші:**

«Музыка қандай көңіл күйде?»

«Жанбырдың дыбысы қандай?»

«Қай кезде жанбыр жай жауады, ал қай кезде қатты жауады?»

Балалар музыка тыңдай отырып,

**саусақтарымен жанбыр тамшыларын бейнелейді:**

«Тып-тып-тып...» — деп саусақтарымен үстелге немесе алақандарына тықылдатады.

**Қимылды ойындар:**

**1. «Жанбыр жауды»**

**Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін дамыту.

**Барысы:**

Музыка ойнағанда балалар алақандарымен

балалар жанбыр тамшыларындай баяу қозғалып, қолдарын жоғары-төмен сермейді, айналады. Кейін музыка баяулап, балалар «күн шыққандай» күлімдеп тұрады.

**Күтілетін нәтиже:**

Музыка жанрында күз мезгілінің сипатын түсінеді

Біз алдымен пішіндерді киып аламыз, сосын дұрыс ретпен жабыстырамыз. Судың түсі көк, аспан ашық, ал кеме қызыл немесе сары түсті болуы мүмкін.

**4. Тәрбиешінің түсіндіруі:**

Кеме мен қайық бірнеше бөліктен тұрады.

Біз бүгін сол бөліктерден өз кемемізді құрастырамыз.

Кім конструктордан, кім қағаздан, ал кім картоннан жасайды — өз еріктерінде.

Кеме су бетінде жүзіп тұру үшін төменгі бөлігі жалпақ, үсті жеңіл болуы керек.

Ендеше, өз кемемізді берік, әдемі етіп құрастырайық.

**Жұмыс түрі:**

Балалар жеке немесе шағын топпен жұмыс жасайды.

Конструктор, LEGO немесе түрлі түсті қағаз пайдаланылады

**Күтілетін**

**нәтиже:** Балалар қалауы бойынша шығармашылық жұмысты қызыға

тып-тып қағады  
(жаңбыр жауғандай).  
Музыка күшейгенде —  
қолдарын жоғары  
көтеріп, қатты  
жаңбырды көрсетеді.  
Музыка бәсендесе —  
жаңбыр басылып,  
балалар «күн  
шыққандай» қуана  
билейді.  
Тәрбиеші: «Жаңбыр  
жауып тұр... енді  
тоқтады... күн шықты!»  
— деп бағыт береді.

**Күтілетін  
нәтиже:** Музыка  
жанрында күз мезгілінің  
сипатын түсінеді

орындайды  
**4. Дене шынықтыру**  
Ұлттық кимылды  
ойындарды  
**Міндеті:** Бінта мен  
шығармашылық таныта  
отырып, таныс  
кимылды ойындарды өз  
бетінше ұйымдастыруға  
мүмкіндік беру. Ұлттық  
кимылды ойындарды  
ойнату. Балаларды  
жарыс элементтері бар  
ойындар мен  
эстафеталық ойындарға  
қатысуға баулу.  
**Тәрбиешінің  
түсіндіруі:**  
Балалар, біздің  
халқымыз ежелден  
ойынға бай.  
Қазақ халқы ұлттық  
ойындар арқылы  
балаларды батылдыққа,  
ептілікке,  
жылдамдыққа,  
ұйымшылдыққа  
үйреткен.  
Бүгін біз осындай  
қызықты ұлттық  
ойындарды ойнап  
көреміз.  
Ойын кезінде бір-  
бірімізге сыйластық  
танытамыз,  
ережені сақтаймыз,  
және адал ойын  
көрсетеміз.  
**1. «Соқыр теке»**  
**Мақсаты:** Ептілік пен

					<p>кеңістікте бағдар табуды дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Бір бала «соқыр теке» болады, көзі байланады. Қалғандары шеңбер құрып айнала қашады. «Соқыр теке» бір баланы ұстап, атын табуы керек Балалар айқайлап: «Соқыр теке, кімді ұстайсың?» – деп қызықтырады</p>
					<p><b>2. «Ақ серек, көк серек»</b> <b>Максаты:</b> Шапшаңдық пен топтық ойын дағдысын дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар екі топқа бөлінеді. Топтар бір-біріне қарап тұрып, әндетіп айтады:</p>
					<p>«Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?» Сонда қарсы топ бір баланың атын айтады, ол жүгіріп келіп, тізбекті бұзуға тырысады. Бұза алса – өз тобына жеңіс ұпайы келеді</p> <p><b>3. «Кім жылдам?» (жарыс ойыны)</b> <b>Максаты:</b> Жылдамдық, тепе-теңдік, қимыл үйлесімділігін дамыту.</p>

					<p><b>Барысы:</b>          Балалар қатарға тұрады. Белгі бойынша жүгіреді, кедергіден өтеді немесе белгіленген жерге дейін секіреді.          Кім бірінші жетсе — сол жеңімпаз.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>          Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады</p>
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	<p><b>1. Ауа райын бақылау:</b>          Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу.</p> <p><b>2. Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:</b>          Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б.</p> <p><b>3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:</b>          Қайда баратынын. Қандай ойындар ойнайтынын. Не істеуге болмайтынын түсіндіреді.</p> <p><b>4. Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері</b>          Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды.          Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды.          Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.</p>				
-------------------	--	--	--	--	--

<p>серуен</p>	<p>№31 серуен картотекасы Бакылау: Кұстардың қысқа дайындалуы Максаты: Кұстардың қысқа қалай дайындалатынын, жем іздеу әрекеттерін бакылау. 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар балабақша ауласындағы құстарды карап, олардың қалай жем іздейтінін, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын байқайды. 2. Қимылды ойын: «Кұс ұшуы» Балалар құстар секілді қолдарын қағып, топ болып ұшу қозғалыстарын қайталайды, топпен үйлесімді қозғалысты дамытады. 3. Бакылау-зерттеу: Балалар құстардың жем іздеу және азық жинау әрекеттерін бакылайды, олардың қысқа қалай дайындалатынын түсіндіреді. 4. Еңбек: Балабақша ауласындағы құстарға жем салып, қоректенуге көмектесу.</p>	<p>№32 серуен картотекасы Бакылау: Күзгі ауа райының өзгеруі Максаты: Күннің суықтап, желдің күшеюін бакылау, ауа райының өзгерісін сезіну. 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар далада отырып, желдің күшін сезініп, өзара әңгімелеседі. Ағаш жапырақтарының желмен қалай тербелетінін бакылайды. 2. Қимылды ойын: «Жел соғып тұр» Балалар желдің күшін сезінгендей қолдарын желпіп, жапырақтар секілді желмен ұшып жүргенін көрсетеді. 3. Бакылау-зерттеу: Ағаштардың жапырақтарының желмен қалай ұшып, түскенін мұқият карап, ауа райының өзгерісін талдайды. 4. Еңбек: Шашылған жапырақтарды жинап, бір жерге топтастыру.</p>	<p>№33 серуен картотекасы Бакылау: Күзгі жәндіктер мен олардың тіршілігі Максаты: Күзде жәндіктердің қалай ұйықтайтынын, азықтарын қалай жинайтынын түсіндіру. 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар жәндіктерді іздеп, олардың қалай қозғалғанын, не істегенін бакылайды. 2. Қимылды ойын: «Жәндіктер жүгіруі» Балалар кішкентай жәндіктердей жылдам, ұшып жүгіреді, дене икемділігін дамытады. 3. Бакылау-зерттеу: Жәндіктердің құмға, жапырақ астына кіріп, қысқы ұйқыға қалай дайындалатынын талқылайды. 4. Еңбек: Жәндіктерге арналған жасанды паналаулар жасау немесе жапырақтарды жинау</p>	<p>№34 серуен картотекасы Бакылау: Күзгі күннің түсу уақыты мен ұзақтығы Максаты: Күзде күннің қысқаруын сезіну, табиғаттағы өзгерістерді байқау. 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар күннің түсу уақытын бакылап, бір-бірімен осы туралы әңгімелейді. 2. Қимылды ойын: «Күн батқанға дейін жүгіру» Балалар белгіленген уақыт ішінде жарыса жүгіреді, бұл ойын жылдамдық пен төзімділікті дамытады. 3. Бакылау-зерттеу: Күннің ұзарғаны мен қысқарғанын табиғатта бакылайды, өз бакылауларын сөз етеді. 4. Еңбек: Балаларға күннің ұзаруын көрсететін уақыт белдеулерін суреттеп, плакат жасау.</p>	<p>№35 серуен картотекасы Бакылау: Ағаштардың қоңыр күздегі ерекшеліктері Максаты: Ағаштардың күзде қалай өзгеретінін бакылап, түсін түсіндіру. 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар қоңыр күздегі ағаштарға карап, жапырақтардың түсін, пішінін талқылайды. 2. Қимылды ойын: «Ағаш болып тұрғандар» Балалар ағаштар ролін алып, қозғалмай тұрады, жел соққанда қозғалып тұрғандай әрекет жасайды. 3. Бакылау-зерттеу: Ағаштардың қоңыр, сары түске айналуын және жапырақтардың түсіп жатқанын бакылау. 4. Еңбек: Қоңыр жапырақтарды жинап, қаптарға салып, аула тазалығына үлес қосу.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау. Суды үнемді пайдалану кезкңін ескеру. Суды ұзақ ағызып тұрмау, қолды жуып болған соң қранды</p>				

	өшіру. Қысқаша серуен бойынша сұрақ: "Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"				
Жеке жұмыс	<p><b>Жұмыс</b> Бала: Айару <b>Жұмыс түрі:</b> Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу <b>Құрал:</b> «Серуенге шыққан балалар» суреті <b>Максаты:</b> Баланың оқиға желісін сурет арқылы баяндау қабілетін дамыту</p>	<p><b>Жұмыс</b> Бала: Мадияр <b>Жұмыс түрі:</b> Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу <b>Құрал:</b> «Жануарларды тамақтандыру» суреті <b>Максаты:</b> Зейін мен байланыстырып сөйлеуін дамыту</p>	<p><b>Жұмыс</b> Бала: Әминә <b>Жұмыс түрі:</b> Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу <b>Құрал:</b> «Ас бөлмесіндегі отбасы» суреті <b>Максаты:</b> Отбасы мүшелері туралы сөздік қорын дамыту, сөйлеммен жауап беруге үйрету</p>	<p><b>Жұмыс</b> Бала: Данияр <b>Жұмыс түрі:</b> Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу <b>Құрал:</b> «Жолдағы қауіпсіздік» тақырыбындағы сурет <b>Максаты:</b> Сөйлеу арқылы ойлау мен еске сақтау дағдыларын дамыту</p>	<p><b>Жұмыс</b> Бала: Арулан <b>Жұмыс түрі:</b> Сюжетті сурет бойынша әңгімелеу <b>Құрал:</b> «Балалардың ойын алаңындағы әрекеті» <b>Максаты:</b> Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эмоцияны сөзбен жеткізе білуге үйрету</p>
Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)	<p><b>Үнемді тұтыну</b> «Су» тақырыбы бойынша тәжірибе жүргізу Тақырыбы: «Мөлдір су» Балалардың алдына біреуіне су, екіншісіне сүт құйылған екі стакан қойылады. Екі стаканға таяқшалар немесе қасықтар салу ұсынылады. Қай стакандағы заттар көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? Неліктен? Су құйылған стаканның ішінен таяқшаны көріп тұрмыз, ал сүт құйылған стаканнан</p>	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> «Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойын <b>Максаты:</b> балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. <b>Материалдар:</b> ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады.</p>	<p><b>Адалдық әліппесі</b> «Күпия заттар» Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі кобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «күпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Күпия затты таратып болғаннан кейін</p>	<p><b>Ұлттық ойын</b> «Асық ату» (жеңілдетілген нұсқасы) <b>Максаты:</b> Көз мөлшерін, қол дәлдігін дамыту. <b>Барысы:</b> Балалар шеңберге отырып, кезекпен асық атады. Кім дәл тигізсе — сол жеңімпаз. Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін түсіндіреді: «Асықты тек белгіленген жерден атамыз.»</p>	<p><b>Ұлттық ойын</b> «Арқан тарту» <b>Максаты:</b> Күш пен бірлікті дамыту. <b>Барысы:</b> Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі бойынша арқанды екі жаққа тартады. Қай топ қарсыласты өз жағына тартып әкелсе — сол жеңеді. Бұл ойын бірлікті, күшті, батыл болуды үйретеді</p>

	<p>ештеңе көрінбейді. Қорытынды: сүмөлдiроны нiшiндегi затанықкөрiнедi, алсүттiңтүсi ақ, сол себептi iшiндегi зат көрiнбейдi.</p>	<p>Тәрбиешiбалалар ға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета берiледi, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуiн тауыр болғаннан кейiн балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды</p>	<p>ойынға қатысушылар бөлменi аралап жүредi, олар қызығушылық танытып, бiр-бiрiн құпия затын көрсетуге көндiрудiң жолын табуға тырысады. Тәрбиешi балалардың әрекетiн бақылайды, ұялшак балалардың басқалармен ортақ тiл табысуына көмектеседi.</p>	<p>..</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата-аналарға кеңес:</b>  <b>Тақырып:</b> Таңғы қабылдау кезінде баланың эмоциялық жай-күйіне көңіл бөліңіз  <b>Мақсаты:</b> Баланың бір күнін жақсы көңіл-күймен бастауына жағдай жасау  <b>Кеңес мазмұны:</b>  Құрметті ата-аналар!  Балаңызды мектепке әкелген кезде жылы шыраймен қоштасуға тырысыңыз. Мысалы, құшақтап, жылы сөз айтып шығарып салыңыз. Таңғы көңіл-күй – баланың бүкіл күніне әсер етеді.  Сондай-ақ, кешке баладан: «Бүгінгі күнің қалай өтті?» – деп сұрауды ұмытпаңыз. Бұл – сіздің балаңызға деген қызығушылығыңызды көрсетеді және балада сенімділік пен қауіпсіздік сезімін тудырады</p>				

## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Тексерді \_\_\_\_\_

Мектепалды 0 «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 4-апта 20-24 қазан 2025-2026 оқу жылы

Қазан: Құндылық – Тәуелсіздік және отаншылдық Апта дәйексөзі: «Отан алтын ұя, ұлттың рухани белгісі!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.10.25	Сейсенбі 21. 10.25	Сәрсенбі 22.10.25	Бейсенбі 23.10.25	Жұма 24.10.25
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Өлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b> Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Тақырыбы: Өнегелі ата-ана – өнегелі ұрпақ Мақсаты: Ата-аналарға баланың тұлғалық дамуына отбасының ықпалын түсіндіру; баланы жақсы қасиеттерге баулуда ата-ананың үлгі, сөз, іс-әрекетінің маңызын көрсету; отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Кеңес мазмұны: — Құрметті ата-аналар! Бала – ата-ананың айнасы. Бүгін біз өнегелі ата-ана қандай болу керек, баламызға қандай үлгі көрсетіп жүрміз – осы туралы қысқаша әңгімелесеміз. Тәрбиешінің түсіндіруі: Бала – естігенін емес, көргенін қайталайды. Үйдегі жылы сөз, мейірім, сыйластық – баланың мінезінің іргетасы. «Не ексең, соны орасың» — бұл тәрбиеге де қатысты. Балаға қатты сөйлеу, қорқыту – сенімін жоғалтады. Керісінше, мақтау, сенім білдіру – жақсы қасиетті күшейтеді. Сұрақтар: Сіз балаңызбен бірге не істеуді ұнатасыз? Баланы жақсы іс жасауға қалай баулисыз? Күн сайын айтатын жылы сөзіңіз қандай?				

	<p>– Баламыздың бақытты, мейірімді, адал болып өсуі – бәріміздің ортақ еңбегіміз.– Өнегелі ата-ана болу үшін көп нәрсе қажет емес: жақсы сөз, жылы көзқарас, ортақ уақыт, өз ісіңмен үлгі болу.</p> <p>Тәрбиешінің кеңестері: Баламен күн сайын 5–10 минут жеке сөйлесіңіз.Балаңызды тыңдаңыз, сөзін бөлмей.Мақтаңыз, бірақ шынайы</p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p>Үстел үсті-баспа ойыны: «Не артық?» Мақсаты: Ойлау, салыстыру, талдау қабілеттерін жетілдіру. Бейнелеу іс-әрекеті: Сурет салу – «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Өз ойын бейнелеу арқылы жеткізу. Кітап қарау: «Мақта қыз бен мысық» ертегісін қарау.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Пішіндерді тап» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырату. Бейнелеу іс-әрекеті: Құрастыру – «Машина» Мақсаты: Құрылыс материалдарымен жұмыс істеу арқылы ой-қиялын дамыту. Кітап қарау: «Бауырсақ» ертегісін тыңдап, суреттерін қарау.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Сандарды сәйкестендір» Мақсаты: 1–10 аралығындағы сандарды бекіту. Кітап қарау: Табиғат туралы суретті кітапшаларды қарау</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Жұбын тап» Мақсаты: Зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту. Кітап қарау: «Қызыл телпек» ертегісін сурет бойынша әңгімелеу.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Түстерді сәйкестендір» Мақсаты: Түстер мен олардың реңктерін ажырата білу. Кітап қарау: «Менің Отаным – Қазақстан» суретті кітапшасын қарау.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>I. Бір саппен жүру. Денені тік ұстау. Дабыл бойынша балалар кері айналып әрі қарай жүреді. Тізесін жоғары көтеріп жүру, жүгіру. Үш сапқа бөлініп тұру.</p> <p>II. Жалпы даму жаттығулары</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Б.қ. Тіке тұру, жалауша алда, 1 – жалаушаны жоғары көтереміз, 2 – жалаушаны екі жанымызға түсіреміз, 3 – төменге түсіру, 4 – б.қ келу. 5 – 6 рет</li> <li>2. Б.қ. Аяқ алшақ,оң қолымыз жоғары, сол қолымыз төменде 1-2 алға, 3-4 артқа қозғаймыз, сол қолымызды көтеріп, оң қолды төмен түсіріп қайталаймыз 5 – 6 рет</li> <li>3. Б.қ.жалаушаны алға ұстап,1– тізе бүгіп отыру-тұру.</li> <li>4. Б.қ. еденге отыру, 1–жалаушаны жоғары көтеріп, 2-еңкейіп төмен түсіру, 3-жалаушаны жоғары көтеріп,төмен түсіру. 5-брет.</li> <li>5. Шалқамыздан жатып, жалаушаны рул етіп велосипед тебеміз</li> </ol> <p>III. Тыныс алу жаттығуы</p> <p>Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу</p> <p>«Насос» с – с – с</p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</b></p>	<p>Әнұран орындау</p> <p>1-күн – Дүйсенбі</p> <p>Тақырыбы: «Жаңа апта – жаңа қуаныш!»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жаңа аптаға жағымды көңілмен бастауға бейімдеу.</p> <p>Өлең:</p> <p>Күн күліп шықты аспаннан, Бізге нұр шашып тұр таңнан. Қайырлы таң, достарым, Күлімдейік баршамыз!</p> <p>Тәрбиеші: – Балалар, бүгінгі күніміз сәтті болсын! Бір-бірімізге жылы сөз айтайық.</p>	<p>2-күн – Сейсенбі</p> <p>Тақырыбы: «Менің ойыншығым»</p> <p>Мақсаты: Баланың сүйікті ойыншығына деген қызығушылығын ояту, достық сезімін дамыту.</p> <p>Өлең:</p> <p>Менің сүйікті ойыншық, Күлімдеп қарайды маған. Достарыммен бірге ойнап, Күнім өтеді шатшадыман!</p> <p>Тәрбиеші: – Қане, балалар, кімнің сүйікті ойыншығы бар, айтып көрейікші!</p>	<p>3-күн – Сәрсенбі</p> <p>Тақырыбы: «Туған жерім – Қазақстан»</p> <p>Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ояту.</p> <p>Өлең:</p> <p>Қазақстан – Отаным, Туған елдің баласым. Елімді мен сүйемін, Байрағымды көтеремін!</p> <p>Тәрбиеші: – Балалар, еліміздің рәміздерін білесіңдер ме? Қане, атап көрейікші.</p>	<p>4-күн – Бейсенбі</p> <p>Тақырыбы: «Табиғатты қорғаймыз»</p> <p>Мақсаты: Табиғатқа қамқор болу, оны сүйю сезімін қалыптастыру.</p> <p>Өлең:</p> <p>Ағаш, гүл мен көк шөпті, Су мен жерді қорғаймыз. Табиғат – біздің досымыз, Әрқашан қамқор боламыз!</p> <p>Тәрбиеші: – Табиғатты қалай қорғаймыз, балалар? Кім айтып береді?</p>	<p>5-күн – Жұма</p> <p>Тақырыбы: «Достық пен мейірім»</p> <p>Мақсаты: Балалар арасындағы достық, сыйластық сезімдерін нығайту.</p> <p>Өлең:</p> <p>Біз бақытты баламыз, Бір-бірімізге қамқормыз. Дос болайық, балалар, Мейірімге толы жанбыз!</p> <p>Тәрбиеші: – Достық деген не, балалар? Бір-бірімізге жақсы тілек айтып</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p><b><u>1.Тіл дамыту</u></b></p> <p>Кітап- білім бұлағы</p> <p>Міндеті: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.</p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз кітап туралы сөйлесеміз. Кітап — біздің ең жақын досымыз. Кітап арқылы</p>	<p><b><u>1 .Сауат ашу негіздер</u></b></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Міндеті: Салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, біздің халқымызда көптеген әдемі салт-дәстүрлер бар. Салт-дәстүр дегеніміз – ата-бабамыздан келе</p>	<p><b><u>1 Математика негіздері</u></b></p> <p>10 саны және цифры</p> <p>Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, бүгін біз 1-ден 10-ға дейін және 10-нан 1-ге дейін санап үйренеміз. Тура санау дегеніміз – кішіден үлкенге қарай, кері санау – үлкеннен кішіге қарай санау. Мысалы:</p>	<p><b><u>1.Тіл дамыту</u></b></p> <p>Мен білімді баламын</p> <p>Міндеті Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз</p>	<p><b><u>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b></p> <p>Менің Отаным-Қазақстан</p> <p>Міндеті: Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлерімен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: — Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?</p>

<p>біз көп нәрсені үйренеміз: жануарлар, табиғат, елдер мен адамдар туралы білеміз.</p> <p>Кітап бізге ақыл, білім, тәрбие береді.</p> <p>Кітап дүкенінен немесе кітапханадан алуға болады.</p> <p>Кітапты ұқыпты ұстау керек: жыртпау, шимайламау, таза ұстау — әр баланың міндеті.</p> <p>Мақал бар: «Кітап — білім бұлағы, Білім — өмір шырағы.»</p> <p>Сұрақ-жауап (балалармен әңгіме)</p> <p>Кітап деген не?</p> <p>Кітаптан не үйренеміз?</p> <p>Кітапты қалай ұстау керек?</p> <p>Сенің сүйікті кітабың бар ма?</p> <p>Дидактикалық ойындар: 1. «Кітапхана»</p> <p>Мақсаты: Кітап түрлерін ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші түрлі кітаптарды (ертегі, өлең, әліппе, суретті кітап) көрсетеді.</p> <p>Балалар кітаптың атауын</p>	<p>жатқан жақсы әдеттер мен ғұрыптар.</p> <p>Мысалы: Шілдехана – бала туғандағы қуаныш.</p> <p>Ат қою – жаңа туған балаға ат беру.</p> <p>Тұсау кесу – бала жүре бастағанда жасалатын дәстүр.</p> <p>Бесікке салу – сәбиді бесікке бөлеу рәсімі.</p> <p>Бұлардың бәрі халқымыздың мейірімі мен даналығын көрсетеді.</p> <p>Дыбыстық талдау бөлімі: Бүгін біз «дәстүр» сөзін талдаймыз.</p> <p>Қане, бірге айтайық: дәстүр.</p> <p>Сөзде неше буын бар? → Екі буын: дә – стүр.</p> <p>Ал неше дыбыс бар? → Алты дыбыс: д, ә, с, т, ү, р.</p> <p>Дыбыстарды ажыратып көрейік: Д – дауыссыз Ә – дауысты С – дауыссыз Т – дауыссыз Ү – дауысты Р – дауыссыз</p>	<p>Тура санау: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10</p> <p>Кері санау: 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1</p> <p>Тәрбиеші саусақпен, санау таяқшалармен немесе кубиктермен көрсетіп түсіндіреді.</p> <p>Дидактикалық ойындар: 1. «Сандар поезды»</p> <p>Мақсаты: Сандардың ретін дұрыс орналастыруға үйрету.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші үстелге 1–10 дейінгі сандар жазылған карточкаларды араластырып қояды.</p> <p>Балалар оларды ретімен тізіп, «поезд вагондары» сияқты орналастырады.</p> <p>Кері бағытта да орналастырып көреді.</p> <p>2. «Кім тез санайды?»</p> <p>Мақсаты: Тура және кері санауды бекіту.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші белгі береді: – «Алға!» дегенде балалар 1-ден 10-ға дейін санайды. – «Артқа!» дегенде 10-нан 1-ге дейін кері санайды.</p> <p>Кім қателеспей, тез айтса – сол жеңімпаз.</p>	<p>«Мен білімді баламын» деген тақырыпта әңгімелесеміз.</p> <p>– Білімді бала қандай болады?</p> <p>– Ол не істейді, қандай сөздер айтады?</p> <p>Балалар жауап береді (мысалы: оқиды, үйренеді, сұрайды, көмектеседі, тыңдайды, жазады).</p> <p>Тәрбиеші жалғастырады: – Дұрыс айтасыңдар! Білімді бала — ізденімпаз, әдепті, ұқыпты.</p> <p>– Енді біз заттарды сипаттайық.</p> <p>Мысалы: Кітап — пайдалы, түрлі түсті, білім көзі.</p> <p>Дәптер — ақ, жолды, оған жазамыз.</p> <p>Қалам — көк түсті, жазады.</p> <p>Балалар тәрбиешіге ілесіп, өздері де сипаттайды.</p> <p>Сөздік жұмыс: Жаңа сөздер: білімді, ұқыпты, әдепті, еңбекқор, ізденімпаз.</p> <p>Түсіндіру:</p>	<p>(Балалар: Қазақстан!) — Дұрыс айтасыңдар! Қазақстан – өте әдемі, кең байтақ ел. Мұнда әсем таулар, өзендер, ормандар мен дала бар.</p> <p>Мысалы, Алатау – биік тау, Бурабай – әсем көл, Астана – біздің елордамыз.</p> <p>Біздің елімізде еңбекқор, қонақжай, мейірімді адамдар тұрады.</p> <p>Отанымызды қорғау, оның табиғатын аялау – бәріміздің борышымыз.</p> <p>1. «Менің елім»</p> <p>Мақсаты: Балалардың Қазақстан туралы білімін бекіту.</p> <p>Шарты: Тәрбиеші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.</p> <p>Біздің елордамыз қалай аталады?</p> <p>Қазақстанның табиғаты қандай?</p> <p>Біз қай елде тұрамыз? Мемлекеттік рәміздерімізді ата.</p> <p>2. «Туған жерді тап»</p> <p>Мақсаты: Картамен жұмыс дағдысын дамыту.</p>
--	---	--	--	---

<p>айтып, қандай кітап екенін табады.</p> <p>Мысалы: – Бұл қандай кітап? – Бұл ертегі кітабы.</p> <p>2. «Жоғалған бет»</p> <p>Мақсаты: Назар мен ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші кітаптың суретін немесе бетін көрсетіп, бір бетті "жоғалтқандай" етіп жабады.</p> <p>Балалар сол бетте не болғанын еске түсіріп айтады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздерді мағынасына қарай қолдану дағдылары дамиды</p> <p><b>2. Математика негіздері</b></p> <p>0 саны және цифры</p> <p>Міндеті: 0 цифрымен таныстыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз 0 саны мен оның цифрымен танысамыз.</p> <p>Қане, бәріміз бірге 1-ден 10-ға дейін санайық: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10</p> <p>Ал енді егер заттар мүлде болмаса, нешеу болады? – Ештеңе жоқ!</p>	<p>Қорытынды: Сөзде 6 дыбыс, 2 буын бар.</p> <p>Буындар: дәс-түр</p> <p>2.«Дыбысты тыңда»</p> <p>Мақсаты: Дыбыстық талдау дағдыларын бекіту.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: дәстүр, салт, той, бала, бесік.</p> <p>Балалар әр сөздің бірінші дыбысын атайды.</p> <p>Мысалы: Дәстүр – д Салт – с Той – т</p> <p>3. «Буынға бөл»</p> <p>Мақсаты: Буын санын анықтауды үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші дәстүрлердің аттарын айтады: Шіл-де-ха-на (4 буын), Тұ-сау (2 буын), Бе-сік (2 буын).</p> <p>Балалар буынға бөліп шапалақтайды.</p> <p>Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау</p> <p>Күтілетін нәтиже: Дыбыстық</p>	<p>3. «Санның көршісін тап»</p> <p>Мақсаты: Көрші сандарды анықтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші айтады: – 5 санының көршілері кімдер?</p> <p>Балалар жауап береді: – 4 және 6!</p> <p>Осылай басқа сандармен де жалғастырылады.</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1-ден 10 ға дейін тура және кері санайды</p> <p><b>2. Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p>Міндеті: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, әрбір сөз дыбыстардан тұрады.</p> <p>Біз сөзді айтқанда дыбыстарды естиміз, ал жазғанда – әріптермен белгілейміз.</p> <p>Дыбыстар екіге бөлінеді: Дауысты дыбыстар – созылып, әуенмен айтылады (мысалы: а, о, е, і).</p>	<p>Білімді – көп білетін бала.</p> <p>Ұқыпты – заттарын ретпен ұстайтын бала.</p> <p>Ізденімпаз – білгісі келетін, сұрайтын бала.</p> <p>Дидактикалық ойындар: 1. «Затты сипатта»</p> <p>Мақсаты: Сипаттаушы сөздерді белсенді қолдануға үйрету.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші суретті көрсетеді (мысалы: кітап, қалам, сөмке).</p> <p>Бала сипаттайды: Бұл — кітап. Ол үлкен, әдемі, ішінде әріптер бар.</p> <p>2. «Қай зат білім әкеледі?»</p> <p>Мақсаты: Білімге қатысты заттарды ажырата білу.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші түрлі суреттерді (доп, кітап, дәптер, қасық, телефон) араластырып көрсетеді.</p> <p>Балалар білімге қатысы бар заттарды таңдайды.</p> <p>3. «Мен білімді баламын» (рөлдік ойын)</p>	<p>Шарты: Балалар картадан Астананы, Алматыны, Каспий теңізін, Алатауды тауып көрсетеді.</p> <p>3. «Табиғатты сипатта»</p> <p>Мақсаты: Табиғат көріністерін сипаттап айту дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Шарты: Балаларға суреттер (тау, өзен, орман, гүл) көрсетіліп, олар 1-2 сөйлеммен сипаттайды.</p> <p>Мысалы: – Бұл — тау. Ол биік, басында қар жатыр. – Бұл — көл. Су мөлдір, айналасы әдемі.</p> <p>Сергіту сәті: Ән: «Менің Қазақстаным» (балалармен бірге орындау)</p> <p>Қимыл: Балалар қолдарын жайып, кең дала бейнесін көрсетеді, ту көтеріп жүрген сияқты қимылдар жасайды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлерімен тарихи</p>
---	---	---	---	---

<p>Міне, осындайда біз 0 дейміз. Яғни, 0 саны — ештеңе жоқ дегенді білдіреді. Мысалы: Себетте 3 алма болды. Егер бәрін жесек, себетте не қалады? Дұрыс, 0 алма! Яғни, 0 — ештеңе жоқ, бос деген сөз. Цифр 0 осылай жазылады — 0 (дөңгелек сияқты). Ол әрқашан басқа сандардың жанында да тұра алады: 10, 20, 30 — мұнда 0 бар, бірақ басқа санмен бірге тұрғанда мағынасы өзгереді. Сұрақ-жауап: 0 саны нені білдіреді? Егер ойыншықтар жоқ болса, нешеу дейміз? 0 саны басқа сандардың жанында бола ала ма? 0 қандай пішінге ұқсайды? Дидактикалық ойындар: 1. «Қай себет бос?» Мақсаты: 0 санының мәнін түсіндіру. Көрнекілік: суреттер — ішінде алмасы бар және бос себеттер. Ойын барысы: Тәрбиеші бірнеше сурет</p>	<p>талдау жасайды, салт-дәстүрлер туралы біледі <b><u>2. Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b> Менің туған өлкем Міндеті: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, біздің бәріміздің туған жеріміз, Отанымыз бар. Ол — Қазақстан Республикасы. Біздің еліміз кең, әдемі, табиғаты бай, халқы тату. Қазақстанда түрлі ұлт өкілдері тұрады, олар достықта және бірлікте өмір сүреді. Біздің елімізде ерекше мемлекеттік рәміздер бар: Ту — көк түсті, ортасында күн мен қыран бар. Ол бейбітшілік пен еркіндіктің белгісі. Елтаңба — шаңырақ бейнесінде, ол бірліктің</p>	<p>Дауыссыз дыбыстар — кедергі арқылы айтылады, созылмайды (мысалы: м, н, с, т, к). Мысал арқылы түсіндіру: Сөз: «ат» Талдау: 1-дыбыс — [а] (дауысты) 2-дыбыс — [т] (дауыссыз) Сөзде екі дыбыс бар: біреуі дауысты, біреуі дауыссыз. Сөз: «гүл» [г] — дауыссыз [ү] — дауысты [л] — дауыссыз Барлығы үш дыбыс. Дидактикалық ойындар: 1. «Дыбысты тап» Мақсаты: Дауыссыз дыбыстарды ажырату. Барысы: Тәрбиеші бір сөзді айтады: бал, тау, нан, ат. Балалар сол сөздің дауыссыз дыбыстарын атап шығады. Мысалы: бал — [б], [л]. 2. «Дыбыс санын тап» Мақсаты: Сөздегі дыбыс санын анықтау. Барысы: Тәрбиеші сурет көрсетеді (мысалы: күн, гүл, тау). Балалар сөзді дыбыстарға</p>	<p>Барысы: Бір бала — мұғалім, басқалары — оқушылар. Мұғалім сұрақ қояды: — Қалам не үшін керек? — Кітаптан не үйренеміз? Балалар жауап береді. Күтілетін нәтиже: қажетті сөздерді қолдану және түсіну дағдылары қалыптасады <b><u>2. Математика негіздері</u></b> 10 саны Міндеті: Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен таныстыру Тәрбиешінің түсіндіруі — Балалар, бүгін біз жаңа санмен — 10 санымен танысамыз. — Ал енді 9-ға тағы бір зат қоссақ, не болады екен? Тәрбиеші тақтаға 9 алма қояды, кейін тағы 1 алма қосады: — Ендеше, 9-дың қасына тағы 1 алма қосқанда 10 алма болды. — Демек, жаңа сан — 10</p>	<p>орындарымен танысады <b><u>2. Сауат ашу негіздері</u></b> Дыбыстық талдау Міндеті Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Тәрбиешінің түсіндіруі: — Балалар, біз сөйлегенде сөз айтамыз. Әр сөз бірнеше бөліктен тұрады. Сол бөліктерді буын деп атаймыз. Мысалы: Ана — (А-на) — екі буын. Ат — бір буын. Ал-ма — екі буын. Ба-ла-пан — үш буын. Буын дегеніміз — дауысты дыбыспен айтылатын сөздің бөлшегі. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Дыбыстық талдау үлгісі: Сөз: алма 1-бөлім: А — дауысты 2-бөлім: Л — дауыссыз 3-бөлім: М — дауыссыз 4-бөлім: А — дауысты Буынға бөлеміз: ал-ма</p>
--	---	--	--	--

<p>немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Ойын:</b> Атауын айту, буындау, қазақ тіліне тән «Ү», «І» дыбысының орнын, жетіспей тұрған дыбыстарды толықтыру</p>	<p>– Халық «Нан – өмірдің символы» дейді. Сондықтан әр дәнді бағалай білу керек.</p> <p><b>Ойын 1: «Дәннен – нанға дейін»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Астықтың нанға айналу кезеңдерін ретімен айтуға үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: <i>дән – егін – астық – ұн – нан.</i> Балалар ретімен орналастырады және айтып шығады: «Дән себілді → Өсті → Орылды → Ұн тартылды → Нан пісірілді».</p> <p><b>Ойынның атауы:</b> «Білдім, көрдім, естідім»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың өз ойларын еркін жеткізуге, алған әсерлері мен ақпараттарын (теледидардан, ғаламтордан, әңгімеден)</p>	<p>бөлісуіне мүмкіндік беру</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b></p> <p>– Балалар, бүгін біз «Бәрі де риза» атты әңгімені тыңдаймыз. Бұл әңгімеде адамдардың бір-біріне көмектесіп, ризашылық білдіруі туралы баяндалады.</p> <p>– Әрқайсымыз әңгімені тыңдап, өзімізге ұнаған жерлерді айтып, алған әсерімізбен бөлісеміз.</p> <p><b>Ойын: «Мен де ризамын»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың алған әсерлерімен бөлісу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші сұрақ қояды: – «Әңгімеде кімге көмек көрсетілді?»</p>	<p>береді</p> <p>Атауын айтап, буындап, қазақ тіліне тән «Ү», «І» дыбысының орнын, жетіспей тұрған әріптерді толықтыру жолдары көрсетіледі</p> <p>Бұғылар қайда кездеседі, бұғының баласы атауымен танысады</p> <p>Өтілген тақырыптар бойынша танысқан аңдар туралы, бұғы туралы әңгіме құрастыра білуге үйрету, балалардың ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, сөздік қорын дамыту бағытында жұмыс жасалады</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балаларды ұқыптылыққа, табиғатты аялауға баулиды</p> <p>4. <u>Музыка</u> ««Гүлдене бер, Астана»</p> <p>Міндеті Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p>	<p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b></p> <p>«Балалар, біз бүгін өрмелеуді үйренеміз. Бұл жаттығулар біздің қолымызды, аяқтарымызды және бүкіл денемізді күшті етеді. Біз скамейка бойымен қолымызбен тартылып, иық пен тіземізге сүйене отырып өрмелейміз, құрсаудың ішінен еңбектеп өтеміз және гимнастикалық қабырғадан бір қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелейміз.</p> <p>Барлығын қауіпсіздік ережесін сақтай отырып жасаймыз».</p> <p><b>Жаттығулар / ойындар:</b></p> <p><b>Жаттығу 1: «Скамейка бойымен өрмелеу»</b></p> <p>Мақсаты: Қол мен иық бұлшықеттерін дамыту.</p> <p>Барысы: Балалар гимнастикалық скамейка бойымен қолмен тартылып, иық пен тізелеріне сүйене отырып өрмелейді.</p> <p>Тәрбиеші әр балаға дұрыс әдісті көрсетеді: иықтарды көтеру, қолмен</p>
--	---	---	--	--

<p>жолдары көрсетіледі  <b>Сюжетті рөлді ойын:»Ертегіні сахналайық»</b>  Барысы:Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіріп рөлдерге бөліп сахналауға үйрету, ертегі кейіпкерлерінің жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін ажыратып көруге, олардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету, әсіресе ертегілерде түлкі қандай? Оны қалай атайды?  Жұмыстары жасалады;  Тәрбиеші:Қандай орман тұрғындары бар екенін түсіндіріледі;  <b>Күтілетін нәтиже:</b>Ертегі арқылы балаларды қайырымдылыққа, адамгершілікке ұғымдарын</p>	<p>басқалармен бөлісуге үйрету.  <b>Барысы:</b>  Балалар шеңберге отырады.  Тәрбиеші қолына <i>астық бейнеленген допты</i> алып, былай дейді:  – «Кім астық, нан туралы не білді, не естіді немесе көрді?»  Допты бір балаға лақтырады.  Ол жауап береді:  – «Мен теледидардан диқаншылардың егін орып жатқанын көрдім.»  – «Әжем маған нанның қадірі туралы айтты.»  Әр бала допты алып, өз ойын айтады.  Тәрбиеші балалардың жауаптарын мақтап, қорытындылайды:  – «Көрдiңдер ме, әркім астық пен нан туралы түрлі дереккөзден біледі.  Ең бастысы – еңбекті бағалау!»  <b>Күтілетін нәтиже:</b></p>	<p>– «Сізді қандай жағдай риза етті?»  Балалар бір-бірімен кезекпен бөліседі:  – «Мен де риза болдым, өйткені...»  Әр бала өз ойын айтады, тәрбиеші қосымша түсіндіру жасайды.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар әңгіменің мазмұнын түсінеді;  Өз ойларын, алған әсерлерін еркін жеткізеді;  <b>4.Дене шынықтыру</b>  Еңбектеу  <b>Міндеті:</b>  «Жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);  <b>1-ойын:</b>  «Жыланша» төрттағандап</p>	<p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  <b>«Балалар, қазір біз «Гүлдене бер, Астана»</b> деген әнді тыңдаймыз. Бұл ән біздің қаламыз – Астананың әсемдігін, гүлдей гүлденгенін суреттейді. Музыканы тыңдап, оның қандай көңіл-күй сыйлайтынын ойлаймыз. Біз әнге сәйкес қимыл жасап, өз ойымызды айтып көрсетеміз».  <b>Ойындар / әрекеттер:</b>  <b>Ойын 1: «Көңіл-күйді тап»</b>  Мақсаты: Музыканы тыңдап, оның көңіл-күйін анықтау.  Барысы:  Балалар шеңберде отырады.  Тәрбиеші әнді қосады.  Балалар музыканы тыңдап, оның көңіл-күйін мимика немесе қимыл арқылы көрсетеді: мысалы, қолдарын жайып, күліп, би жасау.</p>	<p>тірелу, тіземен скамейкаға сүйену.  Барлық балалар кезекпен өтеді, қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінеді.  <b>Жаттығу 2: «Кұрсаудан еңбектеп өту»</b>  Мақсаты: Дененің икемділігін және тепе-теңдігін дамыту.  Барысы:  Балалар құрылысқа арналған құрсаудың ішінен еңбектеп өтеді.  Тәрбиеші әртүрлі тәсілдерді көрсетеді: ішпен, бүйірмен немесе арқамен өту.  Балалар кезекпен өтіп, әр тәсілді тәжірибелейді.  Жаттығу 3:  «Гимнастикалық қабырғадан өрмелеу»  Мақсаты: Қол күшін, икемділікті және қозғалыс үйлесімділігін дамыту.  Барысы:  Балалар бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелейді.  Тәрбиеші әр балаға қол мен аяқтардың дұрыс</p>
---	--	---	---	---

<p>түсінеді <b>4.Дене тәрбиесі</b> Еңбектеу <b>Міндеті</b> Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен <b>Барысы:</b> <b>1.(жылыну жаттығулары – 3-5 мин)</b> Қол, аяқ, иық, мойын бұлшықеттерін қыздыру жаттығулары. «Күн шықты» ойыны: балалар күнге қарап созылып, алақандарын жайып жылытады. <b>2.1-тапсырма:</b> – Балалар төрттағанда еңбектеп, шеңбердің ішінен өтіп шығады. <b>2-тапсырма:</b> – Арқаннан ұстап, орындықтың үстімен өрмелеп</p>	<p>Балалар астықтың қайдан келетінін біледі; Нан мен еңбектің қадірін түсінеді; <b>4.Музык</b> «Гүлдене бер,Астана» <b>Міндеті</b> Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз әсем де әдемі Астанамыз туралы ән тыңдаймыз. Бұл әнде еліміздің көркейіп, гүлденіп келе жатқаны туралы айтылады. – Ән көңілді ме, сабырлы ма? Қандай сезім тудырады? Тыңдайық та талқылайық. Музыкалық шығарма: Ән: «Гүлдене бер, Астана!» (Балалар тыңдайды, кейін бірге орындайды.)</p>	<p><b>еңбектеу</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың төрттағанда еңбектеуін дамыту, тепе-теңдік пен үйлестіруді жетілдіру. <b>Жабдықтар:</b> Ешқандай, тек кедергілер ретінде жастықтар, қораптар немесе конустар. <b>Жаттығу барысы:</b> Балалар «жыланша» болып сызыққа тұрады. Мұғалім «Жыланша бастаймыз!» деп команданы береді. Балалар төрттағанда еңбектеп, кедергілер арасынан өтеді. Қозғалыс кезінде қол мен тізені үйлестіріп, асықпай жүру керек. Бірнеше айналымнан кейін, қашықтықты 3-4</p>	<p>Әр бала өз сезімін сөзбен сипаттайды: «Бұл ән қуанышты», «Бұл ән мейірімді». <b>Ойын 2:</b> <b>«Музыкалық қимылдар»</b> Мақсаты: Музыканы сезіну және қимылмен көрсету. Барысы: Балаларға әннің әр бөліміне сәйкес қимылдар жасау ұсынылады: Жоғары ноталарда қолды жоғары көтеру. Жайлап қозғалу баяу әуенге. Қуанышты ритмге секіру немесе қол соғу. Тәрбиеші әр қимылды әнмен сәйкестендіріп, балалармен бірге орындайды. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар музыканы тыңдап, оның сипатын (көңілді, баяу, мерекелік) ажырата алады;</p>	<p>орналасуын көрсетеді. Барлық балалар кезекпен өтіп, әр қозғалысты қайталап, дұрыс техникасын бекітеді. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар гимнастикалық скамейка мен қабырғалардан өздігінен өрмелеп өте алады. <b>4.Шығармашылық Сурет/мүсіндеу/жапсыру /кұрастыру</b> <b>Сурет салу</b> Менің досым <b>Міндеті:</b> Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. <b>Мүсіндеу:</b> Менің досым <b>Міндеті.</b> Оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу <b>Жапсыру:</b> Менің досым</p>
--	---	---	--	---

<p>өтеді.</p> <p><b>3-тапсырма:</b> – Конустардың арасымен жүреді, соңында жеңіл жүгіріске көшеді. – Тәрбиеші: «Жүру – жүгіру – еңбектеу – өрмелеу» қимылдарын алмастырып орындатады.</p> <p><b>3. Қорытынды бөлім</b> Терең дем алу, баяу жүру. Қимылды ойын: «Кім тез еңбектейді?» Тәрбиеші балаларды мадақтайды.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар еңбектеу мен өрмелеу тәсілдерін меңгереді; Заттардың арасымен жүру мен жүгіруді алмастыра біледі;</p>	<p>Ойын: «Музыка не дейді?» Мақсаты: Музыканың сипаты мен көңіл-күйін ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші екі түрлі музыканы қосады – баяу және көңілді. Балалар музыкаға сай қимылдайды: Баяу әуенде — жай жүреді, қолын жайлап бұлғайды; Көңілді әуенде — секіріп, шапалақтайды. Содан кейін тәрбиеші сұрайды: – «Қай әуен саған көбірек ұнады? Неліктен?» Балалар өз пікірін айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар музыканы тыңдап, оның сипатын (көңілді, баяу, мерекелік) ажырата алады; Өз көзқарасын еркін білдіреді;</p>	<p>метрге дейін арттыруға болады.</p> <p><b>Ереже:</b> Кедергілерге тиіп кетпеу. Бір-бірінен қауіпсіз қашықтық сақтау.</p> <p><b>2-ойын: «Допты баспен итеріп еңбектеу»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың басын пайдаланып допты итеру дағдысын қалыптастыру, төрттағандап еңбектеуді жетілдіру.</p> <p><b>Жабдықтар:</b> Жұмсақ доп (балаларға қауіпсіз), кедергілер (қораптар, конустар).</p> <p><b>Жаттығу барысы:</b> Балалар төрттағандап еңбектеп, алдына қойылған допты басымен итеріп жүреді. Кедергілер арасынан өтіп, белгіленген орынға</p>			<p><b>Міндеті:</b> Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> Менің досым</p> <p><b>Міндеті:</b> Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> <b>«Балалар, қазір біз «Нағыз дос» тақырыбында сурет саламыз. Мен сіздерге дос туралы өлең оқып беремін. Содан кейін өз достарыңды ойлап, сол</b></p>
---	---	---	--	--	---

		<p>допты жеткізеді. Қашықтық 3-4 метр. Ойын кезінде допты қолмен ұстамау керек, тек баспен итеру қажет.</p> <p><b>Ереже:</b> Тек төрттағандап еңбектеу. Доп кедергілерге тимесе жеткізу керек. Күтілетін нәтиже: Жыланша еңбектей алу</p>		<p>достарыңды суретке түсіресіңдер. Суреттің бетіне ермексабын қолданып, әдемілеп тегістеп жабыстырамыз. Бұл біздің суретті әсем әрі ерекше етеді».</p> <p>Іс-әрекет барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Достық туралы өлең тыңдау Тәрбиеші балаларға достық туралы қысқа өлең оқып береді. Балалар өлең мазмұнын түсініп, өз ойларын қысқаша айтып береді: «Менің досым кім?»</li><li>2. Досыңды суретке салу Балалар өз достарын немесе ойдағы достарын қағазға бейнелейді. Қажет болса, тәрбиеші қарапайым сызбаларды көрсету арқылы көмек береді (адам фигурасы, бет-әлпет).</li><li>3. Ермексабын қолдану Сурет салғаннан кейін балалар ермексабын пайдаланып, суреттерін әдемілеп жабыстырады. Тәрбиеші қадам-қадам көрсетеді: ермексабын қалай тегістеп, фигураны</li></ol>
--	--	---	--	---

					<p>бөлшектеп жапсыруға болады.</p> <p>4. Суретті қорғау және таныстыру</p> <p>Балалар өз суреттерін қорғайды, сыныптағы балаларға көрсетеді.</p> <p>Әр бала өз достары туралы айтып, неге сол достары ерекше екенін түсіндіреді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар өз достарын суретте бейнелей алады. Ермексабын пайдаланып, шығармашылық техникамен суретін әдемілеп береді.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p><b>1. Ауа райын бақылау:</b> Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу.</p> <p><b>2. Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:</b> Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б.</p> <p><b>3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:</b> Қайда баратынын. Қандай ойындар ойнайтынын. Не істеуге болмайтынын түсіндіреді.</p> <p><b>4. Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері</b> Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды. Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды. Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.</p>				

<p><b>Серуен</b></p>	<p>№40 серуен картотекасы 1. Балалардың дербес әрекеті: Жапырақтарды түсіне қарай сұрыптап, топтау. 2. Қимылды ойын: «Жапырақтар сайысы» — жапырақ секілді билеу, желде ұшу қозғалысын жасау. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру және түсін өзгертуін бақылау. 4. Еңбекке баулу: Жапырақтарды жинап, таза жерге қою, реттеу.</p>	<p>№41 серуен картотекасы 1. Балалардың дербес әрекеті: Балалар табиғаттағы тұман құбылысын бақылап, бүгінгі ауа райының ерекшеліктерін салыстырады. Сондай-ақ, таныс дыбыстар негізінде сөздер ойлап, өз ойын білдіреді. 2. Қимылды ойын: «Кетіп қалған кім?» және «Қояндар мен қасқырлар» — балалар рөлдерді қабылдап, ойнау арқылы кеңістікті бағдарлауды және байқағыштықты дамытады. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Табиғаттағы тұманды және ашық күнді салыстыра отырып, ауа райының өзгерісін бақылайды. 4. Еңбекке баулу: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер жасап, шығармашылықпен айналысады.</p>	<p>№42 серуен картотекасы 1. Балалардың дербес әрекеті: Күзгі саябақтағы ағаштардың жапырақтарын жинап, әр ағаштың жапырағын ажырата біледі. 2. Қимылды ойын: «Кұстар мен мысық», «Аққу – қаздар» — балалар өздерінің қозғалыстарын табиғаттағы жануарларға ұқсату арқылы ойнайды. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Саябақтағы күзгі өзгерістерді бақылап, адамдардың не үшін саябаққа келетінін талқылайды. 4. Еңбекке баулу: Жиналған жапырақтарды тәртіппен орналастырып, тазалыққа баулиды.</p>	<p>№43 серуен картотекасы 1. Балалардың дербес әрекеті: Құстардың атауларын атап, олардың дауыстарын тындап, жұмбақтар шешеді. 2. Қимылды ойын: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» — балалар құстардың қозғалысын қайталап, жылдамдық пен ептілікті дамытады. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Құстардың топпен ұшуын және күздегі мінез-құлықтарын бақылау. 4. Еңбекке баулу: Құстарға арналған жем салатын тақтай жасап, олардың тамағын қамтамасыз етеді.</p>	<p>№44 серуен картотекасы 1. Балалардың дербес әрекеті: Желдің бағытын сезініп, күзгі жапырақтарды жел бағытына сәйкес жинау. 2. Қимылды ойын: «Жел көбік» және «Кім жылдам?» — балалар желдің қозғалысын сезініп, жылдамдық пен кеңістікті бағдарлауды үйренеді. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Күзгі желдің бағытын және жапырақтарға әсерін бақылау. 4. Еңбекке баулу: Жиналған жапырақтарды жинап, ауаны таза ұстауға тәрбиелеу.</p>
----------------------	--	--	--	---	---


Серуеннен оралу	<p><b>Серуен соңындағы жұмыс:</b>  <b>Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру)</b>  <b>Киімдерін шешуге көмектесу</b>  <b>Қолдарын жууға бағыттау. Суды үнемді пайдалану кезкңін ескеру. Суды ұзақ ағызып тұрмау, қолды жуып болған соң кранды өшіру.</b>  <b>Қысқаша серуен бойынша сұрақ:</b>  <b>"Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"</b></p>				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Зейінін және есте сақтауын дамыту  <b>Жұмыс түрі:</b>  Жаңылтпаш жаттату  <b>Қолданылған құрал:</b>  Жаңылтпаш жазылған карточкалар  <b>Бақылау:</b>  Қысқа сөздерді дұрыс айтады, бірақ ұзақ сөйлемдерді шатастырып кетеді.</p>	<p>Математикалық түсініктерін қалыптастыру  <b>Жұмыс түрі:</b> Санап айту, салыстыру  <b>Қолданылған құрал:</b> Кубиктер, санау таяқшалары  <b>Бақылау:</b> 10-ға дейін санайды, бірақ кері санауға қиналады.</p>	<p>Ұсақ моторикасын дамыту  <b>Жұмыс түрі:</b> Қағаз қию, жапсыру  <b>Қолданылған құрал:</b> Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім  <b>Бақылау:</b> Қағазды қия алады, бірақ ұқыпты жапсыруға қиналады.</p>	<p>Әлеуметтік дағдыларын жетілдіру  <b>Жұмыс түрі:</b> «Менің досым» тақырыбында әңгімелесу  <b>Қолданылған құрал:</b> Балалардың суреттері, смайликтер  <b>Бақылау:</b> Досының атын айта алады, бірақ сөйлем құрауда қысқа жауап береді.</p>	<p><b>Математикалық түсініктерін қалыптастыру</b>  <b>Жұмыс түрі: Санап айту, салыстыру</b>  <b>Қолданылған құрал: Кубиктер, санау таяқшалары</b>  <b>Бақылау: 10-ға дейін санайды, бірақ кері санауға қиналады.</b></p>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік шығармашылық, әк	<p><b>3. Сюжетті-рөлдік ойын</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Дүкенде»  <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>4. Үстел үсті-баспа ойыны</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Пішіндерді құрастыр»</p>	<p>“Асық ату”  <b>Мақсаты:</b> Көз дәлдігін, қол икемін дамыту.  <b>Барысы:</b> Балалар</p>	<p><b>Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойын</b>  <b>Мақсаты:</b> балалардың ақша туралы</p>	<p>“Түйе, түйе – түйеші”  <b>Мақсаты:</b> Ұлттық жануарлармен таныстыру, ептілікке баулу.</p>

<p><b>сперименталдық, еңбек қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары т. б.)</b></p>	<p>Сөйлесу, келісу, рөлге ену дағдыларын қалыптастыру. <b>Барысы:</b> Бірі — сатушы, бірі — сатып алушы. «Нан сатамын», «Маған алма беріңізші» деп сөйлеседі. Ақша алмасады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Ұсақ моторика мен логикалық ойлауды дамыту. <b>Барысы:</b> Балалар түрлі түсті фигуралардан үй, гүл, күн бейнелерін құрастырады. Соңында не жасағанын айтып береді.</p>	<p>кезекпен асық атады. Кім көбірек түсірсе, сол жеңімпаз. Қауіпсіздік ережесі ескертіледі.</p>	<p>түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауыр болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды</p>	<p><b>Барысы:</b> Бір бала – “түйеші”, қалғандары – “түйе”. Тәрбиеші «Түйеші келді!» десе, түйелер жүреді, «Токта!» десе, бәрі тізерлеп отыра қалады.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b> <b>“Бала құқығы – басты назарда”</b> <b>Мақсаты:</b> Құқықтық сауаттылық қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> Бала – жеке тұлға. Ол өз пікірін айтуға, демалуға, ойын білдіруге құқылы. <b>Кенес:</b> Тәрбиеші ата-аналарға баланың пікірін сыйлауды, шешім қабылдауда оған аздап еркіндік беруді ұсынады</p>				





## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Тексерді 

**Білім беру ұйымы: «Первомай ауылының ЖОББМ» КММ**

**Мектепалды 0 «А» сыныбы**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта, 10-14 қараша 2025-2026 оқу жылы**

**Құндылық – Әділдік және жауапкершілік**

**Апта дәйексөзі: «Жауапкершілік адамды адам етеді»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.11.25	Сейсенбі 11.11.25	Сәрсенбі 12.11.25	Бейсенбі 13.11.25	Жұма 14.11.25
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Табиғат, Бұлбұл, Көңіл ашар, Адай                      Күй баяу дыбыспен, фонотетінде ойнап тұрады (қатты емес, жағымды дыбыста).                      Балалар үстел басында тыныш ойнап немесе бейбіт әрекетпен айналысып отырады (мысалы, кітап қарау, құрастыру, сурет салу).                      Тәрбиеші қаласа, күй туралы қысқаша түсінік береді  <b>"Қолмен амандасу бұрышы"</b>  <b>Мақсаты:</b> Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру.                      Есіктің қасына "амандасу постері" ілінеді, онда 4 түрлі амандасу түрі болады:                      Қолмен ұстасу                      Жүрекке қол қойып бас изеу                      "Құсша" қанат қағу (екі қолды көтеріп)                      Құшақ «ауалы құшақ» (ауада құшақтау)  <b>Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады.</b></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>«Қоғамдық мүлікті қорға» Әңгімелесу  <b>Ата-аналарға кеңес: «Қоғамдық мүлікті қорғауға үйретейік»</b>                      Балаларды ерте жастан қоғамдық мүлікті қадірлеуге үйрету — олардың жауапкершілік пен ұқыптылық сезімін дамытуда маңызды рөл атқарады.  <b>1. Үлгі көрсетіңіз.</b>                      Балалар ересектердің іс-әрекетін қайталайды. Ауладағы ойыншықтарды, кітапхананың кітаптарын, балабақшадағы құралдарды ұқыпты пайдалану арқылы үлгі көрсетіңіз.  <b>2. «Бұл — бәріміздің ортақ дүниеміз» деп түсіндіріңіз.</b></p>				

	<p>Мысалы: «Бұл ойыншық – барлық балалардың ойнауы үшін. Егер сынса, басқа балалар ойнай алмай қалады» деген сияқты түсінікті тілде айтып отырыңыз.</p> <p><b>3. Қарапайым ережелер енгізіңіз.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Ойыншықты орнына қою.</li> <li>– Сындырып, бүлдірмеу.</li> <li>– Басқаның затын рұқсатсыз алмау.</li> </ul> <p>Бұл ережелерді күн сайын еске түсіріп отырыңыз.</p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>Қимылдық ойын: "Кім жылдам?"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Баланың қимыл-қозғалысын, жылдамдығын, үйлесімділігін дамыту.  <b>Ойын барысы:</b>  Балаларға түрлі тапсырмалар беріледі: «Қызыл затты тап», «Жүгіріп барып, шеңбердің ішіне тұр», «Секіріп бара жатқандай қозғал» т.б. Әр бала өз бетінше әрекет етеді.  Қай бала тапсырманы жылдам әрі дұрыс орындаса – сол жеңімпаз (Дене тәрбиесі**)</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын: "Дүкен"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Әлеуметтік рөлдерді меңгерту, қарым-қатынас пен сөйлеу дағдысын дамыту.  <b>Ойын барысы:</b>  Балалар біреуі — сатушы, біреуі — сатып алушы рөлін алады.  «Дүкен» ішінде түрлі заттар (ойыншық көкөніс, киім, кітап т.б.) қойылады.  Әр бала өз рөлін ойнайды: затты сатады, бағасын сұрайды, төлейді.  Ойын өздігінен жалғасады, мұғалім тек бақылаушы.  (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық</p>	<p><b>Бейнелеу өнері: "Менің армандаған үйім"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту, түстермен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру.  <b>Ойын барысы:</b>  Әр бала ақ қағаз бен түрлі-түсті қарындаштар алады.  Тапсырма: өз армандаған үйін салып, оған кімдермен бірге тұратынын да көрсетеді (ата-анасы, достары, жануарлар).  Кейін балалар өз суреті туралы айтып бере алады.  (іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p><b>Үстел үсті-баспа ойыны: "Пішіндер патшалығы"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Геометриялық пішіндерді тану, салыстыру, логикалық ойлауды дамыту.  <b>Ойын барысы:</b>  Балаларға пішіндер бейнеленген карточкалар мен сәйкес келетін пішіндер (кесілген қатты қағаз, пластик фигуралар) беріледі.  Бала карточкаға қарап, сәйкес пішінді тауып, дұрыс орынға қояды.  Қалауы бойынша</p>	<p><b>Кітаптарды қарау бұрышы: "Суреттен ертегі ойлап тап"</b>  <b>Мақсаты:</b>  Қиялды дамыту, тіл байлығын арттыру, кітапқа қызығушылық қалыптастыру.  <b>Ойын барысы:</b>  Балалар тыныш ортада әрқайсысы өзіне ұнаған суретті кітапты таңдайды.  Суретке қарап отырып, өз ертегісін ойлап табады.  Қаласа, бір-біріне немесе тәрбиешіге әңгімелеп береді.  (Қарым-қатынас іс-әрекеті,</p>

		іс-әрекет)		түстерді де сәйкестендіреді. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Қараша</b>  <b>Таңғы жаттығу кешені № 5</b>  <b>(кұралсыз)</b>  <b>I.</b> Бір саппен тұру. Денені тік ұстау. Аяқтың ұшымен жүру, қол жоғарыда. Өкшемен жүру, қол белде.  Жүгіру. Үш топқа бөлініп тұру.  <b>II.</b> 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Қолды екі жанынан жоғары көтеру. Созылу, орнына келу. 5 рет.  2. Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта. 1 – қол екі жаққа созу, 2 – оңға иілу, қолды жоғары созу. 3 – тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. Сол жаққа қайталау 4 – 5 рет.  3. Б.қ қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз 4 – 5 рет  4. Б.қ. Аяқ алшақ, қолды екі жаққа созу. Бір, екі терең отырып, тізені құшақтау, басты түсіру. Үш, төрт орнына келу. 5-6  5. Б.қ аяғымыз сәл ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ келу 5-6 рет  6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет  <b>III.</b> Бір саппен жүріп, терең демалу.  «Шар үру» уф – уф – уф</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӘ)</b>	<p><b>"Көңіл-күйім қандай?" ойыны (ыммен көрсет)</b>  Мақсаты: Эмоцияны тану, мимика мен қимыл арқылы көңіл-</p>	<p>«Мақтау сөздер айту»  Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы</p>	<p>«Мейірімді адамдар»  Ойынның мақсаты: «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау</p>	<p><b>Тапқыр сұрақ ойыны</b>  <b>Мақсаты:</b> Тіл мен логикалық ойлауды дамыту.  <b>Нұсқаулық:</b></p>	<p>«Құрметтеуді үйренеміз»  Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>

	<p>күйді білдіру Тәрбиеші: «Қуанған кезде қалай көрінеміз?», «Шаршағанда ше?» — деп сұрайды. Балалар тек ыммен көрсетеді, сөйлемейді. 4-5эмоциядан көрсту</p>	<p>қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.(Адалдық әліппесі)</p>	<p>процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімдіекенін түсіндіреді(жауаптыңүлгісі:меніңәпкем мейірімді,өйткеніол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды. (Адалдық әліппесі)</p>	<p>Педагог әр түрлі сұрақтар қояды, мысалы: «Қандай жануарлар үреді?», «Қандай көлік жүреді?». Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады. (Адалдық әліппесі)</p>
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b> Біздің қанатты достарымыз <b><u>Міндеті:</u></b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын</p>	<p><b><u>1 .Сауат ашу негіздері</u></b> Дыбыстық талдау және буынға бөлу <b>Міндеті:</b> Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша) үйрету Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, сөз</p>	<p><b><u>1 Математика негіздері</u></b> Дөңгелек пен сопақша <b><u>Міндеті:</u></b> Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз жаңа</p>	<p><b><u>1. Сөйлеуді дамыту</u></b> Судың да сұрауы бар <b><u>Міндеті</u></b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және</p>	<p><b><u>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b> Көлік <b><u>Міндеті:</u></b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, көлік біздің</p>

<p>қалыптастыру Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, құстар – біздің қанатты достарымыз. Олар табиғатты көркейтеді, ұясын салып, балапанын асырайды. Құстарды қорғау керек. Бүгін біз құстар туралы әңгімелеп, түбірлес сөздер жасап үйренеміз (құс – құстар, құсшы, құсхана), сөйлем құраймыз. Ойындар: 1. «Құс қалай сайрайды?» Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеуге қызығушылық ояту. Барысы: Тәрбиеші түрлі құстардың атауын атайды, балалар сол құстардың дауысын келтіреді: – Торғай – «шиқ-шиқ», – Қарға – «қар-қар», – Этеш – «кукареку». Кейін сөйлем құрайды: «Торғай сайрайды», «Қарға қарқылдайды». 2. «Қанатты достарды тап»</p>	<p>дыбыстардан және буындардан құралады. Әр сөздің ішінде дыбыстар бар, біз оларды естіп, бөліп айта аламыз. Мысалы: «Ана» деген сөзде екі буын бар: а-на. Ал «доп» сөзінде бір буын бар. Бүгін біз сөздерді буынға бөліп, буындардан жаңа сөздер құрауды үйренеміз. Ойындар: 1. «Қанша буын бар?» Мақсаты: Сөздерді буынға бөлуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: ата, бала, мысық, гүл, қоян. Балалар сөздерді буынға бөліп шапалақтайды. Мысалы: ба-ла (2 шапалақ), мысық (1 шапалақ). 2. «Буыннан сөз құра» Мақсаты: Буындардан сөз</p>	<p>пішінмен – сопақшамен танысамыз. Сопақша пішін дөңгелекке ұқсайды, бірақ созылыңқы болады. Мысалы, жұмыртқа немесе қауын сопақша пішінді. Ал дөңгелек – домалақ, мысалы, доп сияқты. Кәне, бірге салыстырайық: дөңгелек пен сопақша пішіндердің айырмашылығы неде? Ойындар: 1. «Тап та салыстыр» Мақсаты: Дөңгелек пен сопақшаны ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші балаларға түрлі пішіндегі суреттер (доп, жұмыртқа, тәрелке, қауын, сағат) көрсетеді. Балалар әр суреттің пішінін анықтап айтады: «Бұл дөңгелек», «Бұл сопақша». 2. «Пішіндер дүкені» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді есте сақтау және салыстыру.</p>	<p>жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Балалар, су — тіршіліктің көзі. Су болмаса, өсімдік те, адам да, жануар да өмір сүре алмайды. «Судың да сұрауы бар» деген мақал суды үнемдеп, таза ұстау керектігін білдіреді. Бүгін біз су туралы сөйлесіп, , сөйлем құраймыз. Ойындар: 1. «Су туралы сөздер» Мақсаты: Түбірлес сөздерді табуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші «су» сөзінен түбірлес сөздер шығартқызады: су, суық, сулу, суару, сусын, суат. Балалар әр сөзбен</p>	<p>өмірімізде маңызды рөл атқарады. Көліктердің түрлері көп: жер көлігі (автобус, машина, пойыз), әуе көлігі (ұшақ, тікұшақ), су көлігі (кемелер, қайықтар), арнайы көліктер (жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция көлігі). Әр көлік белгілі бір жұмыс атқарады. Ойындар: 1. «Көлік түрін тап» Мақсаты: Көліктердің түрлерін ажырата білуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші көліктің атын немесе дыбысын айтады, балалар қандай көлік екенін табады. Мысалы: «Ву-ву!» – өрт сөндіру көлігі, «пиу-пиу» – ұшақ. 2. «Кім жылдам?» Мақсаты: Көліктердің қызметін есте сақтауға, ойлау қабілетін дамыту. Барысы: Балалар шеңбер бойымен</p>
---	---	--	---	---

<p>Мақсаты: Түбірлес сөздерді табу, қолдану. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді: құс, құсшы, ұя, балапан. Балалар түбірлес сөздерді атайды және сөйлеммен қолданады. Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар құстар туралы әңгімелеп айта алады, түбірлес сөздерді жасайды, сөйлемді дұрыс құрайды.</p> <p><b><u>2.Математика негіздері</u></b></p> <p>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш</p> <p><b><u>Міндеті:</u></b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, заттардың пішіні әртүрлі болады. Мысалы, доп – дөңгелек, терезе – тіктөртбұрыш, кітап – шаршы, үйдің шатыры –</p>	<p>құрауға дағдыландыру. Барысы: Тәрбиеші буындарды айтады: ба–ла, ме–ктеп, гүл–дер. Балалар буындарды қосып, толық сөзді айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар сөздерді буынға бөле алады, буындардан сөз құрастырады, дыбыстық талдауға қызығушылық танытады.</p> <p><b><u>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b></p> <p>Қазақстанда өсетін өсімдіктер</p> <p><b><u>Міндеті:</u></b> Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Тәрбиешінің түсіндіруі:</p>	<p>Барысы: Балалар «дүкенге» келіп, тәрбиеші айтқан пішінді «сатып алады»: – «Маған дөңгелек керек!» – «Маған сопақша керек!» Тәрбиеші балалардан неге сол пішінді таңдағанын сұрайды. Күтілетін нәтиже: Балалар дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырата алады; қоршаған ортадан осы пішіндерге ұқсас заттарды таба біледі.</p> <p><b><u>2.Сауат ашу негіздері</u></b></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p><b><u>Міндеті:</u></b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, әр сөз дыбыстардан тұрады. Дыбыстарды тыңдап, олардың ретімен айта білу керек. Кейбір дыбыстар – дауысты (созылып айтылады), ал</p>	<p>сөйлем құрайды: – «Суық су ішпе!» – «Анам гүлдерді суарды.» 2. «Судың пайдасы» Мақсаты: Сөйлеу мәдениетін дамыту, жай және жайылма сөйлемдер құрау. Барысы: Балалар суреттерге қарап, судың не үшін керек екенін айтады: су ішуге, жуынуға, егін суаруға, табиғатқа.</p> <p>Тәрбиеші балаларды толық сөйлеммен жауап беруге бағыттайды. Күтілетін нәтиже: Балалар түбірлес сөздерді дұрыс таба алады, судың маңызын түсінеді, жай және жайылма сөйлем құрай алады, сөйлеу әдебін сақтайды</p> <p><b><u>2.Математика негіздері</u></b></p>	<p>тұрады. Тәрбиеші көліктің атын атайды, балалар сол көліктің не үшін керек екенін айтады: – «Жедел жәрдем» – науқастарды тасиды, – «Өрт сөндіру» – өртті сөндіреді. Күтілетін нәтиже: Балалар көлік түрлерін ажырата алады, олардың қызметін түсінеді, арнайы көліктердің маңызын біледі.</p> <p><b><u>2.Сауат ашу негіздері</u></b></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p><b><u>Міндеті</u></b> Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырыбы: Дыбыстық талдау</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Сөз дыбыстардан тұрады. Дыбыстарды дұрыс естіп, ажырата білу — дұрыс сөйлеудің негізі. Кей</p>
---	---	---	--	---

<p>үшбұрыш. Бүгін біз осы фигураларды ажыратуды үйренеміз.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Пішінін тап»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді тану және атау.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сипаттап айтады: «Бұл пішінде төрт бұрыш бар, барлығы тең» – балалар: «Шаршы!» деп жауап береді. Осылай барлық пішінді сипаттап табады.</p> <p>2. «Пішінді тап та көрсет»</p> <p>Мақсаты: Қоршаған ортадан фигураларды табу.</p> <p>Барысы: Балалар бөлмеден пішінге ұқсас заттарды табады: сағат – дөңгелек, тақта – тік төртбұрыш, кітап – шаршы, үй шатыры – үшбұрыш.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар геометриялық пішіндерді дұрыс атайды, ажырата біледі, өмірден мысал келтіре алады.</p>	<p>Балалар, біздің елімізде түрлі өсімдіктер өседі: ағаштар, гүлдер, бұталар, шөптер.</p> <p>Өсімдіктерге өсу үшін су, жарық, жылу және күтім қажет. Егер өсімдікке су құймасақ, ол солып қалады. Күн түссе – өсіп, гүлдейді.</p> <p>2. «Өсімдіктер әлеміне саяхат»</p> <p>Мақсаты: Өсімдіктердің атауларын ажырату, байқағыштықты дамыту.</p> <p>Барысы: Балалармен бірге дала немесе бөлме өсімдіктерін қарап, атауларын айтады: гүл, ағаш, шөп, кактус, раушан.</p> <p>Тәрбиеші сұрайды: «Қайсысы суда өседі?», «Қайсысы күнді жақсы көреді?»</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар өсімдіктердің тірі</p>	<p>кейбірі – дауыссыз (қысқа айтылады).</p> <p>Мысалы: күн сөзінде 3 дыбыс бар: [к]-дауыссыз, [ү]-дауысты, [н]-дауыссыз.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Дыбысты тап»</p> <p>Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: алма, тас, гүл, үй). Балалар сол сөздегі дауысты дыбысты атап, оны қол көтеріп көрсетеді.</p> <p>2. «Қай дыбыс бірінші?»</p> <p>Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: доп, үй, бала). Балалар сөздің бірінші дыбысын айтады: «д», «ү», «б».</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар сөздерді дыбыстық талдай алады; дауысты мен дауыссыз дыбыстарды ажыратады; сөздегі дыбыстардың ретін</p>	<p><b>Дөңгелек пен сопақша</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біз дөңгелек пішінді жақсы білеміз. Ал бүгін сопақша пішінмен танысамыз.</p> <p>Сопақша дөңгелекке ұқсайды, бірақ сәл ұзындау. Мысалы, жұмыртқа – сопақша, ал доп – дөңгелек.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Тап та ата»</p> <p>Мақсаты: Дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырату.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші әртүрлі суреттер</p>	<p>дыбыстар — дауысты (созылып айтылады), ал басқалары — дауыссыз (қысқа айтылады). Мысалы: күн – [к] дауыссыз, [ү] дауысты, [н] дауыссыз.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Дыбысты тап»</p> <p>Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: гүл, алма, тас, үй. Балалар сөздің ішінде қандай дауысты дыбыс бар екенін айтады және оны қолмен көрсетеді.</p> <p>2. «Қай дыбыспен басталады?»</p> <p>Мақсаты: Сөздің басындағы дыбысты анықтау.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (үй, бала, алма, мысық).</p> <p>Балалар әр сөздің бірінші дыбысын атайды: ү, б, а, м.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар сөзді дыбыстық талдауға үйренеді, дыбыстардың</p>
---	--	--	---	---

<p><b><u>3.Қазақ тіл</u></b> Күшік пен мысық <b><u>Міндеті:</u></b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Күшік ненің төлі екенін тәрбиеші сұрайды. Ал мысық ше? Қандай жануар екенін еске түсіреміз -Күшік пен мысық қандай әрекет жасап тұрғанын сұрау Күтілетін нәтиже: Көзбен көргенді сөзбен жеткізу дағдысын бақылаймын. <b><u>4.Дене тәрбиесі</u></b> Өрмелеу <b><u>Міндеті</u></b> Гимнастикалық</p>	<p>табиғатқа жататынын біледі; олардың өсуіне жарық, су, жылу керек екенін түсінеді. <b><u>3.Көркем әдебиет</u></b> Ақымақ қасқыр <b><u>Міндеті.</u></b> Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз «Ақымақ қасқыр» ертегісін тыңдаймыз. Бұл ертегіде айлакер, ақылды кейіпкерлер мен ақымақ қасқыр бейнеленген. Біз кейіпкерлердің не істегенін және олардың ісі дұрыс па, бұрыс па екенін бірге талқылаймыз. Ойындар: 1. «Кім не істеді?»</p>	<p>анықтайды. <b><u>3.Көркем әдебиет</u></b> Жұлдызды сәт <b><u>Міндеті:</u></b> Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну Балалар, бүгін біз «Жұлдызды сәт» атты әңгіме тыңдаймыз. Бұл шығармада кейіпкерлер өз еңбегі мен өнерін көрсетеді. кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылап, олардың неге солай жасағанын түсінеміз. Ойындар: 1. «Кім қандай кейіпкер?» Мақсаты: Әдеби кейіпкерлердің әрекетін түсіну, есте сақтау. Барысы: Тәрбиеші кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттайды, ал балалар қай кейіпкер екенін табады. Мысалы: «Ол еңбекқор, ән айтады, достарын</p>	<p>көрсетеді (доп, жұмыртқа, сағат, қауын, тәрелке). Балалар қандай пішінге ұқсайтынын айтады. 2. «Пішіндер әлемінде» Мақсаты: Қоршаған ортадан пішіндерді табуға үйрету. Барысы: Балалар сыныптан немесе бөлмеден дөңгелек және сопақша пішінді заттарды іздейді: сағат – дөңгелек, айна – сопақша, т.б. Күтілетін нәтиже: Балалар дөңгелек пен сопақшаны ажырата алады, заттардың пішінін салыстырады, пішіндерді қоршаған ортадан таба біледі.</p>	<p>ретін анықтайды, дауысты мен дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. <b><u>3. Дене шынықтыру</u></b> Секіру <b><u>Міндеті:</u></b> Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), Тәрбиешінің түсіндіруі: Секіру – денемізді шынықтыратын, күш пен ептілікті дамытатын қимыл. Бүгін біз екі аяқпен алға секіреміз, кедергілерден өтеміз және ойын арқылы секіруді жаттығамыз. Ойындар: 1. «Қояндар секірісі» Мақсаты: Қос аяқпен секіру дағдысын</p>
---	--	--	---	---

<p>скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз өрмелеуді және еңбектеуді үйренеміз. Өрмелеу денемізді шынықтырады, күш пен тепе-теңдікті дамытады.</p> <p><b>Ойындар:</b></p> <p><b>1. «Тосқауылдан өт»</b> Мақсаты: Ептілік пен батылдықты дамыту. Барысы: Тәрбиеші түрлі кедергілер (скамейка, құрсау, орындық) қояды. Балалар кезекпен еңбектеп, өрмелеп өтеді.</p> <p>2. «Жануарлар қалай қозғалады?» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын</p>	<p>Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетін есте сақтап, өз сөзімен айтуға үйрету.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: «Қасқыр не істеді?», «Оның ісі дұрыс па?» Балалар қысқаша жауап береді.</p> <p>2. «Кейіпкерге көмек бер» Мақсаты: Әдеби кейіпкердің ісіне өз көзқарасын білдіру. Барысы: Тәрбиеші: «Егер сен қасқыр болсаң, не істер едің?» – деп сұрайды. Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар ертегі мазмұнын түсінеді; кейіпкерлердің ісіне баға бере алады; өз ойын еркін айта алады.</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>«Жомарт өлкем»</b> <b>Міндеті Қазақ</b></p>	<p>қуантады» – «Бұл Әли!»</p> <p>2. «Менің жұлдызды сәтім» Мақсаты: Өз ісіне баға беріп, ойын еркін жеткізуге үйрету. Барысы: Әр бала өздері бір кейіпкерді таңдап сол кейіпкерді ссомдайды. Күтілетін нәтиже: Балалар кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай алады; өз ойларын еркін жеткізеді; әдеби кейіпкердің жасырын ойын түсіне бастайды.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> Көңіл күйім <b>Міндеті:</b> Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктері мен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, адамның көңіл-күйі әртүрлі болады: қуанышты, көңілді, сабырлы, кейде</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Әнұран <b>Міндеті</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру</p> <p><b>ӘНҰРАН</b> жайында ақпарат беу; - Әнұран– Қазақстан - Республикасы рәміздерінің бірі екенін түсіндіру</p> <p>-әнұранның маңызы мен қасиетін түсіндіру</p> <p>Кел шырқайық ойыны: Әуенге қосылып ырғағымен айтып көрсету</p> <p>Ойын:Кім зейінді Әнұранның сөздерін бөліп-бөліп, әр балаға беріп, ойнап</p>	<p>дамыту. Барысы: Балалар қоян болып бейнеленеді, екі аяқпен қатар секіріп, сәбізге «жетеді». Қай бала алысқа секірсе, сол жеңімпаз.</p> <p>2. «Қапшықпен жарыс» Мақсаты: Тепе-теңдікпен ептілікті дамыту. Барысы: Балалар екі тізесінің арасына қапшық қысып алып, белгіленген сызыққа дейін қос аяқпен секіреді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар секірудің әртүрлі түрін орындай алады (орнынан, алға, кедергіден), дене қимылдарын үйлестіреді, ептілік пен батылдық танытады.</p> <p><b>4.Шығармашылық</b> <b>Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</b> <b>Сурет салу</b> Үй құсы (балапандар) <b>Міндеті:</b> Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді,</p>
--	---	---	--	---

<p>жетілдіру.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші айтады: «Аю сияқты жүр», «Қоян сияқты секір», «Мысық сияқты еңбекте». Балалар қимылды орындайды</p>	<p>халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру,</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Балалар, біздің жеріміз – кең, әсем, бай өлкеміз. Қазақ халқы өз жерін, табиғатын, өнерін қадірлейді. Қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен қобыз. Домбыраның үні – нәзік, көңілді; қобыздың үні – терең, мұнды. Бүгін осы аспаптардың үнін тыңдап, ән айтамыз.</p> <p><b>Ойындар:</b></p> <p><b>1. «Қай аспаптың үні?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Домбыра мен қобыз үнін ажырату.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші кезекпен домбыра мен қобыздың үнін қосады (жазба не аспап). Балалар тыңдап, қай аспап</p>	<p>мұнды. Денсаулық пен жақсы көңіл-күй – адамның ең үлкен байлығы. Егер біз денемізді шынықтырсақ, таза ауада ойнасақ, жақсы көңіл-күйде боламыз. Бүгін біз денемізді жаттықтырып, эмоцияны қозғалыс арқылы білдіреміз.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Көңілді қимылдар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Эмоцияны қимылмен көрсетуге, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші көңіл-күйді атайды (қуанышты, мұнды, көңілді, таңданған).</p> <p>Балалар сол көңіл-күйге сай қимыл көрсетеді: секіру, қол сермеу, күлу, баяу жүру т.б.</p> <p>2. «Көңіл-күй айнасы»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Эмоцияны түсіну және бейнелеу.</p> <p>Барысы: Бір бала – «айна», екіншісі – «көрініс көрсетуші».</p> <p>Бірі түрлі көңіл-күй</p>	<p>отырып жаттатамын</p> <p><b>4.Музыка</b>«Жомарт өлкем»</p> <p><b>Міндеті.</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біздің жеріміз – кең, бай, жомарт өлке. Қазақ халқы табиғатты, жерін, елін сүйген. Бүгін біз «Жомарт өлкем» әнін тыңдап, қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен қобыздың үнін ажыратуды үйренеміз.</p> <p>Домбыраның үні — жеңіл, көңілді, ал қобыздың үні — терең, мұнды.</p> <p>Ойындар:</p> <p>1. «Қай аспаптың үні?»</p>	<p>жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p>Үй құсы (балапандар)</p> <p><b>Міндеті.</b> Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану</p> <p><b>Жапсыру:</b> Үй құсы (балапандар) Менің досым</p> <p><b>Міндеті:</b> Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
---	--	--	--	---

		<p>екенін табады.</p> <p><b>2. «Домбыра мен қобыз»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыкалық ырғақ пен есту қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: Балалар шеңбермен тұрады. Домбыраның үні естілсе – қолдарын шапалақтайды, қобыздың үні естілсе – баяу тербеледі.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды; олардың үнін ажырата алады; музыкаға қызығушылық танытады.</p>	<p>қимылын көрсетеді, екіншісі оны қайталайды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар өз көңіл-күйін қимыл және мимика арқылы жеткізе алады; салауатты өмір салтының маңызын түсінеді; белсенді қозғалысқа қызығушылық танытады.</p>	<p>Мақсаты: Музыкалық есту қабілетін дамыту, аспаптардың үнін ажырату.</p> <p>Барысы: Тәрбиеші домбыра мен қобыздың үнін тыңдатады. Балалар тыңдап, қай аспап екенін айтады және қимылмен бейнелейді.</p> <p>2. «Домбыра мен қобыз биі»</p> <p>Мақсаты: Музыкалық ырғақ сезімін дамыту.</p> <p>Барысы: Домбыра үні естілгенде – балалар шапалақтайды, қобыз үні естілгенде – жай тербеліп билейді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды; олардың үнін ажырата алады; музыкаға қызығушылық танытады; ән мен</p>	<p><b>Құрастыру:</b> Үй құсы (балапандар)</p> <p><b>Міндеті:</b> Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Балапандар – кішкентай, сүйкімді үй құстарының балалары. Бүгін біз балапандардың суретін саламыз. Оны түрлі түсті салфеткаларды қиып, шиыршықтап жапсырамыз. Ал көзін аяғын ермексаздан жасап жапсырамыз. Дөңгелек, сызық, нүкте Ойындар: «Қай балапан?»</p> <p>Мақсаты: Түсті және пішінді ажыратуға үйрету. барлық дағды бойынша жұмыс жасап, қиялдарын</p>
--	--	---	--	--	--

				қимылды үйлестіре біледі.	дамыту Барысы: Тәрбиеші түстерді атайды, балалар сол түспен балапанды әдемілейді, қияды, жапсырады, мүсіндейді (сары, қоңыр, ақ).
<b>Серуенге дайындық</b>	<p><b>Жинақтау ойыны:</b> – Қысқа қимылды ойын ("Қолым қайда?") арқылы балаларды жинақтау.</p> <p><b>Киінуге бағыт:</b> – Балалар ретпен киінеді. – Мұғалім ұқыптылыққа, дұрыс киінуге бағыт береді.</p> <p><b>Үнемділік туралы тәрбие:</b> – «Киімді жерге тастама – ол тез тозады», – «Жоғалтпа — ол шығын», – «Суды үнемдеп қолдану – табиғатты қорғау» деген сияқты қысқа ескерту, бағыт беру.</p> <p><b>Серуенге шығу:</b> – Балалар тыныш түрде, ретпен сыртқа шығады.</p>				
<b>Серуен</b>	<p>№45 серуен картотекасы</p> <p>1. Балалардың дербес әрекеті: Қайтып келген құстарды бақылап, олардың дауыстарын тыңдайды және жұмбақтар шешеді.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» — балалар құстардың</p>	<p>№46 серуен картотекасы</p> <p>1. Балалардың дербес әрекеті: Өзге топ балалардың іс-әрекетін бақылап, олардың қалай ойнайтынын, өзін-өзі ұстауын талдайды, үлгі алады.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Жай жүгіріп</p>	<p>№47 серуен картотекасы</p> <p>1. Балалардың дербес әрекеті: Қоңыр күздің табиғат ерекшеліктерін салыстырып, күзге тән өзгерістерді айтады.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» — шапшаңдық пен ептілікті дамытады.</p>	<p>№48 серуен картотекасы</p> <p>1. Балалардың дербес әрекеті: Өзге топ балалардың іс-әрекеттерін бақылап, олардың ойындарын талқылайды.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Жай жүгіріп өт»,</p>	<p>№49 серуен картотекасы</p> <p>1. Балалардың дербес әрекеті: Қайтқан құстарды бақылап, олардың аттарын айтады, жұмбақтар шешеді.</p> <p>2. Қимылды ойын: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» — құстардың қозғалысын қайталау арқылы</p>

	қимылдарын қайталап, қозғалыс пен үйлесімділікті дамытады. 3. Бақылау-зерттеу әрекеті: Құстардың топ болып ұшуын және күзгі табиғаттағы өзгерістерді зерттеу. 4. Еңбекке баулу: Құстарға арналған жем салатын тақтай жасап, оларды қоректендіруге көмектесу. 4. Еңбекке баулу: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен жинап, тәртіп пен еңбекқорлыққа баулу.	өт», «Аюлар мен аралар» – ойын ережесін сақтап, икемділік пен ұйымшылдықты дамытады. 3. Бақылау-зерттеу: Өзге топтағы балалардың іс-әрекетін мұқият қарап, олардың ойын стилі мен мінез-құлқын бақылау. 4. Еңбекке баулу: Ауладағы ағаш сынықтары мен жапырақтарды жинау арқылы тазалыққа баулиды.	3. Бақылау-зерттеу: Қоңыр күздің алғашқы күзден айырмашылығын бақылау, жапырақтардың түс өзгерісін зерттеу.	«Аюлар мен аралар» – ойын ережесін сақтап, икемділікті дамытуға бағытталған. 3. Бақылау-зерттеу: Басқа топтағы балалардың ойыны мен әрекетін мұқият қадағалап, қырағылыққа үйрету. 4. Еңбекке баулу: Ауладағы сынықтар мен жапырақтарды жинау арқылы таза орта қалыптастыру	жылдамдық пен ептілікті дамытады. 3. Бақылау-зерттеу: Құстардың топ болып ұшуын және дауыстарын тыңдау арқылы күзгі құстардың мінезін зерттеу. 4. Еңбекке баулу: Құстарға жем салатын тақтай жасап, оларды қоректендіруге қатысу.
<p><b>Міндеті:</b> Сөздік қор. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға)сөздермен толықтыру. Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз үй жануарларының бірі – сиырмен танысамыз. (Сиырдың суретін немесе ойыншық моделін көрсетеді.) 2. Түсіндіру бөлімі Тәрбиеші түсіндіреді: – Сиыр – үй жануары. – Сиырды адамдар бағып-өсіріп, одан көп пайда көреді. – Сиыр сүт береді. Сүттен қаймақ, ірімшік, май, айран, құрт жасаймыз. – Сиырдың төлі – бұзау. – Сиыр шөп жейді, су ішеді, қорада тұрады. Сұрақ-жауап арқылы бекіту: Бұл не? (Сиыр.) Сиыр қайда тұрады? (Қорада.) Не береді? (Сүт.) Төлі қалай аталады? (Бұзау.) 3. Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Керек құралдар: жануарлардың және</p>	<p>«Қыс» өлеңімен танысамыз. Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. Қыс дегенің ақ қана, Үлбіреген мақта ма? Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала. (Абдрахман Асылбеков) Тіл ұстарту жаттығуы: Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс. Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. 3. Жұмбақты шеш . Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар) Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» (ойлау қабілетін дамыту)</p>	<p>– Қоянды не үшін жібере салды? <b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> Ян-ян – балалардан қашты қоян. Ян-ян-ян – жүгіріп жүр ақ қоян. Үлестірмелі материалмен жұмыс Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Жантөре досымен не жасағысы келді? <b>2. Жұмбақты шеш:</b> Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туады, Тауып көрші сен оны. (Аққала) Ертегіні рөлдерге бөліп сахналату <b>Күтілетін нәтиже:</b> Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналайды <b>4.Дене шынықтыру :</b> <b>Секіру</b> <b>Міндеті:</b> Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру,20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. 1. Ойын: «Секір де, тоқта!» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ырғақпен секіруге, тепе-теңдікті</p>	<p>қысқа мәліметтер айту: «Жылқы суда өмір сүреді» – дұрыс/бұрыс? «Жылқының төрт аяғы бар» – дұрыс/бұрыс? «Жылқының бөлшектері» (пазл ойыны) Суретті бөліктерге бөліп, балаларға құрастыруды ұсыну. «Сөйлеу жаттығуы» Балаларға жылқы туралы қысқаша сөйлем құрастыруды үйрету: Мысалы: «Жылқы шапшаң жүгіреді», «Жылқының құйрығы ұзын». «Жылқы дыбысы» Балалар жылқының дыбысын қайталау: «И-го-го!» Дыбысты естігенде жылқы суретін көрсету «Жылқыны қоршау» (қозғалыс ойыны) Балалар жылқы болып, «жүгіру», «тамақ жеу», «текендеу» сияқты әрекеттерді жасайды <b>Күтілетін нәтиже:</b> үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе қой, ешкі малдарын бағып қараудың мәнін түсінеді <b>4.Музыка</b> <b>Қысқы орманда</b> <b>Міндеті:</b> Таныс би</p>	<p>қосады <b>Жапсыру</b> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қоянның денесін, құлақтарын, көздерін бөлек қағаздан қиып алады Оларды қағазға жабыстырады <b>Құрастыру</b> Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту Қоянның негізгі пішінін картон немесе қағаздан құрастырады <b>Күтілетін нәтиже:</b>Қоянның суретін салып, мүсіндеп, жапсырады ы, құрастырады <b>4. Дене шынықтыру</b> Ұлттық қимылды ойындар <b>Міндеті:</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік</p>
---	---	---	--	--

<p>төлдерінің суреттері (сиыр – бұзау, қой – қозы, жылқы – құлын, т.б.)</p> <p>Ойынның барысы:</p> <p>Тәрбиеші суреттерді араластырып қояды.</p> <p>Балаларға тапсырма береді: – Балалар, мен сендерге жануарлардың суретін көрсетемін. Сендер оның төлін тауып, қатар қоюларың керек.</p> <p>Мысалы:</p> <p>Тәрбиеші: Бұл не?</p> <p>Бала: – Сиыр.</p> <p>Тәрбиеші: – Ал оның төлі қайсысы?</p> <p>Бала: – Бұзау.</p> <p>Тақпақ жаттау</p> <p>🐘 Сиыр мөңіреп, сүтін берер,</p> <p>🌿 Шөпті жейді, суын ішер.</p> <p>🐄 Біз де сиырды жақсы көреміз,</p> <p>❤️ Қамқор болып, бағып жүреміз!</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Мал өсіруге байланысты қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға сөздері арқылы сөздік қорлары молаяды</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b></p> <p><b>Секіру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және</p>	<p>Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Өлендерді жатқа, мәнерлеп айтады</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Қысқы орманда</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Тәрбиеші түсіндіруі: «Бүгін біз қысқы орманға саяхат жасаймыз» деп балаларға қызықты әңгімені бастау.</p> <p>Қысқы табиғат ерекшеліктерін сипаттау: қар жауып тұр, жел соғып тұр, ағаштар тоңып тұр.</p> <p>Музыканың сипатын түсіндіру:</p> <p>Музыканың ритмі мен көңіл-күйін сипаттау (мысалы: баяу, жеңіл, күлкілі, қатты жел сияқты).</p> <p>Балаларға музыка тыңдатып, оның сипатымен байланыстырылған қимылдарды көрсету.</p>	<p>сақтауға және нұсқауды тез орындауға үйрету.</p> <p><b>Ойын барысы:</b></p> <p>Мұғалім «Секір!» дегенде балалар арқанмен немесе сызықтан секіреді.</p> <p>«Тоқта!» дегенде бәрі қимылсыз тұрып қалады.</p> <p>Кім қозғалып кетсе, бір ұпай жоғалтады.</p> <p>Соңында ең тәртіпті әрі дәл секірген бала жеңеді.</p> <p>. Ойын: «Кім көп секіреді?»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Арқанмен секіру жылдамдығын және төзімділікті дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b></p> <p>Белгі берілгенде балалар арқанды алға айналдырып, үздіксіз секіреді.</p> <p>30 секунд ішінде кім көп рет секірсе — сол жеңімпаз.</p> <p>Ересектер үшін нұсқа: оң және сол аяқты алмастырып секіру.</p> <p>3. Ойын: «Құстай қон!»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Биіктіктен секіріп, дұрыс қонуға дағдыландыру.</p> <p><b>Барысы:</b></p> <p>Балалар кезекпен шағын биіктіктен секіреді.</p> <p>Мұғалім «Құстай қон!» дегенде, балалар тізесін сәл бүгіп, жұмсақ қонуды үйренеді.</p> <p>Дұрыс қонған балаға</p>	<p>қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау;</p> <p>шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Тәрбиеші түсіндіруі: «Бүгін біз қысқы орманға саяхат жасаймыз» деп балаларға қызықты әңгімені бастау.</p> <p>Қысқы табиғат ерекшеліктерін сипаттау: қар жауып тұр, жел соғып тұр, ағаштар тоңып тұр.</p> <p>Музыканың сипатын түсіндіру:</p> <p>Музыканың ритмі мен көңіл-күйін сипаттау (мысалы: баяу, жеңіл, күлкілі, қатты жел сияқты).</p> <p>Балаларға музыка тыңдатып, оның сипатымен байланыстырылған қимылдарды көрсету.</p> <p>Дидактикалық ойындар: «Қар жапырағы» ойыны: Балалар «қар» болып билейді: баяу музыкада ақырын жерге түседі, тез музыкада желмен ұшып кете береді.</p> <p>Таныс би қимылдарын</p>	<p>беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>1. «Ақсерек–Көксерек»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Күш, ептілік және топтық ұйымшылдықты дамыту.</p> <p><b>Ойын барысы:</b></p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ «Ақсерек», екіншісі «Көксерек». Бірі-бірінің баласын шақырып, тарту арқылы өз жағына өткізуге тырысады.</p> <p>Бұл ойын қол, иық, бел бұлшықеттерін дамытады.</p> <p><b>2. «Арқан тарту»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Күштілік пен топтық үйлесімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қажетті құрал:</b> Арқан</p> <p><b>Ойын барысы:</b></p> <p>Екі топ арқанның екі жағын ұстап, белгі берілгенде өз жағына қарай тартады.</p> <p>Белгіленген сызықтан қарсылас топты өткізген команда жеңеді.</p> <p><b>3. «Асық ату»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Мергендік, көз мөлшерін, дәлдікті дамыту.</p>
--	--	--	--	--

	<p>сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: “Кім жылдам әрі дәл секіреді?”</b></p> <p>Балалардың секіру дағдыларын (арқанмен, сызықтан, биіктіктен) дамыту;</p> <p><b>Ойын барысы:</b></p> <p><b>Мұғалімнің нұсқауы:</b></p> <p>Балалар шеңбер жасап тұрады. Мұғалім:</p> <p>– «Кім арқанды алға айналдыра отырып, қателеспей 5 рет секіреді?» – деп тапсырма береді.</p> <p>Әр бала кезекпен орындап, ұпай алады.</p> <p><b>Келесі кезең:</b></p> <p>– «Оң және сол аяқты алмастырып секір!»</p> <p>– «Сызықтан секір де, артқа қайта орал!»</p> <p>– «Орнында айналып секір!»</p> <p>Әр тапсырма 10–15 секунд ішінде орындалады.</p> <p><b>Қиындату деңгейі:</b></p> <p>Соңында балалар 20 см биіктіктен секіреді. Дұрыс қонған балаға жұлдызша немесе ұпай беріледі.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Биіктікке секіруді меңгереді</p>	<p>Дидактикалық ойындар: «Қар жапырағы» ойыны: Балалар «қар» болып билейді: баяу музыкада ақырын жерге түседі, тез музыкада желмен ұшып кете береді.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдану:</p> <p>Тәрбиеші таныс қимылдарды көрсетеді: қолдарды көтеру, айналу, секіру.</p> <p>Балалар музыкаға сәйкес осы қимылдарды өзгертіп, ойдан би қимылдарын шығарады.</p> <p>Әнді сахналау:</p> <p>Мәтінге сәйкес әнді балалар орындап, әр ән жолына сәйкес қимылды қосады.</p> <p>Мысалы: «Аяз соғып тұр» — қолдарды желге ұқсатып тербету.</p> <p>Шығармашылық тапсырмалар:</p> <p>Балаларға өз идеяларын қосуға мүмкіндік беру: «Қысқы орманда сен қандай жануарсың, қандай қимылдар жасайсың?»</p> <p>Әр бала өз қимылын көрсетіп, топпен біріктіріп сахналық көрініс жасау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Таныс би қимылдарын жасайды</p>	<p>жұлдызша беріледі.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Биіктікке секіруді меңгереді</p>	<p>қолдану:</p> <p>Тәрбиеші таныс қимылдарды көрсетеді: қолдарды көтеру, айналу, секіру.</p> <p>Балалар музыкаға сәйкес осы қимылдарды өзгертіп, ойдан би қимылдарын шығарады.</p> <p>Әнді сахналау:</p> <p>Мәтінге сәйкес әнді балалар орындап, әр ән жолына сәйкес қимылды қосады.</p> <p>Мысалы: «Аяз соғып тұр» — қолдарды желге ұқсатып тербету.</p> <p>Шығармашылық тапсырмалар:</p> <p>Балаларға өз идеяларын қосуға мүмкіндік беру: «Қысқы орманда сен қандай жануарсың, қандай қимылдар жасайсың?»</p> <p>Әр бала өз қимылын көрсетіп, топпен біріктіріп сахналық көрініс жасау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Таныс би қимылдарын жасайды</p>	<p><b>Құрал:</b> Асықтар.</p> <p><b>Барысы:</b></p> <p>Асықтар шеңберге қойылады. Балалар кезекпен сызықтан асық атады.</p> <p>Кім көп асық ұтса — жеңімпаз.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады</p>
--	---	--	--	---	---

Серуенге дайындық	<p>1. Ауа райын бақылау: Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу.</p> <p>2. Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау: Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б.</p> <p>3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы: Қайда баратынын. Қандай ойындар ойнайтынын. Не істеуге болмайтынын түсіндіреді.</p> <p>4. Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқандай кетуге болмайды. Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды. Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.</p>				
Серуен	<p>Тақырып: Құстар қыс мезгілінде Қимылды ойын: «Құстар мен мысық» Барысы: Балалар құс рөлінде жүгіреді, тәрбиеші мысық болып ұстамақ болады. Бақылау: Торғайларды бақылау. Олардың жем іздеуін, қозғалысын, дыбысын бақылау. Еңбек әрекеті: Құстарға жем шашу.</p>	<p>Тақырып: Жел күшейді Қимылды ойын: «Жел және жапырақ» Барысы: Тәрбиеші жел рөлінде болады, балалар жапырақ сияқты жан-жаққа шашырап қашады. Бақылау: Жел бағыты. Балалар жеңіл қағаз немесе шарф арқылы желдің бағытын анықтайды. Еңбек әрекеті: Алаңды тазалау</p>	<p>Тақырып: Аязды күн Қимылды ойын: «Аяз бен балалар» Барысы: Аяз болып тәрбиеші қуады. Балалар белгіленген орынға тығылады. Бақылау: Тыныстан шыққан бу. Балалар ауызынан шыққан буды қарап, «неге бу шығады?» деген сұраққа жауап іздейді. Еңбек әрекеті: Алаңды тазалау</p>	<p>Тақырып: Қысқы аспан Қимылды ойын: «Бұлтты тап» Барысы: Тәрбиеші бұлттардың атын (ақ, сұр, қою) айтады, балалар аспаннан тауып көрсетеді. Бақылау: Аспанның түсі, бұлттардың қозғалысы. Балалар көздерін аспанға қадап, қозғалысын, түсін салыстырады. Еңбек әрекеті: Алаңды тазалау</p>	<p>Тақырып: Жел күшейді Қимылды ойын: «Жел және жапырақ» Барысы: Тәрбиеші жел рөлінде болады, балалар жапырақ сияқты жан-жаққа шашырап қашады. Бақылау: Жел бағыты. Балалар жеңіл қағаз немесе шарф арқылы желдің бағытын анықтайды. Еңбек әрекеті: Алаңды тазалау</p>
Серуеннен оралу	<p>Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау. Суды үнемді пайдалану кезкңін ескеру. Суды ұзақ ағызып тұрмау, қолды жуып болған соң қранды өшіру. Қысқаша серуен бойынша сұрақ: "Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"</p>				

<p>Жеке жұмыс</p>	<p>Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті  <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорды байыту, сөйлем құрау дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Жеке жұмыс түрлері:</b>  Сурет бойынша әңгіме құрау («Менің отбасым» «Не артық?») ойыны (сөздік қорды дамыту)</p> <p>Дыбыстарды ажырату (қ–ғ, с–ш)</p>	<p>Математикалық ұғымдарды дамыту  <b>Мақсаты:</b> Сан және пішін туралы түсінікті бекіту, санау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Жеке жұмыс түрлері:</b>  1-ден 10-ға дейін тура және кері санау  Пішіндерді сәйкестендіру («дөңгелек – күн», «үшбұрыш – шатыр») «Кім тез табады?» ойыны (пішіндермен жұмыс)</p>	<p>Бейнелеу және шығармашылық іс-әрекет  <b>Мақсаты:</b> Баланың қиялын, қол қимылдарын, түстерді ажырату қабілетін дамыту.</p> <p><b>Жеке жұмыс түрлері:</b>  «Менің үйім» суретін салу  «Түстер әлемі» (түстерді сәйкестендіру ойыны)</p> <p>Саусақпен сурет салу («Жаңбыр жауды»)</p>	<p>Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті  <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорды байыту, сөйлем құрау дағдысын жетілдіру.</p> <p><b>Суретпен жұмыс:</b>  Педагог жануарлардың суреттерін көрсетеді.  Сұрақтар арқылы баланың ойын жетелейді:  Бұл қандай жануар?  Ол қайда өмір сүреді?  Адамдарға қандай пайдасы бар?</p>	<p><b>Бағыты:</b> Танымдық және әлеуметтік-эмоциялық даму  <b>Мақсаты:</b> Баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын, өзін-өзі таныту қабілетін дамыту.</p> <p><b>Жеке жұмыс түрлері:</b>  «Мен кімін?» (өзін таныстыру ойыны)  «Жақсы сөз айтайық» (эмоциялық қарым-қатынас дамыту)  «Жануарларды тап» (логикалық ойлау)</p>
<p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</p>	<p><b>Бағыты:</b> Үстел ойындары  <b>Мақсаты:</b> Зейінділікті, ойлау қабілетін және логикалық дағдыларды дамыту  <b>Балалардың іс-әрекеті:</b>  Пазл жинау (түрлі көлемдегі суреттер)  Сәйкестендіру карточкалары (түстер, жануарлар, пішіндер)</p>	<p><b>Бағыты:</b> Кітаптарды қарау және оқу мәдениеті  <b>Мақсаты:</b> Тіл дамыту, ойлау қабілетін арттыру, кітапқа қызығушылық қалыптастыру  <b>Балалардың іс-әрекеті:</b>  Суретті кітаптарды қарап, әңгімелеу «Сұрақ – жауап» ойыны (кітаптан сюжетке байланысты)</p>	<p><b>Бағыты:</b> Қимыл-қозғалыс және логикалық ойындар  <b>Мақсаты:</b> Баланың жалпы дамуын, қимыл-қозғалысын, ойлауын дамыту  <b>Балалардың іс-әрекеті:</b>  Логикалық ойындар: «Не артық?» / «Қайсысы басқаша?»  Музыкалық қозғалыс ойыны (ритмге билеу, қимылдарды қайталау)</p>	<p><b>Бағыты:</b> Үстел ойындары  <b>Мақсаты:</b> Зейінділікті, ойлау қабілетін және логикалық дағдыларды дамыту  <b>Балалардың іс-әрекеті:</b> Кім жылдам?» ойыны – сан және әріп сәйкестендіру  Лото ойыны (сурет/сөз сәйкестендіру)</p>	<p><b>Бағыты:</b> Кітаптарды қарау және оқу мәдениеті  <b>Мақсаты:</b> Тіл дамыту, ойлау қабілетін арттыру, кітапқа қызығушылық қалыптастыру  <b>Балалардың іс-әрекеті:</b>  Қысқаша әңгіме айту (суреттер бойынша)  Қызықтырған кейіпкерді таңдап, рөлге ену</p>

Балалардың үйге қайтуы

Ата-аналармен “Өнегелі 15 минут” өткізу

**1. Ақпарат беру**

Баланың жалпы дамуы: сөйлеу, моторика, қимыл-қозғалыс, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар.

Балалардың күнделікті іс-әрекеті: өзіндік ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, оқу-бейнелеу жұмыстары.

Қауіпсіздік пен денсаулық ережелері.

**2. Кеңес беру / практикалық ұсыныстар**

Үйде баланың сөйлеуін, сөздік қорын дамыту әдістері.

Достық пен сыйластықты қалыптастыру ойындары.

Баланың өзіндік іс-әрекетін қолдау: пазл, сурет, қимыл ойындары.

**3. Сұрақ-жауап**

Ата-аналар өз сұрақтарын қояды.

Педагог қысқа әрі нақты жауап береді, тәжірибелік кеңестер ұсынады.



Тексерді

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Первомай ауылының ЖОББМ»КММ

Мектепалды 0 «» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: **2-апта** 08-12-желтоқсан 2025-2026 оқу жылы**Желтоқсан:**Құндылық :Бірлік пен ынтымақ**Апта дәйексөзі: Татулық-табыстың кілті**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12.25	Сейсенбі 09.12.25	Сәрсенбі 10.12.25	Бейсенбі 11.12.25	Жұма 12.12.25
Балаларды қабылдау	<p><b>Ойын атауы: «Көңіл-күйді тап!»</b> <b>Мақсаты:</b> Баланы күннің басында жақсы көңіл күйге бөлеу Ойынның барысы: Таңертең балаларды есік алдында күлімдеп қарсы аласыз. Оларға:«Қош келдің! Сен бүгін қандай көңіл-күймен келдің? Кел, эмоция таңдап көр!» — дейсіз. Арнайы себетке немесе қабырғаға ілінген эмоция карточкаларынан бала өзі таңдағанын көрсетеді. Ол эмоцияны таңдап болған соң, тәрбиеші: -Керемет! Ал енді осы көңіл-күйді көрсетіп көрші! -Қуансаң — секіріп көрсет! -Таңғалған кейіп көрсет! -Ренжіп қалсаң, не істер едің?» — деп ойынды жалғастырады. Соңында:Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады. <b>(Адал азамат) Күй күмбірі:</b> «Кеңес» күйі. Мақсаты:Қазақ халқының өнеріне деген сүйіспеншілік ояту Балалар, бұл әуен — күй деп аталады. – Қазір сіздер тыңдап отырған күй — «Кеңес» деп аталады. – Бұл күйді атақты күйші Құрманғазы атамыз шығарған. – «Кеңес» деген сөз — ақыл айту, жақсы ой бөлісу деген мағына береді. – Бұл күйде бір-бірімен кеңесіп отырған адамдар сияқты сабырлы, байсалды, терең ой бар. – Тыңдап көріңдер, күйдің әуені тыныш, жай жүріп отырады. Бұл — адамға ой салады, жүрегіне тыныштық береді.</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Бала ата-анадан үлгі алады</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Ата-ананың өз жұмысына деген құрметі, кәсіби мәдениеті балаға кәсіпке сүйіспеншілікпен қарауды үйретеді.</li><li>• Баламен өз жұмысыңыз туралы бөлісіңіз:</li></ul> <p>«Мен дәрігермін, адамдарға көмектесемін», «Мен құрылысшымын – үйлер саламын» деген секілді.</p>				

	<p>Мектепке дейінгі ұйыммен бірлесе әрекет етіңіз</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бала тәрбиесінде тәрбиеші мен ата-ана – бір команда болуы керек.</li> <li>• Мекемеде өтетін шараларға қатысу, үй тапсырмаларына көңіл бөлу – баланың тәрбие мен білімге деген қызығушылығын арттырады.</li> </ul> <p>Баланы мақтау мен қолдаудан аямайық</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әрбір кішкентай жетістік – баланың болашақтағы үлкен қадамдарына бастар жол.</li> </ul> <p>Еңбекке тәрбиелеу кезінде «Сен істей аласың», «Жарайсың!» деген жылы сөздермен мотивация беріңіз.</p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>«Игі істер қоржыны»</b> Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, соншадөңгелексалуұсын ылады. Балақиналғанжағ дайда, оғанкөмектесукере к. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Ұшады – ұшпайды»</b>Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу Барысы: Тәрбиеші балалардың алдына шығып, әртүрлі заттар мен жануарлардың атын атайды. Егер айтылған нәрсе ұшатын болса – балалар қолдарын жайып «ұшқандай» етіп қимылдайды. Егер ұшпайтын нәрсе айтылса – қозғалмай тұрады. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p><b>«Абай бол» ойыны</b> Мақсаты: Жол ережелерін үйрету, қауіпсіздік ережелерін меңгерту Барысы: Ойын алаңына жол белгілерінің суреттері (светофор, жолақ, т.б.) қойылады. Балалар бағдаршам түстеріне байланысты әрекет жасайды: Жасыл – жүреді Сары – орнында тұрады Қызыл – тоқтайды</p>	<p><b>Жұмбақтар: «Р, Ш, Д»</b> дыбыстарынан басталатын Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс тану және сөздік қорын байыту Барысы: Тәрбиеші әріптерге байланысты жұмбақтар жасырады, балалар жауабын табуға тырысады. Мысалдар: қызыл, аузы бар, бірақ сөйлемейді. (Раушан) Ш: Шырылдайды жаз бойы, тыным таппай бір қойды. (Шегіртке)</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Түстерді анықта?»</b> Мақсаты: Балаларды түстерді тануға және ажыратуға үйрету Барысы: Тәрбиеші түрлі-түсті заттарды көрсетеді немесе түрлі карточкалар ұсынады. Балалар түстерді атап, сол түске сай ойыншық немесе зат табады.)</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі сапқа жүргізу, шашырап жүгіру, бір саппен жүру.</p> <p>II. Жалпы даму жаттығулары</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Б.к. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып, 3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 4-б.к келу. 4-5рет</li> <li>2. Б.к. қолымыз алдымызда, 1-оң жаққа бұрылу, 2-б.к келу, 3-сол жаққа бұрылу, 4-б.к келу. 4-5 рет.</li> <li>3. Б.к орамалды қолымызға ұстап, аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу.</li> <li>4. Б.к. аяғымыз қосамыз, екі қолға орамалды ұстап алға созу,</li> </ol>				

	1-тіземізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет 5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет III. Тыныс алу жаттығулары Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</b>	<b><u>Қ.Р әнұранын айту</u></b> <b>«Сиқырлы таяқша»</b> <i>Ойынның мақсаты:</i> балаларды зейін қоюға,мейірімділікке,досына көмектесуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б.Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін,педагог«сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді: «Сиқырлы таяқша,досыңа көмектес!».	«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.(Адалдық әліппесі)	Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарамай қадам жасайды (Адалдық әліппесі)	Адалдық шеңбері» Ойынның мақсаты:балаларды адалдыққа тәрбиелеу,зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап,«адалдық шеңберін» құра отырып,қолдарын жоғары көтереді.Екінші команданың мүшелері бірінің бірінен Артынан бірі сапқа тұрып,көңілді музыкамен«адалдық шеңберінің»ішіне кіріп, шығады	«Адал досқа арналған ашық хат» Ойынның мақсаты:достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b> Менің Отаным <b>Міндеті:</b> Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін	<b><u>1.Сауат ашу негіздері</u></b> Дыбыстық талдау <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау	<b><u>1 Математика негіздері</u></b> Таңертең,күндіз,кеш,түн. Кеше,бүгін ,ертең <b>Міндеті:</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін",	<b><u>1.Сөйлеуді дамыту</u></b> Тәуелсіз елдің ұланымыз <b>Міндеті:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді	<b><u>1.Қоршаған әлеммен таныстыру</u></b> Әдептілік-әдемілік <b>Міндеті:</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға,өзін-өзі әрекеттері мен басқа адамдардың іс-

<p>сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану</p> <p>Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине, сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады.</p> <p>Біріншісі – <i>хабарлы сөйлем</i>, бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөйлем соңына не қойылады? Сөйлемнің екінші түрі – <i>лепті сөйлем</i>.</p> <p>Ол адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, тандану т.б. білдіреді. Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!</p> <p>Лепті сөйлем көтеріңкі сезіммен айтылады.</p> <p>Ал енді лепті сөйлемге мысал келтіріңдер.</p> <p>– Сөйлемнің үшінші түрі – <i>сұраулы сөйлем</i>. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап тұрғанын білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі</p>	<p>Тәрбиеші түсіндіреді: * <b>Дыбысты</b> **айтамыз және естиміз**.</p> <p>* <b>Дыбыстың</b> таңбаланған түрі – **әріп**.</p> <p>* <b>Дауысты дыбыстар</b> — созылып айтылады, кедергісіз шығады.</p> <p>* <b>Дауыссыз дыбыстар</b> — айтқанда кедергі болады.</p> <p>1. «Дыбыс тыңда!» Тәрбиеші дыбысты айтады, балалар оның ауысты ма, дауыссыз ба екенін айтады.</p> <p>Мысалы: «о» → дауысты, «м» → дауыссыз.</p> <p>2. «Сөзді бөліп айт» Балалар сөзді бөліп айтады:</p> <p>«қол» → қ – о – л «күн» → к – ү – н «ас» → а – с</p> <p>Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> сөздегі дыбыстардың ретін және дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды</p> <p><b>2.Қоршаған әлеммен</b></p>	<p>"бұрын – кейінірек") анықтау.</p> <p>Тәулік деген не?*</p> <p>Тәрбиеші түсіндіреді: «Тәулік — бұл 24 сағат. Бір тәулік төрт бөліктен тұрады: таңертең → күндіз → кеш → түн</p> <p>Балаларға суреттер көрсетіледі.</p> <p>Тәулік бөліктері: Таңертең Күн шығады Балалар оянады Таңғы ас ішеміз Күндіз Күн жоғары Балалар ойнайды, сабақ оқиды Кеш Күн батады Үйге қайтамыз, кешкі ас Түн Ай туады Демаламыз, ұйықтаймыз</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: — «Сен таңертең не істейсің?» — «Кешке не істейміз?»</p> <p>Бұл диалог жүргізу дағдысын дамытады.</p> <p>Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды</p>	<p>айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b></p> <p>Балалар, бүгін біз Тәуелсіз Қазақстан, біздің Отанымыз, еліміз, жеріміз туралы сөйлесеміз.</p> <p>Қазақстан – кең байтақ, тәуелсіз мемлекет. Біз осындай азат елде өмір сүретін еліміздің болашағы – ұланымыз. Тәуелсіздік дегеніміз – еркіндік, өз жерімізде өз тілімізді, дәстүрімізді сақтау. Біз өз елімізді жақсы көріп, құрметтейміз.</p> <p>Қазақстанның рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар. Әрқайсысының мағынасы ерекше. Біз бүгін осы тақырыпта шағын әңгімелер құрап, ойымызды ретімен, түсінікті айтып үйренеміз.</p> <p>Әңгіме құрастыруға бағыттайтын сұрақтар Балаларға бірізді монолог құрастыру үшін: Қазақстан қандай мемлекет? Неліктен біз өз елімізді</p>	<p>әрекеттерін бағалай білуге баулу</p> <p>Тәрбиеші түсіндіруі</p> <p>Ізгі сөздер – сыпайылықты, мейірілімділікті, мәдениеттілік білдіретін сөздер.</p> <p>Әдептілік деген сөзді қалай түсінесіңдер? – Әдепті баланың қандай қасиеттері болу керек? – Ұқыпты, тілалғыш, қайырымды, еңбекқор, адал, мейірімді, сыпайы. – Әдепті бала барлық адамдармен амандасып жүреді. Ата-анасының айтқанын орындайды. Өтірік айтпайды, достарын жақсы көреді, ешкімді ренжітпейді.</p> <p><b>Сюжетті суреттермен жұмыс:</b> 1. Әр суреттегі жағдаят бойынша балалар не деуі мүмкін Бір-бірімізді көргенде не айтамыз? Қоштасқанда не айтамыз? Ас ішкенде не айтамыз? Ойыншықтармен бөліскенде не айтамыз?</p> <p>2. Екі дос бір-біріне</p>
--	--	--	---	---

<p>қойылады. Мысалы: Сен Алматыға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер. <b>Сөздік жұмысы:</b> хабарлы, лепті, сұраулы. Балалар, мен өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігеніңді табасыңдар. Менің Отаным Әйнегі – Күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің! <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Қажетті тыныс белгілерін қой»</b> Шарты: берілген суреттің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемнің тыныс белгісін қою. Педагог балаларға әртүрлі суреттер таратып береді. <b>Үлестірмелі материалмен жұмыс</b> Сұрақтарға жауап бер. Отанымыздың табиғаты қандай? Еліміздің халқы туралы</p>	<p><b>таныстыру</b> Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері <b>Міндеті:</b> Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Тәрбиешінің түсіндіру Мемлекеттік рәміздер дегеніміз не? «Мемлекеттік рәміздер — елдің тұтастығын, тәуелсіздігін, болмысын көрсететін арнайы белгілер. Қазақстанның үш рәмізі бар: Ту, Елтаңба, Әнұран.» -Қазақстан Туы Тәрбиеші Тудың суретін көрсетіп түсіндіреді: Тудың түсі көк — бейбітшілік пен ашық аспан белгісі. Ортасында алтын күн— өмір, жылулық. Күн астында қыран — еркіндік белгісі. Жиегіндегі өрнек — қазақтың ұлттық ою-өрнегі. Елтаңба Пішіні — шеңбер. Ортасында — шаңырақ, бірліктің белгісі.</p>	<p>орындайды <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>2.Сауат ашу негіздері</b> Сөйлем <b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі Сөйлем деген не? (қарапайым деңгей) Тәрбиеші балаларға түсіндіреді: * «Сөйлем — айтылған ой.» * «Сөйлемде бір нәрсе туралы айтылады.» * «Сөйлем сөздерден құралады.» Мысалы: **«Мысық ойнайды.» Бұл — сөйлем. Өйткені бір ойды білдіреді. Сөйлем сөздерден тұрады Мысал: «Балалар ойнайды. Тәрбиеші сөздерді бөлек көрсетеді: Балалар / ойнайды. «Екі сөз бірігіп бір сөйлем</p>	<p>жақсы көреміз? Қандай мемлекеттік рәміздерді білесің? Өзің Қазақстанның ұланы ретінде не істей аласың? (оқимын, еңбек етемін, табиғатты қорғаймын, үлкендерді құрметтеймін) <b>Дидактикалық ойындар</b> 1. «Сөйлемді аяқта» <b>Тәрбиеші бастапқы бөлігін айтады, балалар аяқтайды:</b> Қазақстан – ...Мен елімді ... Тәуелсіздік – ... Мен елімнің ұланымын, өйткені ... <b>2. «Сурет бойынша әңгіме құрастыру»</b> Рәміздер, туған жер, табиғат, балалар бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар бірізді, байланысты әңгіме құрайды. <b>3. «Қай рәмізді айттым?»</b> Тәрбиеші сипаттама береді, бала рәмізді табады. Мысалы: <i>«Көк аспан түсті, ортасында</i></p>	<p>қандай сөздер айтты? Ойланып, жауап бер. 3. Баланың іс-әрекетін ата. Қалай ойлайсың, әжей балаға не айтты? <b>Күтілетін нәтиже:</b>Әдептілік сақтаудың мәнін түсінеді <b>2.Сауат ашу негіздері</b> Сөйлем сызбасы <b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі</b> Балалар, біз бүгін <b>сөйлем</b> туралы танысамыз. Сөйлем дегеніміз – <b>бір толық ойды білдіретін сөздер тізбегі.</b> Мысалы:<i>Балалар ойнайды.</i> Бұл сөйлемде бір ой бар және ол <b>екі сөзден</b> тұрады. Сөйлем әрқашан:Бірнеше сөзден тұрады.Толық ойды білдіреді.</p>
--	---	--	---	--

<p>әңгімеле. Еліміздің бас қаласын ата. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Өлеңді жаттап, сөйлем түрлерін ажыратады <b>2. Математика негіздері</b> Жазық фигура мен көлемді фигура <b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. 1. Жазық фигуралармен таныстыру</p> <p>Тәрбиеші балаларға түрлі-түсті фигураларды көрсетеді: Дөңгелек — домалақ, бұрышы жоқ. Сопақша — созылыңқы дөңгелек сияқты. Үшбұрыш — үш қабырғасы, үш бұрышы бар. Шаршы — төрт қабырғасы тең, төрт бұрышы бар. Тік төртбұрыш — қарапайым төртбұрыш, екі ұзын, екі қысқа қабырғасы</p>	<p>*Екі жағында — қанатты пырақтар, ерлік пен жүйріктіктің нышаны. Үстінде — жұлдыз, жарқын болашақ белгісі. «QAZAQSTAN» деген жазуы бар. Әнұран Әнұран — еліміздің басты музыкалық белгісі. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою керек Әнұранды құрметпен тыңдау — әр азаматтың парызы. Дидактикалық ойындар 1. «Қай рәміз?» Тәрбиеші сипаттама айтады, балалар қай рәміз екенін табады. Мысалы: — «Көк аспан, күн, қыран» → Ту — «Шаңырақ, пырақ» → Елтаңба — «Орындалады, тыңдаймыз» → Әнұран 2. «Жинап құрастыр» (пазл ойыны) Тәрбиеші Ту, Елтаңба, қыран, күн, оюлар кескіндерін бөлек</p>	<p>болды» деп түсіндіреді. Сөйлемнің ерекшеліктері: Мағынасы бар; Бір ойды білдіреді; Сөздер тәртіппен орналасады; * Ауызша айтқанда дауыс ырғағы өзгереді; Жазғанда бас әріптен басталып, соңында нүкте қойылады (қысқа түсіндіру) Дидактикалық ойындар 1. «Сөйлем құра» Тәрбиеші сөз карточкаларын береді: мысалы: *алма, қыз, жеді.* Балалар оларды сөйлем етіп құрайды: «Қыз алма жеді.» 2. «Қайсысы сөйлем?» Тәрбиеші мысал келтіреді: * *Ойыншық.* (сөйлем емес) * *Ойыншық жерде жатыр.* (сөйлем) Балалар айырмашылығын айтады. Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау <b>Күтілетін нәтиже:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптасады <b>3. Көркем әдебиет</b> Тәуелсіздігіміз мәңгілік</p>	<p>алтын күн...» — Ту. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>2. Математика негіздері</b> Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең <b>Міндеті:</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Тәрбиеші түсіндіруі Кеше – бүгін – ертең Бүгін — дәл қазір жүріп жатқан күн. Кеше — бүгіннен бір күн бұрын. Ертең — бүгіннен кейінгі күн. Мысалы: «Бүгін — дүйсенбі болса, кеше — жексенбі, ертең — сейсенбі.» Оқиғалардың ретін анықтау Алдымен таңертең тұрамыз, Содан кейін күндіз ойнаймыз, Бұрын күн шыққан, кейінірек батады. Дидактикалық ойын</p>	<p>Дауысты көтеріп, анық айтылып аяқталады. Енді сөйлемнің сызбасын қарастырайық. Сөйлемдегі әр сөзді біз <b>дөңгелекпен (●)</b> немесе <b>сызықшамен (—)</b> белгілейміз.</p> <p><b>Сызба бойынша жұмыс</b> Тәрбиеші сөйлем айтады, балалар сызбасын құрайды: <b>Алма қызыл.</b> → ● ● <b>Жел баяу соқты.</b> → ● ● ● <b>Гүл ашылды.</b> → ● ● <b>Айнұр мектепке келді.</b> → ● ● ● ●</p> <p><b>Дидактикалық ойындар</b> <b>1. «Сөйлемді тап»</b> Тәрбиеші сөздер айтады: <i>алма, жүгірді, қыз, әдемі, кітап оқиды</i> Балалар осы сөздерден <b>толық ой білдіретін сөйлем</b> құрап айтады. Мысалы: <i>Қыз кітап оқиды.</i> <b>2. «Сөздерден сөйлем құрастыр»</b> Тәрбиеші араластырып береді: <i>Ойнайды — балалар</i></p>
--	---	--	---	--

<p>бар. Тәрбиешінің сөзі: «Мынау — жазық фигуралар. Олар — жалпақ. Қолмен ұстасақта, қалыңдығы жоқ.» 2. Көлемді денелермен таныстыру Нақты ойыншықтар немесе пластикалық фигураларды көрсету: Шар — домалақ, домалап кетеді. Текше (куб) — барлық қыры бірдей. *Цилиндр — екі жағы дөңгелек, ортасы ұзынша. Тәрбиешінің сөзі: «Бұл — көлемді фигуралар немесе денелер. Бұлардың биіктігі, ені, қалыңдығы бар. Қолымызбен ұстасақ, көлемін сеземіз.»  3. Салыстыру жұмысы Шар мен дөңгелекті салыстыру → шар домалайды, кейін қозғалады; дөңгелек — жалпақ. Текше мен шаршыны салыстыру → текшенің 6 шаршысы бар. *Цилиндр мен дөңгелекті</p>	<p>береді. Балалар бөліктерден Туды немесе Елтаңбаны құрастырады. 3. «Рәміздерді ата» Үш карточка: Ту – Елтаңба – Әнұран. Тәрбиеші біреуін көтереді, балалар хормен атайды. 4. «Құрмет көрсет» Әнұран әуені қосылады. Балалар: Түзу тұрады Қолдарын жүрек тұсына қояды Тыныштық сақтайды <b>Күтілетін нәтиже:</b> Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетеді <b>3.Көркем әдебиет</b> <b>Тәуелсіздік</b> <b>Міндеті:</b> Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Тәрбиешінің түсіндіруі «Балалар, біздің еліміз — Қазақстан. Қазақстан — тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіздік деген —</p>	<p>тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстанның бас қаласы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата. – Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның бас қаласы – Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Өткенді еске алып, батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі</p>	<p><b>Міндеті:</b> Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстанның бас қаласы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата. – Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның бас қаласы – Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Өткенді еске алып, батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі</p>	<p>1. «Қай кезде болады?» Тәрбиеші әрекеттерді айтады, балалар қай уақытта болатынын анықтайды: Ұйықтаймыз → Түн Оянамыз → Таңертең Ойын ойнаймыз → Күндіз Кешкі ас ішеміз → Кеш Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау <b>Күтілетін нәтиже:</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын түсінеді <b>3.Қазақ тілі</b> Төрт түлік төлі <b>Міндеті:</b> - Сөздік қор. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға)сөздермен толықтыру Тәрбиешінің түсіндіру жұмысы Төрт түлік туралы әңгіме Тәрбиеші балаларға төрт түлікті сурет арқылы көрсетіп, түсіндіреді: <b>Түйе – ботасы</b></p>	<p><i>Ұшты — құс</i> <i>Күн — шықты</i> Балалар оларды дұрыс ретке келтіріп сөйлем жасайды. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>3.Шығармашылық</b> <b>Орманадағы қоян</b> <b>Сурет</b> Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу <b>Мүсіндеу</b> Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау</p>
--	--	---	--	--	---

<p>салыстыру → цилиндрдің екі дөңгелегі бар.</p> <p>Дидактикалық ойындар</p> <p>1. «Тап та ата!»</p> <p>Мақсаты: фигураларды дұрыс атау.</p> <p>Тәрбиеші фигураларды араластырып үстелге қояды.</p> <p>Балалар кезекпен біреуін алып атайды:</p> <p>— «Мен шаршы алдым», «Мен цилиндр таңдадым» т.б.</p> <p>2. «Жазық па, көлемді ме?»</p> <p>Мақсаты: фигураларды екі топқа бөлу.</p> <p>Балаларға әртүрлі фигуралар беріледі.</p> <p>Екі себет:</p> <p>«Жазық фигуралар»</p> <p>«Көлемді фигуралар»</p> <p>Балалар фигураны дұрыстап тиісті себетке салады.</p> <p>Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Геометриялық фигураларды ажырата алады</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p>Ешкі</p> <p><b>Міндеті:</b> Қазақ халқының</p>	<p>еркіндік, азаттық, өз жерің мен еліңді қорғау, оған ие болу. Бүгін біз Тәуелсіздік туралы әдемі өлең тыңдаймыз.»</p> <p>Өлеңді оқу</p> <p>Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқиды.</p> <p>Тәуелсіздік</p> <p>Өзіндікі елің де, Өзіндікі жерің де. Өзінді өзің еткен бақ, Тәуелсіздік төріңде. Өзіндікі туың да, Отпенауа,суыңда.</p> <p>Жаса,Қазақстаным, Белді бекем буын да.</p> <p>Тәрбиеші балалардан сұрайды:</p> <p>— «Өлеңде не туралы айтылған?»</p> <p>— «Тәуелсіз болу деген не деп ойлайсың?»</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады, диалог жүргізіледі.</p> <p>-Дидактикалық ойындар</p> <p>1. «Жұбын тап» (Суреттер ойыны)</p> <p>Суреттер беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* Ту</li> <li>* Елтаңба</li> <li>* Қазақстан картасы</li> <li>* Бейбіт көгершін</li> <li>* Балалар</li> </ul> <p>Балалар бір-бірімен</p>	<p>бойынша жазылады.</p> <p>Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді</p> <p>Сөздік жұмысы:</p> <p>еркіндік – ешкімге тәуелді емес, еркін ел</p> <p>теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз</p> <p>Сұрақ-жауап:</p> <p>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? Әңгіме не туралы?</p> <p>– Тәуелсіздік күні қандай мереке?</p> <p>– Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды?</p> <p>– Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің?</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Кім жылдам?» (баланың ойлау қабілетін дамыту)</p> <p>Шарты: мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады.</p> <p>– Туған жерге туыңды ... .</p> <p>(тік)</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс</p> <p>1. Біздің Отанымыз қалай аталады? Картадан Астана, Алматы қалаларын көрсет. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? Сен тұратын жерде оны қалай өткізеді?</p> <p>2. Қазақстан</p>	<p><b>Жылқы – құлыны</b></p> <p><b>Сиыр – бұзауы</b></p> <p><b>Қой – қозысы</b></p> <p><b>Ешкі – лақ</b></p> <p>Мал шаруашылығына қатысты сөздер</p> <p>Тәрбиеші жаңа сөздерді түсіндіреді:</p> <p><b>Қора</b> – мал тұратын орын</p> <p><b>Жайлау</b> – жазда мал жайылатын кең жер</p> <p><b>Қыстау</b> – қыста мал ұстайтын орын</p> <p><b>Жем</b> – малға берілетін тағам</p> <p><b>Астау</b> – малға су, жем салатын ағаш не темір ыдыс</p> <p><b>Соғым</b> – қысқа арнап соятын мал</p> <p><b>Сыбаға</b> – арнайы үлестірілетін ет, кәде</p> <p>Балаларға әр сөзді қайталатып, суретпен сәйкестендіреді.</p> <p><b>2. Сөздік жұмыс</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Балалар жаңа сөздерді тірек суреттер арқылы айтады.</li> <li>✓ «Бұл не?» деген сұраққа жауап береді.</li> <li>✓ «Түйенің төлі қалай аталады?» сияқты</li> </ul>	<p><b>Жапсыру</b> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p><b>Құрастыру</b> Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>1. Сурет салу</b></p> <p>тапсырмаларыОрмандағы қоян</p> <p>Ақ қағазға орман көрінісін салу: ағаштар, шөптер, саңырауқұлақтар.</p> <p>Алдыңғы жаққа қоянды орналастыру.</p> <p>Қоянды бояу қарындашпен, гуашьпен немесе акварельмен бояу.</p> <p>2.Мүсіндеу</p> <p>тапсырмалары (пластилин, саз)</p> <p>Тапсырма Қоянды мүсіндеу</p> <p>Басы мен денесін шар,</p>
--	---	--	---	---

<p>мәдениеті үй жануарлары жылқы, сиыр, түйе қой, ешкі малдарын бағып қарауға баулу.</p> <p>Тәрбиешінің түсіндіруі</p> <p>Тәрбиеші балаларға суреттер немесе ойыншық жануарларды көрсетеді.</p> <p>— Бүгін біз үй жануарларының бірі — ешкімен танысамыз.</p> <p>— Қазақ халқы мал өсіруді өте ертеден бастаған. Біздің ата-бабаларымыз жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі сияқты үй жануарларын бағып, сүтін, етін, жүнін, терісін қажетіне пайдаланған.</p> <p>Ешкі туралы түсінік</p> <p>* Ешкі — кішкентай, шапшаң қозғалатын үй жануары.</p> <p>* Оның төлі — лақ</p> <p>* Ешкінің сүті өте пайдалы, емдік қасиеті бар.</p> <p>* Жүнінен киім тоқылады.</p> <p>* Ешкі тазарған, шөпті жақсы жейтін мал.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>«Ешкіні бағып-қағу үшін оған таза су беру, қорасын тазалау, жем-шөбін</p>	<p>байланысты суреттерді жұптайды.</p> <p>Мысалы: Ту → Тәуелсіздік.</p> <p>2. «Сөз жалғастыр»</p> <p>Тәрбиеші сөз айтады, балалар жалғастырады:</p> <p>Тәуелсіздік — ...</p> <p>Отан — ...</p> <p>Ту — ...</p> <p>Қазақстан — ...</p> <p>Бұл диалогты дамытуға өте тиімді.</p> <p>3. «Сұраққа жауап бер»</p> <p>Тәрбиеші 3—4 қысқа сұрақ қояды:</p> <p>«Біздің еліміз қалай аталады?»</p> <p>«Тәуелсіздік деген не?»</p> <p>«Туған жерінді жақсы көресің бе?»</p> <p>Балалар толық сөйлеммен жауап беруге ынталандырылады.</p> <p>4. «Мен Отанымды жақсы көремін, өйткені...»</p> <p>Балалар кезекпен сөйлемді жалғастырады.</p> <p>Мысалы:</p> <p>— «Мен Отанымды жақсы көремін, өйткені ол әдемі.»</p> <p>— «... өйткені мұнда отбасым бар.»</p>	<p>Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> ,</p> <p>диалог жүргізеді, өз пікірін айтады</p> <p><b>4. Дене шынықтыру :</b></p> <p>Лақтыру</p> <p><b>Міндеті:</b></p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату, допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу</p> <p>Жылыну жаттығулары</p> <p>Қол, иық, алақан бұлшықеттерін қыздыру</p> <p>Жеңіл жүгіру, секіру</p> <p>Қолды айналдыру, денені бұру</p> <p>2. Допты жоғары лақтыру</p> <p>Оқушы допты жоғары лақтырып, екі қолымен қағып алады.</p> <p>Кейін бір қолымен қағып алу жаттығулары орындалады.</p> <p><b>Жіптің үстінен лақтыру</b></p> <p>Белгілі бір биіктікте</p>	<p>сұрақтар қойылады.</p> <p><b>3. Дидактикалық ойындар</b></p> <p><b>Ойын 1: «Төлін тап»</b></p> <p>Тәрбиеші төрт тұлқаның суреттерін және төлдерінің суреттерін бөлек қояды.</p> <p>Балалар тұлқаның төлмен жұптастырады.</p> <p>Мысалы: «Жылқы – құлын», «Қой – қозы».</p> <p><b>Ойын 2: «Қайда тұрады?»</b></p> <p>Балаларға суреттер көрсетіледі: қора, жайлау, қыстау.</p> <p>Малдың суретін сәйкес орынға орналастырады.</p> <p>Мысалы: «Жазда сиыр қайда болады?» —</p> <p><b>Жайлауда.</b></p> <p><b>Ойын 3: «Не үшін керек?»</b></p> <p>Тәрбиеші сөз айтады, бала оның не үшін керегін түсіндіреді:</p> <p><b>Жем</b> – малға беру үшін.</p> <p><b>Астау</b> – жем салу үшін.</p> <p><b>Қора</b> – мал тұратын орын.</p> <p><b>Ойын 4: «Дыбыстап айт»</b></p> <p>Тәрбиеші сөзді баяу айтады, балалар толық және дұрыс қайталайды: «Жа-й-лау», «Қыс-тау»,</p>	<p>құлағын сопақша етіп жасау. Көз, мұрын, құйрық қосу.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Қағаздан қоян</p> <p>Ақ және сұр түсті қағаздан қоянның дене бөліктерін қиып алу (бас, құлақ, көз, дене, аяқ).</p> <p>Орман фонна (алаңқай, ағаштар) жапсыру</p> <p>Геометриялық пішіндерден қоян</p> <p>Куб, цилиндр, конус сияқты пішіндерден қоянның моделін құрастыру.</p> <p>Бояумен немесе қағазбен безендіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>«Ормандағы қоян» тақырыбы бойынша сурет салу, жапсыру, құрастыру және мүсіндеу әрекеттерінде қиялын қолданып, қоян мен орман элементтерін бейнелейді, пішіндерді үйлестіреді, түрлі материалдармен жұмыс істей отырып, өз ойын шығармашылық түрде жеткізе алады.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p>Лақтыру</p> <p><b>Міндеті:</b></p>
--	--	--	--	--

	<p>ойынына арналған кішкентай сүйек немесе тастан жасалған зат. Балалар оны ойнауға, санауға, үйренуге пайдаланады. Асық ойыны балаларға шапшаңдық, ептілік, дәлдік береді. Сонымен қатар, асықпен ойнау арқылы сабырлылық, есептеу қабілеті, топта жұмыс жасау дағдылары дамиды.</p> <p><b>«Асықпен сана»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға <b>сандар мен санауды</b> үйрету; Асықтарды дұрыс санау арқылы сөйлем құруға дағдыландыру.</p> <p><b>Барысы:</b> Балаларға 5–10 асық беріледі. Тәрбиеші: «Неше асық бар?» – деп сұрайды. Балалар санына қарай: «Менде 7 асық бар» деп айтып, сөйлемді толық айтады.</p> <p><b>Ойын:</b> «Асықтың түсі»  <b>Мақсаты:</b></p>	<p>дербестікті дамыту. Педагог жұмбақ жасырады. Құрама темір, Қолғабысы көп ғұлама темір. <i>(Робот)</i> Робот қандай болады? Қимылын көрсетейік.</p> <p>Түнгі аспанда не болады?  Бүгін біз Бағдат Мәжитовтың «Бексұлтан»ның Айғас аяхаты» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.</p> <p>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (соңындағы қосымшаны қараңыз) Сөздік жұмысы: <i>ғарыш</i> – аспан әлемі <i>ғарышкеме</i> – ғарыш көлігі <i>скафандр</i> – ғарышкердің киімі  <b>Сұрақ-жауап:</b> Әңгіме қалай аталады? Апасы Бексұлтанға қандай ойыншық сыйлады?</p>	<p>Ертегі қалай аяқталды? <i>Балта</i> сөзіне сөйлем құра.</p> <p><b>Үлестірмелі материалмен жұмыс</b>  Ертегінің жүйесін сурет бойынша әңгімеле. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.</p> <p>Жұмбақты шеш. Өдегеннен тап береді, Тап бергеннен қак бөледі. <i>(Балта)</i> Ескегі бар – жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. <i>(Желдиірмен)</i></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Ертегі мазмұнын мазмұндайды</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b>  Шанамен сырғанау  <b>Міндеті:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.  <b>«Сырғанау жарысы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдық пен қозғалысқа</p>	<p><b>Барысы:</b> Балаларға бестемше бөліктері беріледі. Балалар бөліктерді сан бойынша 1-ден 5-ке дейін топтарға бөлейді.</p> <p><b>Көрнекілік:</b> Бестемше заттары немесе суреттер.  <b>«Артық, кем, тең»</b>  <b>Мақсаты:</b> Салыстыру қабілетін дамыту.  <b>Барысы:</b> Екі топқа бестемше бөлшектері беріледі. Балалар әр топтағы бөлшектерді салыстырады: қай топта көп, қай топта аз немесе тең екенін анықтайды.  <b>«Бестемшені құру»</b>  <b>Мақсаты:</b> Логикалық ойлау, моторика.  <b>Барысы:</b> Балаларға бестемшенің бөліктерін береді. Олар көрсетілген үлгі бойынша бестемшені жинайды немесе өз үлгілерін ойлап құрады.  <b>4. Музыка</b>  <b>«Айнала ақшақар»</b>  <b>Міндеті</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би</p>	<p><b>Барысы:</b> Балалар мұзды жол бойымен өз бетінше сырғанайды. Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін түсіндіреді: аяқты дұрыс қою, қолмен тепе-теңдікті сақтау.  <b>«Жүгіріп келіп сырғанау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдық пен қозғалысты үйлестіру.  <b>Барысы:</b> Балалар белгіленген орыннан жүгіріп келеді де, мұзды жолда сырғанайды. Әр бала кезекпен қатысады.  <b>«Тандалған нүктеге сырғанау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Бағытты дәл сақтау және концентрацияны дамыту.  <b>Барысы:</b> Тәрбиеші мұзды жол бойына бірнеше нүкте белгілейді. Балалар әр нүктеге жетуді мақсат етіп, сырғанайды. Жеткен соң кері</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>Түстерді ажыратуды, салыстыруды дамыту; Сөйлем құру қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Барысы:</b> Әр балаға түрлі түсті асықтар беріледі (қызыл, жасыл, көк).</p> <p>Тәрбиеші: «Қай түс артық? Қай түс кем?» – деп сұрайды.</p> <p>Балалар «Қызыл асық артық» немесе «Көк асық кем» деп жауап береді</p> <p><b>Мақал-мәтел жаттау</b> 1. Оқығанның асығы алшысынан түседі. 2. Асығын ата алмаған, Сақасынан көреді. Сөзін сөйлей алмаған, Атасынан көреді..</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b> Шанамен сырғанау <b>Міндеті:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. «Төбешіктен сырғанау» <b>Мақсаты:</b> Балаларды</p>	<p>Бексұлтан досы екеуі сиқырлы роботпен қайда барды? Бастарына не киді? Ғарышта ауа райы қандай болады? Олар айда кімнің ізін көрді?</p> <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b> Ға-ға-ға – біз ұштық Айға. <b>Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан»</b> Шарты: аспан әлемінің денелерін атау. (Ай, Күн, жұлдыздар)</p> <p><b>4. Музыка</b> «Қыс келді» <b>Міндеті</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p>	<p>икемділікті дамыту. <b>Барысы:</b> Белгіленген қашықтыққа балалар шанамен жарыса сырғанайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті. «Шанамен дөңгелекке жүгіру» <b>Мақсаты:</b> Координация және бағытты өзгерту қабілетін дамыту. <b>Барысы:</b> Балалар шанамен дөңгелек сызық бойымен сырғанайды. Қашықтық ұзындығы әр балаға бірдей. «Таңдалған суретті сырғанау» (қосымша, шығармашылық) <b>Мақсаты:</b> Қимылдар мен ойлау қабілетін дамыту. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші алдын ала белгіленген суретке немесе нүктеге балалар шанамен сырғанайды. Кім тез әрі дәл жетсе, сол жеңеді.</p>	<p>қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. <b>Тәрбиешінің кіріспе сөзі:</b> «Балалар, қазір біз ақшақардай жеңіл билейміз. Музыканы мұқият тыңдап, әуен қалай өзгерсе, біздің қимылымыз да солай өзгереді.» <b>Музыкалық-ырғақты жаттығу «Ақшақар ұшады»</b> <b>Мақсаты:</b> Қимылды музыка ырғағына сәйкестендіру. <b>Барысы:</b> Жай әуенде – ақшақардың баяу түсуін қолмен көрсету; Жылдам әуенде – жеңіл айналу, секіру; Музыка тоқтағанда – қимылды тоқтату.</p>	<p>қайтады. <b>4. Шығармашылық</b> <b>Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру</b> Әжемнің асханасында (ыдыстар) <b>Сурет салу</b> <b>Міндеті:</b> Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. <b>Мүсіндеу</b> <b>Міндеті.</b> Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, диірмен және т.б.), <b>Жапсыру</b> <b>Міндеті</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши,</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>тепе-теңдікті сақтап сырғанауға үйрету.  <b>Барысы:</b> Балалар бір-бірлеп төбешіктен сырғанайды. Әр бала сырғанап төмен түскен соң келесі бала бастайды. Тәрбиеші қозғалысты қадағалайды, қауіпсіздікті ескертеді.  <b>«Екі-екіден сырғанау»</b>  <b>Мақсаты:</b> Командалық әрекет және координацияны дамыту.  <b>Барысы:</b> Балалар жұп болып, бір шанамен екі-екіден сырғанайды. Бір-бірімен үйлесімді қозғала білуге үйрету.  <b>«Бір-бірін сырғанату»</b>  <b>Мақсаты:</b> Достық, сенім және күш жұмсауды дамыту.  <b>Барысы:</b> Балалардың біреуі шанамен отырса, екіншісі артынан итеріп сырғанатады. Содан соң ролін ауыстырады.</p>	<p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  «Балалар, қыста айнала аппақ қарға оранады. Қыс – әдемі, көңілді мезгіл. Біз бүгін “Қыс келді” әнін айтып, ойын арқылы даусымызды жаттықтырамыз.»  <b>1. Дауыс жаттығуы</b>  <b>«Қар ұшады»</b>  <b>Мақсаты:</b> Дыбысты дұрыс, таза айтуға үйрету.  <b>Барысы:</b>Тәрбиеші:  «С-с-с» – қардың сыбдыры;«У-у-у» – боранның үні;  Балалар тәрбиешіге еліктеп қайталайды.  <b>Ән айту: «Қыс келді»</b>  <b>Мақсаты:</b> Әуенді дұрыс тыңдап, дауыспен дәл қайталау.  <b>Барысы:</b>  Әнді тәрбиеші үлгі ретінде айтады;</p>		<p><b>«Ақшақар бий»</b>  <b>Мақсаты:</b> Би элементтерін еркін орындау.  <b>Барысы:</b>  Қолды жоғары-төмен сермеу;  Айналу, жеңіл қадамдар;  Қимылдарды бірізділікпен орынды</p>	<p>көрпе, жастық және т.б.), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.  <b>Құрастыру:</b></p>
--	---	---	--	---	--

		<p>Балалар бірге, кейін жеке жолдарын айтады;</p> <p>Әуеннің биік-төмен жерлерін сезінуге көңіл бөлінеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Музыкалық қар ұшқыны»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Вокалдық-есту қабілетін дамыту, дауысты үйлестіру.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар шеңберге тұрады.</p> <p>«Қар ұшқыны» (ақ мақта немесе қағаз) бір баладан екіншісіне беріледі.</p> <p>Музыка тоқтағанда, қар кімнің қолында қалса,</p> <p>– сол бала әннің бір жолын жеке орындайды немесе</p> <p>– тәрбиеші айтқан дыбысты (ла-ла-ла, у-у-у) дәл қайталайды.</p>			<p><b>Міндеті:</b> Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p> <p>Тәрбиешінің кіріспе әңгімесі:</p> <p>«Балалар, әжемнің асханасында түрлі ыдыстар болады. Олар тамақ ішуге, шай құюға, ас дайындауға арналған. Мысалы: кесе, табақ, шәйнек, тостаған. Бүгін біз осы ыдыстарды сурет салып, мүсіндеп, жапсырып және құрастырып көреміз.»</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Барысы:</b> Балалар дөңгелек пішінді кесе салады; Ою-өрнекпен безендіреді;</p>
--	--	---	--	--	--

					<p>Қалаған түспен бояйды.  <b>Мүсіндеу</b>  Барысы:  Ермексаздан домалақ,  сопақ пішін жасау;  Шәйнектің тұтқасын,  мұрнын қосу;  Біріктіру тәсілін  қолдану.  <b>Жапсыру</b>  Барысы:  Дайын табақ пішіні  беріледі;  Балалар дөңгелек  «бауырсақтарды»  жапсырады</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p><b>1.Ауа райын бақылау:</b>  Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді:  Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу.</p> <p><b>2.Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:</b>  Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б.</p> <p><b>3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:</b>  Қайда баратынын.Қандай ойындар ойнайтынын.Не істеуге болмайтынын түсіндіреді.</p> <p><b>4.Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері</b>  Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды.  Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды.  Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.</p>				

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Дербес әрекет:</b> Балалар шаштарын реттеп, өз-өзіне қызмет етуге дағдыланады.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Паровоз»</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар саппен жүріп, бір-бірінен қалмай қозғалады.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау:</b> Көліктерді бақылау. Түрлерін, түстерін ажырату.</p> <p><b>Еңбек:</b> Айналаны таза ұстауға үйрету, қоқысты жинау</p>	<p><b>Дербес әрекет</b> Балалар өз беттерімен тақпақ айтып, бір-бірін тыңдайды.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Қасқыр мен қоян»</p> <p><b>Барысы:</b> Қояндар қашып, қасқыр ұстап алуға тырысады.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшаңдық пен сезімталдықты дамыту.</p> <p><b>Бақылау:</b> Қыста күннің қысқарып, түннің ұзаратынын бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жүретін жолды қардан тазалау.</p>	<p><b>Дербес әрекет:</b> Балалар белгіленген нысанаға қар лақтырып ойнайды.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Қасқыр мен қоян»</p> <p><b>Барысы:</b> Белгі бойынша қозғалу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қозғалыс белсенділігін арттыру.</p> <p><b>Бақылау:</b> Күн мен түннің ауысуын бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жолды қардан аршу.</p>	<p><b>Дербес әрекет:</b> Балалар өз киімдерін реттеп, ұқыптылық танытады.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Паровоз»</p> <p><b>Барысы:</b> Бір бағытта саппен жүру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бірлесіп әрекет етуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау:</b> Көліктердің қозғалысын бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Айналаны таза ұстау.</p>	<p><b>Дербес әрекет:</b> Балалар бір сызық бойымен ирелеңдеп жүреді.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Түлкі мен тырнарлар»</p> <p><b>Барысы:</b> Белгі бойынша қозғалу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бірігіп ойнауға үйрету.</p> <p><b>Бақылау:</b> Боранды күнді бақылау, қардың ұшуын байқау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жана түскен қарды аршу.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау. Суды үнемді пайдалану кезкңін ескеру. Суды ұзақ ағызып тұрмау, қолды жуып болған соң қранды өшіру. Қысқаша серуен бойынша сұрақ: "Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"</p>				

<p><b>Жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Сөйлеу дағдысы</b>  <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын және сөйлеу қабілетін дамыту  <b>Жұмыс түрі:</b> Сурет бойынша әңгіме құрату  <b>Құрал:</b> Сурет карточкасы (мысалы: балалар бақшасында ойнап жүрген көрініс)  <b>Тапсырма:</b>  Баламен бірге суретті қарап, "Не болып жатыр?", "Кім не істеп жатыр?" деген сұрақтар қойылады  Баладан 3-4 сөйлеммен әңгіме құрау сұралады  Сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі бағаланады</p>	<p><b>Қиялды дамыту</b>  <b>Мақсаты:</b> Қиял мен шығармашылық қабілетті дамыту  <b>Жұмыс түрі:</b> «Суретті аяқта» ойыны  <b>Құрал:</b> Жартылай салынған сурет (мысалы: тек бұлт, немесе тек аяқтар бейнеленген)  <b>Тапсырма:</b>  Баладан суретті толықтырып салуын сұрау  Суретке атау беріп, қысқаша не салғанын айтып беру  Қиялы мен түсінігі бағаланады</p>	<p><b>Логикалық ойлау</b>  <b>Мақсаты:</b> Баланың ойлау қабілетін, салыстыру мен талдау дағдысын дамыту  <b>Жұмыс түрі:</b>  Ұқсастықты табу  <b>Құрал:</b> Сурет немесе зат карточкалары (мысалы: алма, доп, банан, шеңбер)  <b>Тапсырма:</b>  «Қайсысы артық? Неге?» сұрағы қойылады  Баланың логикалық дәлелі тыңдалады  Ұқсас/айырмашылығын түсіндіруді сұрау</p>	<p><b>Есту арқылы қабылдау</b>  <b>Мақсаты: Естіп түсіну мен есте сақтауын дамыту</b>  <b>Жұмыс түрі:</b> «Кім не істеп жатыр?» ойыны  <b>Құрал:</b> Сөздік тапсырма (ауызша)  <b>Тапсырма:</b>  Мұғалім мынадай сөйлем айтады:  «Асан доп ойнап жүр. Айгүл кітап оқып отыр. Арман гүл суарып жатыр.»  Сұрақ қойылады:  «Кім кітап оқып отыр?», «Гүл суарып жатқан кім?»  Есту арқылы ақпаратты есте сақтау тексеріледі</p>	<p>Танымдық (логикалық ойлау)  <b>Мақсаты:</b> Қарапайым математикалық ұғымдарды меңгерту  <b>Жұмыс түрі:</b> Сан мен пішін ойындары  <b>Құрал:</b> Геометриялық пішіндер  <b>Тапсырма:</b>  — «Артық пішінді тап» ойыны: 4 заттың ішінен біреуі артық — неліктен екенін айту</p>
--------------------------	--	--	--	---	---

<p><b>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</b></p>	<p>«Су» тақырыбы бойынша тәжірибе жүргізу Тақырыбы: «Мөлдір су» Балалардың алдына біреуіне су, екіншісіне сүт құйылған екі стакан қойылады. Екі стаканға таяқшалар немесе қасықтар салу ұсынылады. Қай стакандағы заттар көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? Неліктен? Су құйылған стаканның ішінен таяқшаны көріп тұрмыз, ал сүт құйылған стаканнан ештеңе көрінбейді. Қорытынды: су мөлдір оның ішіндегі зат анық көрінеді, ал сүттің түсі ақ, сол себепті ішіндегі зат көрінбейді. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Тақырыбы: «Ертегі кітабын қарау» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін тану, сөйлеуді дамыту Барысы: «Бауырсақ» ертегісінің суреттерін көрсету Кейіпкерлерді атау Оқиға ретін анықтау Қорытынды: Балалар ертегінің мазмұнын түсініп, өз ойларын жеткізеді.</p>	<p>«Пазл құрастыр» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау Сабырлылық пен ұқыптылыққа үйрету Барысы: Балаларға пазл бөлшектері беріледі Суретті құрастырады Дайын суретті атайды, сипаттайды</p>	<p>«Сәйкестендір» Мақсаты: Заттарды топтастыруға үйрету Логикалық ойлауды дамыту Барысы: Үлестірмелі карточкалар таратылады Балалар ұқсас заттарды жұптайды Неге солай таңдағанын түсіндіреді</p>	<p>«Кім не жейді?» Мақсаты: Танымдық қабілетті дамыту Сөйлеу дағдысын жетілдіру Барысы: Жануарлар мен тағам суреттері беріледі Балалар жануарды өз тағамымен сәйкестендіреді Жауабын сөзбен айтады</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер: Отбасылық бірлікті үлгі етіңіз Балалар ата-ананың өзара сыйластығын, түсіністігін көріп өссе, олар да айналасына мейірімді, ашық болады. Бірлескен іс-әрекетке көңіл бөліңіз Үй шаруасын, демалысты, мерекелерді бірге ұйымдастыру — баланың жауапкершілігін арттырып, ынтымаққа</p>				

тәрбиелейді.

Баланы тыңдай біліңіз

Баланың пікірін ескеріп, ойын еркін айтуына мүмкіндік беру — өзара сенімді күшейтеді.

Келіспеушілікті мәдениетті шешуді үйретіңіз

Даулы жағдайда сабыр сақтап, келісімге келу жолдарын көрсету — бала үшін өмірлік сабақ.

Жақсы сөз — жан азығы

Үйде жылы сөздер мен қолдауды жиі қолдану баланың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.

Қорытынды:

Бірлік пен ынтымақ бар жерде — береке мен тыныштық бар. Отбасындағы осы құндылықтар баланың тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

Тексерді

## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Мектепалды 0 «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта 12 -16 қаңтар 2025-2026 оқу жылы

Қаңтар -Құндылық: Заң мен тәртіп. Апта дәйексөзі: «Тәртіп- тәрбиенің өзегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.01.26	Сейсенбі 13 01.26	Сәрсенбі 14.01.26	Бейсенбі 15.01.25	Жұма 16.01.26
Балаларды қабылдау	<p>Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысады.</p> <p>«Күй күмбірі»: «Шалқыма,»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру,</p> <p><b>🌸 10. “Көңіл-күй гүлі”</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Эмоция мен жақсы қарым-қатынасты білдіру.</p> <p><b>Көрнекілік:</b> Үлкен гүл макеті (қағаздан), ортасында “күлімдеген күн”.</p> <p><b>Барысы:</b></p> <p>Әр бала гүлге жақындап:</p> <p>– Менің көңіл-күйім тамаша, себебі мен достарымды көрдім! 🌷</p> <p>деп бір жапырақ жабыстырады. Гүл толған сайын бәрі қуанып, “күніміз ашылды!” дейді</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<p><b>Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер</b></p> <p><b>📌 17. “Жолда абай бол!”</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жол қауіпсіздігі ережесін меңгеру.</p> <p><b>Ата-аналарға ұсыныс</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Баламен бірге жүргенде жол ережесін үнемі айтып, түсіндіріп отырыңыз.</li><li>• Бағдаршам түстерінің мағынасын күнделікті қайталап, есте сақтауға көмектесіңіз.</li><li>• Көшеден өтер кезде баланың қолынан ұстап, қауіпсіздікті бірінші орынға қойыңыз.</li><li>• Жаяу жүргіншілер жолағымен ғана өтуді әдетке айналдырыңыз.</li><li>• Үйде жол белгілерін сурет, ойыншық немесе сурет арқылы таныстырыңыз.</li><li>• Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз, себебі бала ересектерді қайталайды.</li></ul>				

<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>«Құрастыр да, әңгімеле»</b>          Материал: Лего, кубик, түрлі пішіндер.          Тапсырма: Бала өзі қалаған затты (үй, көлік, жануар) құрастырады.</p>	<p><b>«Өз суретім»</b>          Материал: Қағаз, бояу, қарындаш.          Тапсырма: «Менің арманым», «Менің отбасым», «Табиғат» тақырыбында сурет салады.</p>	<p><b>«Жұмбақ іздеуші»</b>          Материал: Суреттер, бөлмеге жасырылған ұсақ ойыншықтар.          Тапсырма: «Қызыл ойыншықты тап», «Дөңгелек затты тап» деп бағыт беріледі.</p>	<p><b>«Менің көңіл-күйім»</b>          Материал: Әртүрлі көңіл-күйді бейнелейтін смайликтер.          Тапсырма: Бала өзінің көңіл-күйін таңдап, неге солай екенін әңгімелейді.</p>	<p><b>«Кімнің көлігі?»</b>          Материал: Машина, автобус, ұшақ, кеме ойыншықтары.          Тапсырма: Әр көліктің қайда жүретінін айту (жолда, әуеде, суда).</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>I. Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау.          II.1.Б.қ. н.т. 1 – қол алда, қол жоғары, 3–қол жанда 4–б.қ. 4-5рет          2.Б.қ. н.т. 1-4 екі қолды айналдыру алға, 5-8 артқа айналдыру.          3.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде 1-оң қолды сол аяққа тигізу.          2-б.қ. 3-сол қолды оң аяққа тигізу. 4 – б.қ. 4 – 5 рет          4.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде, қол белде, 1 – оңға бұрылу, оң қол жанда. 2 – б.қ. 3 – 4 сол қолмен. 4 – 5 рет          5.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде, қол белде. 1-оң жаққа бұрылу. 2- б.қ. 3 – сол жаққа бұрылу. 4 – б.қ. 5 – 6 рет.          6.Б.қ. Қол белде 1 – секіріп аяқты екі жанға созу. 2 – б.қ.          III.Саппен жүру тыныс алу жаттығулары. Гүл иіскеу</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</b></p>	<p><b>«Құпия заттар»</b>          Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып,</p>	<p><b>«Мамандық» дидактикалық ойын</b>          Мақсаты: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту.          Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды</p>	<p><b>“Қимылды қайтала”</b>  <b>Мақсаты:</b> Қимыл назарын шоғырландыру.  <b>Барысы:</b> Тәрбиеші қолын көтереді, шапалақтайды, иығын қозғайды. Балалар дәл солай қайталайды. Бір кезде “шатастыру” үшін басқа қимыл қосады. Балалар назарды жоғалтпай орындауы керек.</p>	<p><b>“Тыныштық тыңдайық”</b>  <b>Мақсаты:</b> Зейінді тыныштықта ұстау, ішкі жинақталуды қалыптастыру.  <b>Барысы:</b> Барлығы көзін жұмып, 20 секунд тынышталады. Тәрбиеші: «Не естіп тұрсындар?» — дейді. Балалар «сағат тықылы, жел дыбысы» деп айтады.</p>	<p><i>Тәжірибе: «Жылу қайда тұрады?»</i>          Мақсаты: жылу көздері (күннің көзі, батарея, қолдар, шамның жалыны және т.б.) туралы түсінікті бекіту; жылуға байланысты заттың агрегаттық күйінің өзгеруін көрсету. Материал: балалар санына жеткілікті ермексаз, майшам, металл тәрелке.          Әрекеттер: тәжірибе жүргізудің алдында ермексазды салқын жерге қою қажет. Балаларға ермексаздан бір зат</p>

	бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі. (Адалдық әліппесі)	сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата-аналары туралы айтады. (Қаржылық сауаттылық)			мүсіндеу ұсынылады, олар ермексаздан не мүсіндеуге болатынын айтады. Педагог оларға ермексазды жылытудың бірнеше нұсқасын (күннің көзінде, батареяда, қолға ұстау арқылы, майшам жалынының үстінде) жасап көруді ұсынады
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> <i>Ақсақ құлан</i>  <b>Міндеті:</b>  Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші балаларға «Ақсақ құлан» аңызының мазмұнын түсіндіреді, кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аудартады. Сұрақтар қою арқылы балаларды өз ойын толық, анық айтуға жетелейді. Сөздерді өзгертіп, дұрыс қолдануға үйретеді.  <b>Ойын 1: «Сөзді өзгертіп айт»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Сөздерді түрлендіру, сөйлеу мәдениетін дамыту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші бір сөз айтады (құлан, хан, бала). Балалар сол сөздегі кейіпкерлер жайлы өз</p>	<p><b>1. Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау  <b>Міндеті:</b>  Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші балаларға сөздің дыбыстардан тұратынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін түсіндіреді. Үлгі ретінде бірнеше сөзді алып, дыбыстық талдау жасайды.  <b>Ойын 1: «Дыбысты тап»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші бір дыбысты айтады. Балалар оның дауысты не дауыссыз екенін анықтап, қол көтереді. Дұрыс жауап берген бала мадақталады.</p>	<p><b>1. Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Заттармен әрекет  <b>Міндеті:</b>  Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды (ойыншық, текше, доп) көрсетіп, оларды санау, топтастыру және салыстыру жолдарын түсіндіреді. «Қай топта көп?», «Қай топта аз?» деген сұрақтар арқылы балалардың ойлауын дамытады.  <b>Ойын 1: «Санап көр»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Заттарды дұрыс санауға және санын анықтауға үйрету.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші әр балаға немесе үстелге бірнеше зат қояды. Балалар заттарды бір-бірлеп санап, санын айтады. Тәрбиеші дұрыс санауға назар аударады (әр затты бір рет санау).  <b>Ойын 2: «Қай топта көп?»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Заттар санын салыстыруды</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Күшік пен мысық  <b>Міндеті:</b>  Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші балаларға «Күшік пен мысық» туралы әңгіме немесе қысқа мәтін оқып береді. Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылай отырып, балаларды өз ойларын толық, дұрыс сөйлеммен айтуға бағыттайды. Сөздерді өзгертіп, сипаттап айтуға үйретеді.  <b>Ойын 1: «Қалай дыбыстайды?»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Сөздік қорды байыту, жануарлардың атауын және әрекетін дұрыс айтуға үйрету.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші күшік пен мысықтың суретін</p>	<p><b>1. Қоршаған әлеммен таныстыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> Кеңістікті бағдарлау  <b>Міндеті:</b>  Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші балаларға «алдында–артында», «оң жақта–сол жақта», «жақын–алыс» ұғымдарын түсіндіреді. Балабақша ішіндегі және ауладағы таныс орындарды еске түсіріп, кеңістікте дұрыс бағдарлауға үйретеді.  <b>Ойын 1: «Қайда орналасқан?»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Кеңістіктік бағыттарды дұрыс анықтауға үйрету.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші бөлмедегі заттарды атайды (үстел, орындық, есік). Балалар заттың орналасуын айтады: <i>үстелдің оң жағында,</i></p>

<p>ойларын айтып береді. Мысалы: <i>құлан – қандай, хан, бала қандай?</i> <b>Ойын 2: «Әңгімені жалғастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Ойлау қабілетін және байланыстырып сөйлеуді дамыту. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші әңгіменің бір бөлігін айтады, балалар кезекпен жалғастырады. Балалар толық сөйлеммен жауап беруге тырысады.</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> 10 көлемінде тура және кері санау <b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші 1-ден 10-ға дейінгі сандарды көрсетіп, тура және кері санауды қайталайды. Балалар хормен және жеке санайды. <b>Ойын 1: «Сандар тізбегі»</b> <b>Мақсаты:</b> Тура санауды бекіту. <b>Барысы:</b> Балалар бір-біріне допты лақтырып, 1-ден 10-ға дейін кезекпен санайды. <b>Ойын 2: «Кері санап көр»</b> <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>Ойын 2: «Сөзді бөл»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: <i>кун</i>). Балалар сөзді дыбыстап айтып, әр дыбысты ретімен атайды.</p> <p><b>2. Қоршаған әлеммен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Табиғаттағы маусымдық құбылыстар <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші жыл мезгілдері, ауа райының өзгеруі, өсімдіктер мен адамдар еңбегі туралы әңгімелейді. Балалар табиғаттағы өзгерістерді бақылап, қорытынды жасауға үйренеді. <b>Ойын 1: «Қай мезгіл?»</b> <b>Мақсаты:</b> Жыл мезгілдерін ажырата білу. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші табиғат құбылысын сипаттайды. Балалар қай мезгіл екенін атайды. <b>Ойын 2: «Не өзгереді?»</b> <b>Мақсаты:</b> Себеп-салдарлық байланысты түсіну.</p>	<p>үйрету. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші екі түрлі топтағы заттарды көрсетеді. Балалар санап, қай топта көп немесе аз екенін анықтайды. Балалар жауаптарын толық сөйлеммен айтады.</p> <p><b>2. Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетінін түсіндіреді. Бір сөзді мысалға алып, дыбыстық талдау жасап көрсетеді. <b>Ойын 1: «Дыбысты ажырат»</b> <b>Мақсаты:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші дыбысты айтады. Балалар егер дауысты болса – қол шапалақтайды, дауыссыз болса – қолын көтереді. Ойын бірнеше дыбыспен қайталанады. <b>Ойын 2: «Сөзді талда»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: <i>қоян</i>). Балалар сөзді буынға, дыбысқа бөліп, ретімен айтады. Тәрбиеші дұрыс айтылуын қадағалайды.</p>	<p>көрсетеді. Балалар олардың қалай дыбыстайтынын, не істейтінін айтады. Мысалы: <i>Күшік үреді, мысық мияулайды.</i> Балалар сөйлемді толық айтуға тырысады. <b>Ойын 2: «Сөйлем құрастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөздерді түрлендіру және байланыстырып сөйлеуді дамыту. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші сөздер береді (күшік, мысық, ойнады, жүгірді). Балалар осы сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырады. Дұрыс және анық айтқан балалар мадақталады.</p> <p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттармен әрекет <b>Міндеті:</b> Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды ұсынып, оларды санау, топтарға бөлу және салыстыру жолдарын түсіндіреді. «Көп–аз», «тең» ұғымдарын бекітеді. <b>Ойын 1: «Заттарды санайық»</b> <b>Мақсаты:</b> Заттарды дұрыс санау</p>	<p><i>алдында, артында.</i> Балалар өз денесіне қатысты бағыттарды қолданады. <b>Ойын 2: «Жолды тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Кеңістікте еркін қозғалуға дағдыландыру. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші бағыт береді: <i>алға екі қадам, оңға бұрыл.</i> Балалар нұсқауды орындап, белгіленген жерге жетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p><b>2. Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші дыбыстарды анық, дұрыс айтуға үйретіп, бір сөзге дыбыстық талдау жасап көрсетеді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату жолын түсіндіреді. <b>Ойын 1: «Дыбысты анықта»</b> <b>Мақсаты:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. <b>Барысы:</b> Тәрбиеші дыбысты айтады.</p>
--	--	---	---	---

<p>Кері санауды меңгерту.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші 10 санын айтады, балалар 10-нан 1-ге дейін кері санайды. Дұрыс санаған бала мадақталады.</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> Жетіген <b>Міндеті:</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші жетіген аспабы туралы әңгімелейді, оның дыбысы мен маңызын түсіндіреді. Балаларды өз пікірін айтуға ынталандырады.</p> <p><b>Ойын 1: «Мақалды тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Мақал-мәтелдерді есте сақтап, сөйлеуде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші мақалдың басын айтады, балалар жалғастырады. Мысалы: <i>Өнер алды – ...</i> (қызыл тіл).</p> <p><b>Ойын 2: «Көркем сөз айт»</b> <b>Мақсаты:</b> Көркем сөздер арқылы ойды жеткізу.</p> <p><b>Барысы:</b></p>	<p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші сұрақ қояды: – Көктемде не өзгереді? – Қыста адамдар қалай еңбек етеді? Балалар жауап береді.</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бірлік» өлеңі <b>Міндеті:</b> Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқып береді, интонациясына назар аударады. Балаларға өлеңнің мағынасын түсіндіреді.</p> <p><b>Ойын 1: «Кім әсерлі айтады?»</b> <b>Мақсаты:</b> Мәнерлеп оқу дағдысын дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар өлеңді кезекпен айтып шығады. Тәрбиеші дауыс ырғағына, сезіммен айтуына көңіл бөледі.</p> <p><b>Ойын 2: «Жалғастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Өлең жолдарын есте сақтау.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші өлеңнің бір жолын айтады, балалар жалғастырады.</p> <p><b>4. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бұл қай</p>	<p><b>3. Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Қоянның үйшігі <b>Міндеті:</b> Әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып береді, кейіпкерлердің мінезін түсіндіреді. Балаларға қоян, түлкі, басқа кейіпкерлердің қимылын көрсету ұсынылады.</p> <p><b>Ойын 1: «Кейіпкерді бейнеле»</b> <b>Мақсаты:</b> Шығармашылық қабілетті және қиялды дамыту.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар ертегі кейіпкерін таңдап, оның қимылын, дауысын салып көрсетеді. Қимылдар ән немесе музыкамен сүйемелденеді.</p> <p><b>Ойын 2: «Ертегіні сахналау»</b> <b>Мақсаты:</b> Көркем бейнені жасауға, өз ойын еркін жеткізуге үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар шағын топтарға бөлініп, ертегінің бір бөлігін сахналайды. Тәрбиеші бағыт-бағдар береді.</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b> <b>Тақырыбы:</b> Жаттығулар <b>Міндеті:</b> Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру,</p>	<p>дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Барысы:</b> Әр балаға бірнеше зат беріледі. Балалар заттарды бір-бірлеп санап, санын айтады. Тәрбиеші санау ретіне назар аударады.</p> <p><b>Ойын 2: «Қайсысы артық?»</b> <b>Мақсаты:</b> Топтарды салыстыруды үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші екі топ затты қояды. Балалар қай топта зат көп немесе аз екенін анықтайды. Жауаптарын толық сөйлеммен айтады.</p> <p><b>3. Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Қыс</i> <b>Міндеті:</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; қазақ тіліне тән <b>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ</b> дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші қыс мезгілі туралы әңгімелейді, қысқа гән сөздерді анық, дұрыс айтуға үйретеді. Артикуляциялық жаттығулар жасатады.</p> <p><b>Ойын 1: «Дұрыс айт»</b> <b>Мақсаты:</b> Қазақ тіліне тән</p>	<p>Балалар егер дауысты болса – алақанын шапалақтайды, дауыссыз болса – қолын көтереді.</p> <p><b>Ойын 2: «Сөзді бөлшекте»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.</p> <p><b>Барысы:</b> Тәрбиеші сөз айтады (<i>ата, үй, мал</i>). Балалар сөзді дыбыстап, әр дыбысты ретімен атайды. Дыбыстардың саны анықталады.</p> <p><b>3. Дене тәрбиесі</b> <b>Тақырыбы:</b> Шанамен сырғанау <b>Міндеті:</b> Шанамен сырғанау; бір-бірін шанамен сырғанату; төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p><b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b> Тәрбиеші шанамен сырғанау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді. Қалай отыру, қалай итеру және кезекпен сырғанау жолдарын көрсетеді.</p> <p><b>Ойын 1: «Кезекпен сырғанаймыз»</b> <b>Мақсаты:</b> Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып шанамен сырғанауды үйрету.</p> <p><b>Барысы:</b> Балалар бір-бірлеп төбешіктен шанамен</p>
---	--	---	--	---

	<p>Балалар жетіген, музыка, табиғат туралы әдемі сөздер айтып шығады.</p> <p><b>4. Дене тәрбиесі</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Жаттығулар  <b>Міндеті:</b>  Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.  Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру, жұбымен шеңбер бойымен жүру.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші жаттығуларды көрсетіп, балаларды музыка ырғағымен орындауға бағыттайды. Түзу және шеңбер бойымен жүруді үйретеді.  <b>Ойын 1: «Музыка ырғағымен жүр»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Қимылды музыкамен үйлестіру.  <b>Барысы:</b>  Музыкамен балалар түзу бағытта жүреді, музыка тоқтағанда тоқтайды.  <b>Ойын 2: «Жұбымен шеңберде»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Жұппен қозғалу дағдысын қалыптастыру.  <b>Барысы:</b>  Балалар жұптасып, музыка әуенімен шеңбер бойымен жүреді.</p>	<p>кезде болады?»  <b>Міндеті:</b>  Балаларды музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, шығармашылығын дамыту, белсенділікке, дербестікке баулу.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші музыкалық аспаптарды таныстырып, әуенді орындау тәсілін көрсетеді. Балалар музыка арқылы жыл мезгілдерін сезінеді.  <b>Ойын 1: «Әуенді таны»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Музыканы тыңдап, мазмұнын түсіну.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші әуен ойнайды. Балалар бұл қай мезгілді білдіретінін айтады.  <b>Ойын 2: «Орындап көр»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Музыкалық аспапта ойнау дағдысын дамыту.  <b>Барысы:</b>  Балалар жеке немесе топпен аспапта қарапайым әуенді орындайды.</p>	<p>жұбымен шеңбер бойымен жүру.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші жаттығуларды өзі көрсетіп, балаларды музыка ырғағымен орындауға үйретеді. Қозғалыстың дұрыс орындалуына назар аударады.  <b>Ойын 1: «Музыкамен қозғалу»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Қимыл мен музыканың үйлесімділігін дамыту.  <b>Барысы:</b>  Музыка қосылғанда балалар түзу бағытта адымдап жүреді. Музыка баяуласса – қозғалысты баяулатады, тоқтаса – тоқтайды.  <b>Ойын 2: «Жұптасып жүрейік»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Жұппен қозғалу және шеңбер бойымен жүру дағдысын қалыптастыру.  <b>Барысы:</b>  Балалар жұптасып, шеңбер бойымен музыка әуенімен жүреді. Тәрбиеші қозғалыс бағытын өзгертіп, балалардың зейінін арттырады.</p>	<p>дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші қысқа байланысты сөздерді айтады (<i>қар, қыста, аяз</i>). Балалар сөздерді қайталап, дыбыстарды анық айтуға тырысады.  <b>Ойын 2: «Сөзді жалғастыр»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Сөйлеу тынысын және дикцияны дамыту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады: <i>Қыста қар...</i>  Балалар сөйлемді жалғастырады.  Дұрыс тыныс алып, анық сөйлеу талап етіледі.</p> <p><b>4. Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Қыс келді»  <b>Міндеті:</b>  Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші «Қыс келді» әнін тыңдатып, әуенін, ырғағын түсіндіреді. Балаларды әнді таза, біркелкі дауыспен айтуға бағыттайды.  <b>Ойын 1: «Әуенді қайтала»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Музыкалық есту қабілетін дамыту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші әннің бір жолын айтады. Балалар дәл сол әуенмен қайталайды. Дауыс биіктігіне назар</p>	<p>сырғанады.  Тәрбиеші кезек сақтауды қадағалайды.  <b>Ойын 2: «Досынды жеткіз»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Бір-біріне көмектесуді және күшті үйлестіруді дамыту.  <b>Барысы:</b>  Балалар жұптасып, біреуі шанаға отырады, екіншісі итереді. Сосын рөлдері ауысады.</p> <p><b>4. Шығармашылық</b>  <b>Тақырыбы:</b> Сурет салу – «Төрт түлік»  <b>Міндеті:</b>  Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және орналасуына сүйене отырып түстер мен реңктерді беру, негізгі пішінді және бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.  <b>Тәрбиешінің түсіндіруі:</b>  Тәрбиеші төрт түлік малды (жылқы, сиыр, қой, түйе) таныстырып, олардың пішінін, дене бөліктерін көрсетеді. Түстерді таңдау еркіндігі беріледі.  <b>Ойын 1: «Қай түлік?»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Төрт түлік туралы білімді бекіту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші сипаттайды:</p>
--	--	---	--	---	--

				<p>аударылады.  <b>Ойын 2: «Қысқы ән»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Ән айтуға қызығушылықты арттыру.  <b>Барысы:</b>  Балалар шағын топпен немесе жеке-жеке әннің бір бөлігін орындайды.  Тәрбиеші қолдау көрсетіп, мадақтайды.</p>	<p><i>төрт аяқты, мүйізді, сүт береді.</i>  Балалар қай мал екенін айтады, кейін соны салады.  <b>Ойын 2: «Суретгі аяқта»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Қиял мен шығармашылықты дамыту.  <b>Барысы:</b>  Тәрбиеші малдың негізгі пішінін салып береді.  Балалар өз қалауы бойынша бөліктерін, түстерін толықтырып салады.  <b>Мүсіндеу</b>  – «Төрт түлік»  <b>Міндеті.</b> Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.  <b>Жапсыру</b>  – «Төрт түлік»  <b>Міндеті</b> Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану</p>
--	--	--	--	---	--

					<p><b>Құрастыру:</b> – «Төрт түлік»</p> <p><b>Міндеті:</b> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
Серуенге дайындық	<p><b>1. Ауа райын бақылау:</b> Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу.</p> <p><b>2. Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:</b> Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б.</p> <p><b>3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:</b> Қайда баратынын. Қандай ойындар ойнайтынын. Не істеуге болмайтынын түсіндіреді.</p> <p><b>4. Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері</b> Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды. Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды. Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.</p>				
Серуен	<p><b>№25 серуен картотекасы</b> <b>Дербес әрекет:</b> Балалар шаштарын реттеп, өз-өзіне қызмет етуге дағдыланады. <b>Қимылды ойын:</b> «Паровоз» <b>Барысы:</b> Балалар саппен жүріп, бір-бірінен қалмай қозғалады. <b>Мақсаты:</b> Ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. <b>Бақылау:</b></p>	<p><b>№26 серуен картотекасы</b> <b>Дербес әрекет:</b> Балалар өз беттерімен тақпақ айтып, бір-бірін тыңдайды. <b>Қимылды ойын:</b> «Қасқыр мен қоян» <b>Барысы:</b> Қояндар қашып, қасқыр ұстап алуға тырысады. <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдықпен сезімталдықты дамыту. <b>Бақылау:</b> Қыста күннің қысқарып, түннің ұзаратынын</p>	<p><b>№27 серуен картотекасы</b> <b>Дербес әрекет:</b> Балалар белгіленген нысанаға қар лақтырып ойнайды. <b>Қимылды ойын:</b> «Қасқыр мен қоян» <b>Барысы:</b> Белгі бойынша қозғалу. <b>Мақсаты:</b> Қозғалыс белсенділігін арттыру. <b>Бақылау:</b> Күн мен түннің ауысуын бақылау. <b>Еңбек:</b></p>	<p><b>№28 серуен картотекасы</b> <b>Дербес әрекет:</b> Балалар өз киімдерін реттеп, ұқыптылық танытады. <b>Қимылды ойын:</b> «Паровоз» <b>Барысы:</b> Бір бағытта саппен жүру. <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп әрекет етуге үйрету. <b>Бақылау:</b> Көліктердің қозғалысын бақылау.</p>	<p><b>№29 серуен картотекасы</b> <b>Дербес әрекет:</b> Балалар бір сызық бойымен ирелеңдеп жүреді. <b>Қимылды ойын:</b> «Түлкі мен тырнарлар» <b>Барысы:</b> Белгі бойынша қозғалу. <b>Мақсаты:</b> Бірігіп ойнауға үйрету. <b>Бақылау:</b> Боранды күнді бақылау, қардың ұшуын байқау. <b>Еңбек:</b> Жаңа түскен қарды</p>

	<p>Көліктерді бақылау. Түрлерін, түстерін ажырату. <b>Еңбек:</b> Айналаны таза ұстауға үйрету, қоқысты жинау</p>	<p>бақылау. <b>Еңбек:</b> Жүретін жолды қардан тазалау</p>	<p>Жолды қардан аршу.</p>	<p><b>Еңбек:</b> Айналаны таза ұстау.</p>	<p>аршу.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау. Суды үнемді пайдалану кезкнің ескеру. Суды ұзақ ағызып тұрмау, қолды жуып болған соң қранды өшіру. Қысқаша серуен бойынша сұрақ: <i>"Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"</i></p>				
<p><b>Жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Зейінін және есте сақтауын дамыту <b>Жұмыс түрі:</b> Жаңылтпаш жаттату <b>Қолданылған құрал:</b> Жаңылтпаш жазылған карточкалар <b>Бақылау:</b> Қысқа сөздерді дұрыс айтады, бірақ ұзақ сөйлемдерді шатастырып кетеді.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Математикалық түсініктерін қалыптастыру <b>Жұмыс түрі:</b> Санап айту, салыстыру <b>Қолданылған құрал:</b> Кубиктер, санау таяқшалары <b>Бақылау:</b> 10-ға дейін санайды, бірақ кері санауға қиналады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Ұсақ моторикасын дамыту <b>Жұмыс түрі:</b> Қағаз кино, жапсыру <b>Қолданылған құрал:</b> Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім <b>Бақылау:</b> Қағазды қия алады, бірақ ұқыпты жапсыруға қиналады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Әлеуметтік дағдыларын жетілдіру <b>Жұмыс түрі:</b> «Менің досым» тақырыбында әңгімелесу <b>Қолданылған құрал:</b> Балалардың суреттері, смайликтер <b>Бақылау:</b> Досының атын айта алады, бірақ сөйлем құрауда қысқа жауап береді.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Сөйлеу дағдысын дамыту <b>Жұмыс түрі:</b> Сурет бойынша әңгімелеу <b>Қолданылған құрал:</b> Сюжетті сурет <b>Бақылау:</b> Сөздік қоры жақсы, бірақ сөйлеммен айтуға қиналады.</p>
<p><b>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</b></p>	<p><b>Соқыр теке</b> <b>Мақсаты:</b> Зейінін, ептілігін, сезімталдығын дамыту. <b>Ойнау барысы:</b> Бір баланың көзі байланады. Ол «соқыр теке» болып, басқа балаларды ұстайды</p>	<p><b>Асық ойыны</b> (кәдімгі иіру немесе «алшы» ойнау) <b>Мақсаты:</b> Ұсақ моториканы, көз мөлшерін дамыту. <b>Ойнау барысы:</b> Балалар асық иіреді немесе «алшы» түсіруге тырысады.</p>	<p><b>Қуыр-қуыр, қуырмаш</b> <b>Мақсаты:</b> Саусақ моторикасын дамыту, тілдік қарым-қатынасқа үйрету. <b>Ойнау барысы:</b> Саусақпен ойнайтын ұлттық санамақ ойыны.</p>	<p><b>Тақия тастамақ</b> <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдық, қырағылық, ойнақы көңіл-күй қалыптастыру. <b>Ойнау барысы:</b> Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала сыртынан айналып жүріп, тақияны біреудің артына тастайды. Ол байқап қалса – қуып жетеді.</p>	<p><b>Бес тас</b> <b>Мақсаты:</b> Қол икемділігін, ептілікті дамыту. <b>Ойнау барысы:</b> Балалар тастарды кезекпен лақтырып, қайта қағып алу арқылы ойнайды</p>

Балалардың үйге қайтуы

Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер

◆ 17. “Жолда абай бол!”

Мақсаты: Жол қауіпсіздігі ережесін меңгеру.

Ата-аналарға ұсыныс

- Баламен бірге жүргенде жол ережесін үнемі айтып, түсіндіріп отырыңыз.
- Бағдаршам түстерінің мағынасын күнделікті қайталап, есте сақтауға көмектесіңіз.
- Көшеден өтер кезде баланың қолынан ұстап, қауіпсіздікті бірінші орынға қойыңыз.
- Жаяу жүргіншілер жолағымен ғана өтуді әдетке айналдырыңыз.
- Үйде жол белгілерін сурет, ойыншық немесе сурет арқылы таныстырыңыз.
- Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз, себебі бала ересектерді қайталайды.

